



Ғылыми  
журнал



Научный  
журнал

**Қ.Жұбанов атындағы  
Ақтөбе өңірлік мемлекеттік  
университетінің  
ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК  
Актюбинского  
регионального государственного  
университета имени К.Жубанова**

**2015**

**2**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің  
**ХАБАРШЫСЫ**  
ғылыми журналы

научный журнал  
**ВЕСТНИК**

Актюбинского регионального государственного университета им. К.Жубанова

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2014 жылдың 16 қаңтарында тіркелген, куәлік №14089-Ж  
Зарегистрирован в Министерстве культуры и информации РК 16 января, 2014 года, свидетельство №14089-Ж

**№ 2 (40)**  
20  
маусым  
2015

Жазылу индексі: 74646

Подписной индекс: 74646

Үш айда бір рет шығады

Выходит один раз в три месяца

**БАС РЕДАКТОР**  
**ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР**  
КЕНЖЕБАЕВ К.К.  
**БАС РЕДАКТОРДЫҢ**  
**ОРЫНБАСАРЫ**  
**ЗАМ.ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА**  
КУСАНОВА Б.Х.  
**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ**  
**РЕДКОЛЛЕГИЯ**  
АБДУЛЛАЕВ Н.А.  
АЙТАЛЫ А.А.  
АЙПЕЙСОВА С.А.  
БОТАГАРИЕВ Т.А.  
ЕСЕНЖАНОВ С.З.  
ИСМЕТ БИНЕР (Турция)  
КОРЧЕНКО А.В. (Украина)  
КУРМАНОВА Б.Ж.  
КУСАИНОВ Х.Х.  
МУСАЕВ А.М.  
НАЙДЖЕЛ ФОРМАН  
(Великобритания)  
ПОПИВАНОВ НЕДЮ (Болгария)  
САРТАБАНОВ Ж.А.  
РОМАНЧЕНКО В.Я. (Россия)  
ТУРАЖ АТАБАКИ (Голландия)  
ТУРЕБАЕВА К.Ж.  
ТЯПУХИН А.П. (Россия)

**ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР**  
**ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР**  
КАРАША Г.Д.

**МЕНШІК ИЕСІ СОБСТВЕННИК**  
РГП на ПХВ «Актюбинский  
региональный государственный  
университет им. К.Жубанова» МОН  
РК

**МАЗМҰНЫ**

**СОДЕРЖАНИЕ**

**List of Content**

<b>физика-математика ғылымдары</b>	<b>физико-математические науки</b>
<b>Сартабанов Ж.А., Алхаубай Р.Е.</b> Сызықты векторлық өрісті операторлы сызықты тендеудің жалпы және периодты шешімдері.....	
<b>Сартабанов Ж.А., Дайынова А.О.</b> Толық дифференциалдық векторлық өрісті операторлы сызықты тендеудің көппериодты шешімі.....	3
<b>Сартабанов Ж.А., Бірмағанбетова А.Е., Измагамбетова Г.К., Қыстаубаева М.Қ.</b> Әртүрлі векторлық өрісті бірінші ретті дербес туындылы сызықты операторлы біртекті тендеулерді зерттеу әдістемесі.....	12
<b>Тамұова Г.С., Глеубергенова М.А., Хан Д.И.</b> О дополнительных построениях при решении геометрических задач.....	22
<b>Абдибекова С.К., Каналина Қ.</b> Компьютерлік оқыту жүйесі - арнаулы оқытудағы тиімді құралы ретінде.....	28
<b>жаратылыстану ғылымдары</b>	<b>естественные науки</b>
<b>Фартушина М.М., Қожабергенова А.Б.</b> Морфологические признаки и химическая характеристика почвы северо-западной промышленной части города Актөбе.....	33
<b>Тургенева О.М., Бакажанова А.К.</b> Кеңінен қолданылатын пластмассалардың сипаттамасы.....	37
<b>Дарбаева Т.Е., Каирова А.Т.</b> Мұғалжар тауының оңтүстік аймағының флорасы.....	41
<b>Нұрмұханова Г.Н., Сағинаева Г.Ж.</b> Мұнай өндіру кәсіпорындарының халық денсаулығына және қоршаған ортаға ықпалы.....	48
<b>техника ғылымдары</b>	<b>технические науки</b>
<b>Қуанышев М.Қ., Тілегенова Н.К., Қонарова А.Б., Дүйсембай Б.Т.</b> Система обратного водоснабжения при мойке автотранспорта.....	54
<b>Абдурахманов А., Ахадов Ж.З., Кучкаров А.А., Холов Ш.Р., Собиров Ю.Б., Маматкосимов М.А.</b> Гелиоустановка для освещения подземных помещений.....	60
<b>филология ғылымдары</b>	<b>филологические науки</b>
<b>Бекнияз Ж.А.</b> Қазақ тілін оқытуда ақпараттық технологияларды қолданудың тиімділігі.....	66
<b>Караруллина Т.Т.</b> Using simulations to enhance oral competence.....	66
<b>Мухтаруллина А.Р., Хасанова Г.М.</b> Английский юмор в текстах анекдотов : лингвокультурологический аспект описания.....	71
<b>тарих, философия және әлеуметтану</b>	<b>история, философия и социология</b>
<b>Қожакметова Г. К.</b> Роль и значение транспортных коммуникаций в формировании регионального торгового рынка Западного Казахстана и Южного Урала в XIX веке.....	75
<b>Ғанибаева Ж.А.</b> Қазақстандағы шаруа бастықтары институтының қалыптасуы мен қызметінің тарихнамасы....	78

87

92

<b>Демеуова Н.Қ.</b> Батыс Қазақстандағы жәрменкелердің әлеуметтік-демографиялық және мәдениетке тигізген әсері. ( XIX ғ. II жартысы – XX ғ. басы).....	99
<b>Есетов Н.Е.</b> Промыслы как предпринимательская деятельность казахов в конце 19-начале 20 веков.....	106
<b>Куписов М.Б., Жұлдызбекова Н.А.</b> Массовые политические репрессии - печальные страницы истории.....	111
<b>Абдуллаев Н.А.</b> К истории депортации народов в Казахстан в годы Великой Отечественной войны.....	119
<b>Stefan Anchev</b> Demonization of the Balkans is an established tradition in the policy of the West.....	125
<b>экономика және құқық экономика и право.</b>	
<b>Айнабек К.С.</b> Объективные и субъективные факторы развития Евразийского экономического союза.....	135
<b>Исибаева Е.И., Ізтұрғанова Ү.Т.</b> Азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет туралы теориялар.....	141
<b>Берекетова Ж.К., Сапақов Д.Б.</b> Қылмыстық ізге түсу жүйесін жүзеге асыратын мемлекеттік органдағы тергеушінің негізгі қызметі.....	150
<b>Исибаева Е.И., Мылтықбай Ш.М.</b> Қазақстанда қоғамдық және құқықтық сананы жақсарту бағыттары.....	154
<b>педагогика және психология педагогика и психология</b>	
<b>Наренова А.Б., Ерекешова А.М.</b> Дидактикалық ойын арқылы балалардың тілін дамыту.....	164
<b>Елеусинова Г.Е.</b> Әлеуметтендіру тетіктері - педагогикалық ойды дамытудың негіздері ретінде.....	171
<b>Қаңтарбай С.Е.</b> Ашық сабақ мәселелері.....	183
<b>Сарқұлова Ж. Ж.</b> Ақпараттық коммуникативтік технологияны білім кеңістігінде пайдаланудың тиімділігі мен ерекшеліктері.....	185
<b>Жукенова Г.Б., Суйналина Г. Ж.</b> Психолого-педагогические условия формирования речевой культуры учащихся .....	190
<b>Кусаметова Г.К., Суйналина Г.Ж.</b> Влияние семьи на успешность младших школьников .....	200
<b>өнер, мәдениет және спорт искусство, культура и спорт</b>	
<b>Скалий А., Скалий Т.</b> Практический опыт организации занятий по физическому воспитанию студентов университета экономики в Быдгоще.....	206
<b>Кубнева С.С.</b> Особенности методики использования кругового метода тренировки в профессионально-прикладной физической подготовке студентов.....	211
<b>Моменов Б.М., Хасенова Х.А.</b> Анализ методов компьютерного моделирования растительных форм в ландшафтной архитектуре.....	217
Авторлар туралы мәліметтер Сведения об авторах .....	224
«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің Хабаршысы» ғылыми журналына мақала беру тәртібі.....	229
Порядок приема статей в научный журнал «Вестник Актыюбинского регионального государственного университета имени К.Жубанова».....	230

**ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА ҒЫЛЫМДАРЫ**  
**ФИЗИКО-МАТЕМАТИЧЕСКИЕ НАУКИ**  
**Physical and Mathematical Sciences**

ӘОЖ 35В10

**Сызықты векторлық өрісті операторлы сызықты тендеудің жалпы және периодты шешімдері**

**Ж.А.Сартабанов, Р.Е.Алхаубай**

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті*  
*Ақтөбе қаласы, Қазақстан*

*В статье предложен метод установления существования и построения общего и периодического решения линейного уравнения с оператором линейного векторного поля и периодическими коэффициентами. Главная особенность заключается во влиянии свойств, характеристик в исследовании периодических решений. Метод исследования примыкает к методам работ [1–5].*

*In this paper, we propose a method of establishing the existence and the construction of the ordinary and periodic solutions of linear equations with the operator of the linear vector field with periodic coefficients. The main feature is the influence of the properties of the characteristics in the study of periodic solutions. The method of research is adjacent to the working methods of [1–5].*

Ключевые слова: *линейное векторное поле, характеристика, многопериодическое.*  
Key words: *linear vector field, characteristics, multiperiodic.*

**1. Сызықты векторлық өрісті  $D$  операторының интегралдары және олардың қасиеттері**

Сызықты векторлық өрісті үш айнымалы  $D$  операторын

$$D = \frac{\partial}{\partial x} + [\lambda_1 y_1 + q_1(x)] \frac{\partial}{\partial y_1} + [\lambda_2 y_2 + q_2(x)] \frac{\partial}{\partial y_2} \quad (1.1)$$

өрнегімен анықталған болсын.

Мұндағы  $\lambda_1$  және  $\lambda_2$  теріс таңбалы тұрақтылар болсын, демек

$$\lambda_1 = \text{const} < 0, \quad \lambda_2 = \text{const} < 0$$

(1.2)

шарттары орындалса, ал  $q_1(x)$  және  $q_2(x)$  функциялары үзіліссіз  $\theta$  периодты болсын, яғни

$$q_1(x + \theta) = q_1(x) \in C(R), \quad q_2(x + \theta) = q_2(x) \in C(R),$$

(1.3)

шарттарына бағынсын дейміз.

$D$  операторының векторлық өрісі

$$\begin{cases} \frac{dy_1}{dx} = \lambda_1 y_1 + q_1(x) \\ \frac{dy_2}{dx} = \lambda_2 y_2 + q_2(x) \end{cases}$$

(1.4)

(1.5)

сызықты теңдеулер жүйесімен анықталады. Ендеше (1.4) және (1.5) теңдеулерін интегралдап,

$$y_1 = y_1^0 e^{\lambda_1(x-x_0)} + \int_{-\infty}^x e^{\lambda_1(x-\xi)} q_1(\xi) d\xi = y_1^0 e^{\lambda_1(x-x_0)} + \varphi_1(x) = h_1(x, x_0, y_1^0),$$

(1.6)

$$y_2 = y_2^0 e^{\lambda_2(x-x_0)} + \int_{-\infty}^x e^{\lambda_2(x-\xi)} q_2(\xi) d\xi = y_2^0 e^{\lambda_2(x-x_0)} + \varphi_2(x) = h_2(x, x_0, y_2^0)$$

(1.7)

түрінде өріс теңдеулерінің шешімдерін анықтаймыз.

Мұндағы  $\varphi_1(x)$  және  $\varphi_2(x)$  функциялары

$$\varphi_1(x) = \int_{-\infty}^x e^{\lambda_1(x-\xi)} q_1(\xi) d\xi, \quad \varphi_1(x+\theta) = \varphi_1(x), \quad (1.8)$$

$$\varphi_2(x) = \int_{-\infty}^x e^{\lambda_2(x-\xi)} q_2(\xi) d\xi, \quad \varphi_2(x+\theta) = \varphi_2(x), \quad (1.9)$$

өрнектерімен анықталған  $\theta$ -периодты функциялар.

Осы (1.6) және (1.7) теңдіктерінен

$$y_1^0 = h_1(x_0, x, y_1), \quad (1.10)$$

$$y_2^0 = h_2(x_0, x, y_2), \quad (1.11)$$

алғашқы (базалық) интегралдарын аламыз.

Егер (1.8) және (1.9) өрнектерін ескерсек, онда

$$h_1(x_0 + \theta, x + \theta, y_1) = h_1(x_0, x, y_1), \quad (1.12)$$

$$h_2(x_0 + \theta, x + \theta, y_2) = h_2(x_0, x, y_2), \quad (1.13)$$

теңдіктері орындалатынына көз жеткізуге болады.

Сондай-ақ,

$$h_1(s, x_0, h_1(x_0, x, y_1)) = h_1(s, x, y_1), \quad (1.14)$$

$$h_2(s, x_0, h_2(x_0, x, y_2)) = h_2(s, x, y_2), \quad (1.15)$$

теңдіктері орындалатынын тексеріп көруге болады.

Сонымен мынадай теорема дәлелденді.

**1 теорема.** Егер (1.2) және (1.3) шарттары орындалса, онда (1.6) және (1.7) өрнектері D операторының өрісін анықтайды, сонымен қатар, (1.10) және (1.11) арқылы өрістің базалық интегралдары анықталып, олар (1.12)-(1.15) қасиеттерге бағынады және кез келген дифференциалданатын  $H(z_1, z_2)$  функциясы арқылы

$$H(h_1(x_0, x, y_1), h_2(x_0, x, y_1)) \quad (1.16)$$

өрістің жалпы интегралы беріледі.

## 2. Сызықты векторлық өрісті операторлы теңдеулер және олардың периодты шешімдері

### 2.1. Қарапайым

$$Dz = 0 \quad (2.1)$$

теңдеуін алайық.

Дербес туындылы теңдеулер теориясынан  $D$  операторының өрісінің интегралы осы (2.1) теңдеуінің шешімі болатыны белгілі. Ендеше, (2.1) теңдеуінің жалпы шешімі 1 теоремадағы (1.16) функциясы болып табылады, яғни

$$z = H(h_1(x_0, x, y_1), h_2(x_0, x, y_2)) \quad (2.2)$$

Егер (2.1) теңдеуі үшін дифференциалданатын  $u(y_1, y_2)$  функциясы арқылы

$$z|_{x=x_0} = u(y_1, y_2) \in C_{y_1, y_2}^{(1,1)}(R \times R) \quad (2.1_0)$$

бастапқы шарты берілсе, онда (2.2) жалпы шешімдегі кез келген  $H$  функциясы ретінде осы

(2.1<sub>0</sub>) шартымен берілген  $u(y_1, y_2)$  функциясын алсақ болғаны:

$$z = u(h_1(x_0, x, y_1), h_2(x_0, x, y_2)) \quad (2.3)$$

Сонымен, (2.3) функциясы (2.1)- (2.1<sub>0</sub>) Коши есебінің шешімі болып табылады.

Жоғарыдағы (1.6) және (1.7) формулалардан  $h_1(x_0, x, y_1)$  және  $h_2(x_0, x, y_2)$  функциялары

$x$  бойынша көрсеткіштік функциялар болғандықтан,  $u(y_1, y_2)$  функциясы  $y_1$  және  $y_2$  айнымалыларынан айқын тәуелді болса, (2.3) шешімі периодты функция бола алмайды. Қарсы жағдайда, яғни  $u = c = const$  болса ғана (2.3) өрнегі (2.1) теңдеуінің периодты шешімін береді.

Демек, келесі теоремаға келдік.

**2 теорема.** Егер (1.2), (1.3) шарттары орындалса, (2.1) теңдеуінің (2.1<sub>0</sub>) шартын қанағаттандыратын шешімі (2.3) өрнегімен беріледі және оның периодты шешімдері

$$u = c = const \quad (2.4)$$

формуласымен анықталады.

2.2 Бос мүшесі  $q(x, y_1, y_2)$  функциясымен берілген

$$Dz = q(x, y_1, y_2) \quad (3.1)$$

теңдеуін қарастырайық. Мұндағы  $q(x, y_1, y_2)$  функциясы  $x$  бойынша үзіліссіз және  $\theta$ -периодты,  $y_1, y_2$  бойынша үзіліссіз дифференциалданатын функция болсын:

$$q(x + \theta, y_1, y_2) = q(x, y_1, y_2) \in C_{x, y_1, y_2}^{(0,1,1)} R \times R \times R, \quad (3.2)$$

Бұл (3.1) теңдеуінің сипаттауыш теңдеулері

$$\frac{dy_1}{dx} = \lambda_1 y_1 + q_1(x), \quad \frac{dy_2}{dx} = \lambda_2 y_2 + q_2(x), \quad (3.3)$$

$$\frac{dz}{dx} = q(x, y_1, y_2), \quad (3.4)$$

$$z|_{x=x_0} = u(y_1, y_2) \quad (3.4_0)$$

теңдеулері болғандықтан, (3.4) теңдеуін (1.6) және (1.7) формулаларымен берілген (3.3) жүйесінің шешімінің бойында қарастырып,

$$\frac{dz}{dx} = q(x, h_1(x, x_0, y_1^0), h_2(x, x_0, y_2^0)), \quad (3.5)$$

$$z|_{x=x_0} = u(y_1^0, y_2^0) \quad (3.5)$$

теңдеуін аламыз. Ендеше, (3.5)-(3.5) есебін интегралдау арқылы

$$z(x, h_1(x, x_0, y_1^0), h_2(x, x_0, y_2^0)) = u(y_1^0, y_2^0) + \int_{x_0}^x q(s, h_1(s, x_0, y_1^0), h_2(s, x_0, y_2^0)) ds$$

(3.6)

шешіміне келеміз. Егер  $y_1^0, y_2^0$  мәндерін (1.10)-(1.11) мәндерімен ауыстырсақ, онда (1.14)-(1.15) формулаларын ескеріп, (3.6) теңдігін

$$z(x, y_1, y_2) = u(h_1(x_0, x, y_1), h_2(x_0, x, y_2)) + \int_{x_0}^x q(s, h_1(xs, x, y_1), h_2(s, x, y_2)) ds$$

(3.7)

түрінде, (3.1) теңдеуінің (3.4) шартын қанағаттандыратын шешімін аламыз.

**3 теорема.** Егер (1.2), (1.3) және (3.2) шарттары орындалса, онда (3.1) теңдеуінің (3.4) бастапқы шартымен анықталған шешімі (3.7) формуласымен анықталады. Бұл (3.1)

теңдеуінің  $\theta$ -периодты шешімдері  $q(x, y_1, y_2)$ -бос мүшесі тек қана  $x$ -тен тәуелді болып, яғни  $q = q(x)$  және орта мән  $\mu$ :

$$\mu = \frac{1}{\theta} \int_0^\theta q(x) dx = 0 \quad (3.8)$$

шартын қанағаттандырса ғана бар болады және олар шектеусіз көп болады.

Егер (3.7) шешімге  $y_1, y_2$  айқын кірсе, онда ол периодты бола алмайтыны жоғарыда айтылды. Қарсы жағдайда периодты функцияның интегралы

$$\int_{x_0}^x q(s) ds = \mu \cdot (x - x_0) + \eta(x), \quad \eta(x + \theta) = \eta(x) \quad (3.9)$$

өрнегімен анықталады. Демек, (3.9) өрнегі периодты болуы үшін (3.8) шартын талап етудің қажеттігі шығады. Мұндай шешімдердің шектеусіз көптігі (2.4) өрнегімен және (3.7) шешімінің құрылысымен анықталады. Осымен 3 теорема толық дәлелденді.

### 2.3 Біртектес сызықты

$$Dz = p(x, y_1, y_2)z \quad (4.1)$$

теңдеуін қарастырайық. Мұндағы  $p(x, y_1, y_2)$  функциясы

$$p(x + \theta, y_1, y_2) = p(x, y_1, y_2) \in C_{x, y_1, y_2}^{(0,1,1)}(R \times R \times R) \quad (4.2)$$

шартын қанағаттандырсын.

Бұл (4.1) теңдеуі жағдайында, (3.3) өрістік теңдеумен қатар,

$$\frac{dz}{dx} = p(x, h_1(x, x_0, y_1^0), h_2(x, x_0, y_2^0))z, \quad (4.3)$$

$$z|_{x=x_0} = u(y_1^0, y_2^0) \quad (4.3_0)$$

есебін қарастыруға тура келеді. Жоғарыдағы келтірілген әдіспен (4.3)-(4.3<sub>0</sub>) есебінің шешімін

$$z(x, h_1(x, x_0, y_1^0), h_2(x, x_0, y_2^0)) = u(y_1^0, y_2^0) \cdot \exp \left[ \int_{x_0}^x p(s, h_1(s, x_0, y_1^0), h_2(s, x_0, y_2^0)) ds \right]$$

(4.4)

түрінде аламыз. Осыдан өрістің топтық қасиеті бойынша

$$z(x, y_1, y_2) = u(h_1(x, x_0, y_1), h_2(x, x_0, y_2)) \cdot \exp \left[ \int_{x_0}^x p(s, h_1(s, x, y_1), h_2(s, x, y_2)) ds \right]$$

(4.5)

шешімін қортып шығарамыз.

Егер  $p = p(x, y_1, y_2)$  функциясы тек қана  $x$ -тен тәуелді болса, яғни  $p = p(x)$  болса, онда

$$\int_{x_0}^x p(x) dx = \mu(x - x_0) + \sigma(x), \quad \sigma(x + \theta) = \sigma(x), \quad (4.6)$$

$$\mu = \frac{1}{\theta} \int_0^\theta p(x) dx$$

өрнегінен (4.5) шешімі  $\theta$ -периодты болу үшін орта мән  $\mu = 0$  болып,  $u = c = const$  шартын қанағаттандыруы керек. Бұл жағдайда (4.5) шешімі

$$z(x) = c \cdot e^{\sigma(x)} \quad (4.7)$$

өрнегімен анықталып,  $z(x + \theta) = z(x)$  шартын кез келген  $C$  тұрақтысымен берілетінін көреміз. Егер  $\mu \neq 0$  болса, онда (4.7) шешімі  $C = 0$  болған жағдайда ғана периодты шешімді береді.

Ендеше, төмендегідей теорема дәлелденді.

**4 теорема.** Егер (1.2), (1.3) және (4.2) шарттары қанағаттандырылса, онда (4.1)

теңдеуінің дифференциалданатын  $u(y_1, y_2)$  бастапқы функциясымен анықталған шешімі (4.5) өрнегімен беріледі де, ал (4.2) функциясы тек қана  $x$ -тен тәуелді болып, оның орта мәні 0-ге тең болса, онда (4.1) теңдеуінің  $x$  бойынша сансыз көп  $\theta$ -периодты шешімі болады және олар (4.7) өрнегімен анықталады. Ал егер де  $\mu \neq 0$  болса, онда (4.1) теңдеуінің нөлден өзгеше периодты шешімі болмайды.

2.4 Жұмыстың соңында

$$Dz = p(x, y_1, y_2)z + q(x, y_1, y_2) \quad (5.1)$$

теңдеуін

$$p(x + \theta, y_1, y_2) = p(x, y_1, y_2) \in C_{x, y_1, y_2}^{(0,1,1)}(R \times R \times R) \quad (5.2)$$

$$q(x + \theta, y_1, y_2) = q(x, y_1, y_2) \in C_{x, y_1, y_2}^{(0,1,1)}(R \times R \times R) \quad (5.3)$$

берілген функцияларымен қарастырайық.

Өрістің интегралы бойында бастапқы

$$z|_{x=x_0} = u(y_1, y_2) \in C_{y_1, y_2}^{(0,1)}(R \times R) \quad (5.1_0)$$



шартымен (5.1)- (5.1<sub>0</sub>) есебін

$$\frac{dz}{dx} = p(x, h_1(x, x_0, y_1^0), h_2(x, x_0, y_2^0))z + q(x, h_1(x, x_0, y_1^0), h_2(x, x_0, y_2^0)) \quad (5.4)$$

$$z|_{x=x_0} = u(y_1^0, y_2^0) \quad (5.4_0)$$

түрінде қарастырып, (5.4)- (5.4<sub>0</sub>) есебінің шешімін

$$\begin{aligned} z(x, h_1(x, x_0, y_1^0), h_2(x, x_0, y_2^0)) &= u(y_1^0, y_2^0) e^{\int_{x_0}^x p(s, h_1(s, x_0, y_1^0), h_2(s, x_0, y_2^0)) ds} + \\ &+ \int_{x_0}^x e^{\int_{x_0}^s p(s, h_1(s, x_0, y_1^0), h_2(s, x_0, y_2^0)) ds} q(\sigma, h_1(\sigma, x_0, y_1^0), h_2(\sigma, x_0, y_2^0)) d\sigma \end{aligned} \quad (5.5)$$

өрнегімен сипаттаймыз. Одан әрі (1.14) және (1.15) топтық қасиеттер бойынша (5.5) өрнегін

$$\begin{aligned} z(x, y_1, y_2) &= u(h_1(x, x_0, y_1), h_2(x, x_0, y_2)) e^{\int_{x_0}^x p(s, h_1(s, x_0, y_1), h_2(s, x_0, y_2)) ds} + \\ &+ \int_{x_0}^x e^{\int_{x_0}^s p(s, h_1(s, x_0, y_1), h_2(s, x_0, y_2)) ds} q(\sigma, h_1(\sigma, x_0, y_1), h_2(\sigma, x_0, y_2)) d\sigma \end{aligned} \quad (5.6)$$

түрінде, (5.1)-(5.1<sub>0</sub>) есебінің шешімін аламыз.

**5 теорема.** Егер (1.2), (1.3), (5.2) және (5.3) шарттары қанағаттандырылса, онда (5.1)-(5.1<sub>0</sub>) есебінің шешімі (5.6) өрнегімен таңбалаңады.

Енді (5.1) теңдеуінің  $x$  бойынша  $\theta$ -периодты шешімін зерттейік. Ол үшін  $P(x, y_1, y_2)$  функциясы тек қана  $x$ -тен тәуелді  $P(x)$  функциясы түрінде дейік және (4.6) өрнегіндегі орта мәні

$$\mu = \frac{1}{\theta} \int_0^\theta p(s) ds \neq 0 \quad (5.7)$$

шартын қанағаттандырсын. Демек 4 теорема бойынша (4.1) біртектес теңдеуінің тек нөлдік периодты шешімі болады.

Осы жағдайда  $\mu < 0$  болса,

$$z^*(x, y_1, y_2) = \int_{-\infty}^x e^{\int_{x_0}^s p(s, h_1(s, x_0, y_1), h_2(s, x_0, y_2)) ds} q(\sigma, h_1(\sigma, x_0, y_1), h_2(\sigma, x_0, y_2)) d\sigma \quad (5.8)$$

өрнегі  $\theta$ -периодты шешім екенін көреміз. Ал егер  $\mu > 0$  болса, онда (5.8) өрнегіндегі интегралдың төменгі шекарасы ретінде  $+\infty$  мәнін алу керек. Екі периодты шешімнің айырмасы (4.1) теңдеуінің периодты шешімі болады. Бұл

жағдайда оның жалғыз нөлдік периодты шешімі бар. Ендешет (5.1) теңдеуінің шешімі жалғыз болады. Сонымен мынадай теоремаға келдік.

**6 теорема.** Егер 5 теореманың шарттарына қосымша (4.6) және (5.7) шарттары орындалса, онда (5.1) теңдеуінің жалғыз ғана  $\theta$ -периодты шешімі болады және ол  $\mu < 0$  болса (5.8) өрнегімен беріледі, ал  $\mu > 0$  болса бұл өрнектегі интегралдың төмендегі шекарасын  $+\infty$  мәнімен ауыстырылады.

Сондай-ақ, бұл нәтижелерді

$$D = \frac{\partial}{\partial \tau} + a \frac{\partial}{\partial t} + [a_{11}y_1 + a_{12}y_2 + q_1(\tau, t)] \frac{\partial}{\partial y_1} + [a_{21}y_1 + a_{22}y_2 + q_2(\tau, t)] \frac{\partial}{\partial y_2}$$

түріндегі операторлы теңдеулер үшін де жалпылауға болатынын байқау қиын емес. Бұл жерде  $a, a_{11}, a_{12}, a_{21}, a_{22}$  тұрақтылар.

Сөз соңында  $D$  операторы (1.6)-(1.7) сипаттауыштары бойында  $x$  бойынша толық

туынды  $\frac{d}{dx}$  операторына айналатынын еске аламыз.

Егер (1.6)-(1.7) өрнектерінде  $y_1^0 = 0, y_2^0 = 0$  десек, онда  $y_1^* = \varphi_1(x), y_2^* = \varphi_2(x)$  периодты сипаттауышын алар едік. Бұл  $\theta$ -периодтылық қасиеті бар жалғыз сипаттауыш. Ендеше, (5.1) теңдеуі осы сипаттауыш бойында

$$\frac{d}{dx} z(x, y_1^*(x), y_2^*(x)) = p(x, y_1^*(x), y_2^*(x))z(x, y_1^*(x), y_2^*(x)) + q(x, y_1^*(x), y_2^*(x))$$

тепе -теңдігін алар едік. Әрі  $\mu < 0$  деп есептесек, 6 теорема жағдайында (5.8) өрнегімен анықталған шешім осы сипаттауыш бойында

$$z(x, y_1^*(x), y_2^*(x)) = z^*(x, y_1^*(x), y_2^*(x))$$

түріндегі  $\theta$ -периодты шешімді берер еді. Басқаша айтсақ,  $\tilde{z}$  белгісізімен берілген

$$\frac{d\tilde{z}}{dx} = p(x, y_1^*(x), y_2^*(x))\tilde{z} + q(x, y_1^*(x), y_2^*(x)) \quad (5.9)$$

периодты теңдеуінің  $\theta$ -периодты шешімі

$$\tilde{z} = z^*(x, y_1^*(x), y_2^*(x)) \quad (5.10)$$

өрнегімен анықталар еді және ол да жалғыз болады.

Сонымен 6 теореманың төмендегідей салдарын алдық.

**Салдар.** Егер 6 теореманың шарттары орындалса, онда (5.9) кәдімгі жай дифференциалдық теңдеуінің жалғыз ғана  $\theta$ -периодты шешімі табылады және ол (5.10) өрнегімен беріледі.

#### Әдебиеттер

1. Матвеев Н.М., Методы интегрирования обыкновенных дифференциальных уравнений. М.: Высшая школа, 1963.-548с.

- 2.Сартабанов Ж.А., Дюсмағамбетова Г.Ш., Толық дифференциалдық және оған келтірілетін теңдеулердің көппериодты интегралдары. АӨМУ Хабаршысы, 2014, №3.- Б.10-14.
- 3.Умбетжанов Д.У., Почти многопериодические решения дифференциальных уравнений в частных производных. Алма-Ата: Наука, 1979.-С.211.
- 4.Сартабанов Ж.А., Периодты функциялар және кейбір қарапайым дифференциалдық теңдеулердің периодты шешімдері. Алматы: РБК,2001.-108 б.
- 5.Кульжумиева А.А., Сартабанов Ж.А., Периодические решения систем дифференциальных уравнений с многомерным временем. Уральск: РИЦ ЗКГУ, 2013.-167 с.

ӘОЖ 35В10

## ТОЛЫҚ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ВЕКТОРЛЫҚ ӨРІСТІ ОПЕРАТОРЛЫ СЫЗЫҚТЫ ТЕҢДЕУДІҢ КӨППЕРИОДТЫ ШЕШІМІ

**Ж.А Сартабанов, А.О. Дайынова**

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе қаласы, Қазақстан*

*Исследован вопрос о многопериодических решениях линейного уравнения на основе свойств поля оператора в полных дифференциалах.*

*The question of multiperiodic solutions of linear equations based on the properties of the operator field in total differentials.*

Ключевые слова: *полный дифференциал, векторное поле, характеристика, многопериодическое решение.*

Key words: *total differential, vector field, characteristics, multiperiodic*

### 1.Толық дифференциалдық көппериодты векторлық өрісті оператор және өрістің интегралының құрылымы

Алдымен өрістің интегралына тоқталайық.  $R^2 = R \times R$  – кеңістігінің бір облысында дифференциалданатын,  $(\tau, t)$  екі айнымалы  $z(\tau, t)$  функциясына қолданылатын бірінші ретті дербес туындылы

$$D = \frac{\partial}{\partial \tau} + \frac{M(\tau, t)}{N(\tau, t)} \cdot \frac{\partial}{\partial t}$$

(1.1)

операторын қарастырайық, мұндағы  $R = (-\infty; +\infty)$ ,  $M(\tau, t)$  және  $N(\tau, t) \neq 0$   $R \times R$  – кеңістігінде анықталған,  $(\theta, \omega)$  – периодты үзіліссіз дифференциалданатын, демек,  $C_{\tau, t}^{(1,1)}(R \times R)$  класында жататын функциялар болсын. Ендеше,

$$M(\tau + \theta, t) = M(\tau, t + \omega) = M(\tau, t) \in C_{\tau, t}^{(1,1)}(R \times R),$$

(1.2)

$$(1.3) \quad 0 \neq N(\tau + \theta, t) = N(\tau, t + \omega) = N(\tau, t) \in C_{\tau, t}^{(1,1)}(R \times R)$$

шарттары орындалады.

Сонымен қатар, бұл функциялар

$$(1.4) \quad \frac{\partial}{\partial t} M(\tau, t) + \frac{\partial}{\partial \tau} N(\tau, t) = 0, \quad (\tau, t) \in R \times R$$

шартын қанағаттандырсын.

*Анықтама.* Егер  $D$  операторы бір облыста үзіліссіз дифференциалданатын  $M = M(\tau, t)$  және  $N(\tau, t) \neq 0$  функциялары арқылы (1.1) түрде берілсе және олар (1.4) шартты қанағаттандырса онда ол оператор сол облыста толық дифференциалдық оператор деп аталынады.

Енді  $D$  операторының өрісі деп аталынатын

$$(1.5) \quad \frac{dt}{d\tau} = \frac{M(\tau, t)}{N(\tau, t)}$$

теңдеуін қарастырайық.

Егер (1.5) теңдеуді оған эквивалентті

$$(1.6) \quad M(\tau, t)d\tau - N(\tau, t)dt = 0$$

симметриялық түрде жазсақ, онда (1.4) шарттан (1.6) теңдеудің, демек (1.5) теңдеудің толық дифференциалдық теңдеулер екендігін көреміз.

Дәлірек айтсақ,  $N(\tau, t) \neq 0$  интегралдық көбейткіш арқылы (1.5) теңдеуді (1.6) толық дифференциалдық түрде жазуға болады.

Бұл (1.6) теңдеудің жалпы интегралы (1.4) шарт орындалса,

$$(1.7) \quad U(\tau_0, t_0, \tau, t) = \int_{\tau_0}^{\tau} M(s, t)ds - \int_{t_0}^t N(\tau_0, \sigma)d\sigma = 0$$

түрінде анықталатыны белгілі [1].

Осы (1.7) өрнектің оң жағындағы интегралдар (1.2) және 1.3 шарттар жағдайында

$$(1.8) \quad \int_{\tau_0}^{\tau} M(s, t)ds = \mu(t)(\tau - \tau_0) + \varphi(\tau_0, \tau, t),$$

$$(1.9) \quad \int_{t_0}^t M(\tau_0, \sigma)d\sigma = \nu(\tau_0)(t - t_0) + \psi(\tau_0, t_0, t),$$

өрнектерімен анықталатындығы және мұндағы  $\mu(t), \varphi(\tau_0, \tau, t), \nu(\tau_0), \psi(\tau_0, t_0, t)$  функциялары

$$\mu(t) = \frac{1}{\theta} \int_0^\theta M(s, t) ds, \quad \varphi(\tau_0, \tau, t) = \int_{\tau_0}^\tau M(s, t) ds - \frac{\tau - \tau_0}{\theta} \int_0^\theta M(s, t) ds \quad (1.10)$$

$$\nu(\tau_0) = \frac{1}{\omega} \int N(\tau_0, \sigma) d\sigma, \quad \psi(\tau_0, t_0, t) = \int_{t_0}^t N(\tau_0, \sigma) d\sigma - \frac{t - t_0}{\omega} \int_0^\omega N(\tau_0, \sigma) d\sigma \quad (1.11)$$

өрнектерімен берілетіндігі, сонымен қатар, бұл функциялардың периодтылық қасиеттері

$$\mu(t + \omega) = \mu(t), \quad \varphi(\tau_0 + \theta, \tau, t) = \varphi(\tau_0, \tau + \theta, t) = \varphi(\tau_0, \tau, t + \omega) = \varphi(\tau_0, \tau, t), \quad (1.12)$$

$$\nu(\tau_0 + \theta) = \nu(\tau_0), \quad \psi(\tau_0 + \theta, t_0, t) = \psi(\tau_0, t_0 + \omega, t) = \psi(\tau_0, t_0, t + \omega) = \psi(\tau_0, t_0, t) \quad (1.13)$$

түрінде сипатталатындығы бұрын да зерттелген. [2]

Бұл (1.8)–(1.13) қасиеттер бір айнымалы периодты функциялардың қасиеттері сияқты дәлелденетіндігіне назар аударма кетеміз.

Сонымен (1.8) және (1.9) өрнектері негізінде (1.5) векторлық өрістің (1.7) интегралы

$$U(\tau_0, t_0, \tau, t) = \mu(t)(\tau - \tau_0) - \nu(\tau_0)(t - t_0) + V(\tau_0, t_0, \tau, t) \quad (1.14)$$

өрісімен берілетінін көреміз. Мұндағы  $V$  функциясы

$$V(\tau_0, t_0, \tau, t) = \varphi(\tau_0, \tau, t) - \psi(\tau_0, t_0, t) \quad (1.15)$$

формуласымен анықталады және (1.12)–(1.13) қасиеттерден

$$\mu(t + \omega) = \mu(t), \quad \nu(\tau_0 + \theta) = \nu(\tau_0), \quad (1.16)$$

$$V(\tau_0 + \theta, t_0, \tau, t) = V(\tau_0, t_0 + \omega, \tau, t) = V(\tau_0, t_0, \tau + \theta, t) = V(\tau_0, t_0, \tau, t + \omega) = V(\tau_0, t_0, \tau, t)$$

периодтылық қасиеттерді көреміз.

Сонымен мына теорема дәлелденді.

*I теорема.* Егер (1.1) түрінде берілген бірінші ретті дербес туындылы толық дифференциалдық  $D$  операторы (1.2) және (1.3) шарттарын қанағаттандырса, онда

оның (1.5) өрісінің интегралы (1.7) өрнегімен анықталады және ол көппериодты коэффициентті (1.14)–(1.16) түріндегі сызықты функциялар арқылы өрнектеледі. Интегралдың (1.14) өрнегін (1.7) теңдікке қойып, (1.3) шарты бойынша  $v(\tau_0) \neq 0$ ,  $\tau_0 \in R$  екенін ескеріп,

$$(1.17) \quad t = t_0 + u(\tau_0, t)(\tau - \tau_0) + \mathcal{G}(\tau_0, t_0, \tau, t)$$

теңдігін аламыз, мұндағы  $u(\tau_0, t)$  және  $\mathcal{G}(\tau_0, t_0, \tau, t)$  функциялары

$$(1.18) \quad u(\tau_0, t) = \mu(t)/v(\tau_0),$$

$$(1.19) \quad \mathcal{G}(\tau_0, t_0, \tau, t) = \frac{1}{v(\tau_0)} V(\tau_0, t_0, \tau, t)$$

теңдіктерімен берілген, барлық аргументтері бойынша периодты функциялар.

Егер (1.18) және (1.19) көппериодты функцияларымен анықталған (1.17) теңдеуді  $t$  айнымалысымен шешсек

$$(1.20) \quad t = h(\tau, \tau_0, t_0)$$

функциясын табамыз.

Бұл функцияны  $D$  операторының сипаттауышы (характеристикасы) деп атайды.

$D$  операторының (1.20) сипаттауышы

$$(1.21) \quad h(\tau + \theta, \tau_0 + \theta, t_0) = h(\tau, \tau_0, t_0 + \omega) - \omega = h(\tau, \tau_0, t_0)$$

қасиеттеріне бағынатындығын көрсетуге болады. Бұл қасиеті сипаттауышының  $(\tau, \tau_0)$  бойынша диагональдық  $\theta$ –периодтылық қасиеті, ал  $t_0$  бойынша екінші текті  $\omega$ –периодтылық қасиеті деп атайды.

Бастапқы  $(\tau_0, t_0)$  берілгендерінің бір тұрақты  $(\tau_0^*, t_0^*)$  мәндерінде (1.20) сипаттауышының  $\alpha$ –тұрақтысы және бір  $g(\tau)$  функциясы арқылы

$$(1.22) \quad h(\tau, \tau_0^*, t_0^*) = \alpha\tau + g(\tau), \quad g(\tau + \theta) = g(\tau)$$

түрінде өрнектелуі тербелістер теориясында маңызды орын алады.

Мұндай шешім табылуы үшін  $h(\tau, \tau_0, t_0)$  сипаттауышы

$$h(\tau, \tau_0, t_0) = t_0 + a(\tau_0, t_0)(\tau - \tau_0) + b(\tau_0, t_0, \tau) \quad (1.23)$$

түрінде өрнектелетін жағдайда болуы керектігі шығады, мұндағы  $a(\tau_0, t_0), b(\tau_0, t_0, \tau)$  – көппериодты функциялар.

Бұл мәселе арнайы зерттеуді қажет етеді.

## 2 Толық дифференциалдық көппериодты векторлық өрісті операторлы теңдеулер.

2.1 Енді сызықты теңдеулердің көппериодты шешімдерін оператор өрісінің толық дифференциалдық екенін ескере отырып, [3–5] зерттеулерінің әдістерімен зерттейміз. Қарапайым

$$Dx = 0 \quad (2.1)$$

теңдеуін алайық. Мұндағы  $D$  операторы (1.1) түрінде берілген, (1.4) шартын қанағаттандыратын, демек, толық дифференциалдық өрісті оператор. Сонымен қатар, (1.2) және (1.3) шарттары орындалсын дейік, ендеше, ол көппериодты өрісті.

Бұл (2.1) теңдеуі бірінші ретті туындылар бойынша біртекті. Ендеше, оны, қысқаша, біртекті теңдеу деп те атап келеді. Дербес туындылы теңдеулер теориясынан бұл теңдеудің векторлық өрісінің интегралы  $U(\tau_0, t_0, \tau, t)$  осы (2.1) теңдеуінің шешімі болатыны белгілі [1].

Олай болса,

$$x = U(\tau_0, t_0, \tau, t) \quad (2.2)$$

функциясы (2.1) теңдеуінің шешімі, ал  $H(z)$  – кез келген дифференциалданатын функция болса, онда

$$x = H(U(\tau_0, t_0, \tau, t)) \quad (2.3)$$

осы теңдеудің жалпы шешімі болады.

*2-теорема.* Егер (1.1)–(1.4) шарттары орындалса, онда (2.1) теңдеуінің (2.2) базалық шешімі  $\tau$  бойынша периодты болуы үшін

$$\mu(t) = \frac{1}{\theta} \int_{\theta_0}^{\theta} M(s, t) ds = 0, \quad t \in R \quad (2.4)$$

шартының орындалуы қажетті және жеткілікті.

Дәлелдеуі. 1 теоремадан, дәлірек айтсақ, (1.14)–(1.16) формулалардан шығады.

*3-теорема.* Егер (1.1)–(1.4) шарттары орындалса, онда (2.1) теңдеуінің базалық шешімі (2.2)  $t$  айнымалысы бойынша периодты болмайды.

Дәлелдеуі.  $N(\tau, t) \neq 0$  шартынан

$$v(\tau_0) = \frac{1}{\omega_0} \int_0^{\omega_0} N(\tau_0, \sigma) d\sigma \neq 0$$

(2.5)

теңсіздігі шығатындығынан және 1 теоремадан, яғни (1.14)–(1.16) өрнектерден туындайды.

Қарастырып отырған (2.1) теңдеуінің  $z = 0$  шешімі периодты шешімдер қатарына жатады және периоды ретінде кез келген санды алуға болады.

Енді нөлден өзгеше болатын (2.1) теңдеуінің көппериодты, яғни  $(\tau, t)$  бойынша  $(\theta, \omega)$ –периодты шешімі болама деген сұраққа жауап іздестіріп көрейік.

Ол үшін (2.3) жалпы шешіміне жүгінейік. Алдымен  $\theta$  және  $\omega$  оң сандары өлшемдес дейік. Ендеше,  $p$  және  $q$  бүтін сандары табылып,

$$\frac{\theta}{\omega} = \frac{q}{p}$$

(2.6)

теңдігі орындалады. Демек,  $p\theta = q\omega = T$  мәні табылады. Егер (2.6) шарты табылмаса, онда мұндай  $T$  мәні табылмайды.

Одан әрі  $(\tau_0, t_0)$  нүктесін тұрақтандырып, (2.4) және (2.5) өрнектеріндегі  $\mu = \mu(t)$  функциясы мен  $v(\tau_0) = v$  шамасы

$$\mu = a, v = b \neq 0$$

(2.7)

тұрақты сандармен анықталған деп жорыық.

Ендеше, (1.14) өрнек бойынша ықшамдап жазып,

$$U(\tau_0, t_0, \tau, t) = a(\tau - \tau_0) - b(t - t_0) + V(\tau_0, t_0, \tau, t) \equiv a\tau - b\tau + \lambda(\tau, t),$$

$$\lambda(\tau + \theta, t) = \lambda(\tau, t + \omega) = \lambda(\tau, t)$$

(2.8)

өрнектерін аламыз.

Енді осы (2.8) өрнегін (2.3) жалпы шешіміне қойып, оны



$$(2.9) \quad x = H(a\tau + bt + \lambda(\tau, t))$$

түрінде келтірейік.

Одан әрі (2.9) шешімінің қай уақытта  $(\theta, \omega)$ – периодты болатынын зерттейік.

Егер  $a = 0$  болса, онда (2.8) өрнегі бойынша  $\lambda(\tau, t)$   $(\theta, \omega)$ – периодты болғандықтан, (2.9) функциясынан алынған

$$(2.10) \quad x = H(bt + \lambda(\tau, t))$$

функциясы  $\tau$  бойынша  $\theta$ – периодты болады. Ал  $t$  бойынша  $b \neq 0$  болғандықтан (2.10) функциясы  $\omega$ – периодты болуы үшін  $H(z)$  функциясы периодты болуы керек:  $H(z + \sigma) = H(z)$ ,  $\sigma = \text{const} > 0$  және (2.9) функциясы  $\omega$ – периодты болуы үшін  $k$  бүтін саны табылып,

$$\frac{b}{\omega} = k\sigma$$

шарты орындалуы талап етіледі.

Сонымен, егер  $a \neq 0$  болса,  $k_1$  және  $k_2$  бүтін сандары табылып,

$$(2.11) \quad \frac{a}{\theta} = k_1\sigma, \quad \frac{b}{\omega} = k_2\sigma$$

шарттары орындалуы талап етіледі.

Ендеше, (2.9) шешімі  $(\theta, \omega)$ – периодты болуы үшін  $H(z)$  функциясы  $\sigma$ – периодты болып, (2.11) шарты орындалуы қажетті және жеткілікті. Бұл шартты қанағаттандыратын  $H(z)$  функциялары шектеусіз көп. Ендеше,  $(\theta, \omega)$ – периодты шешімдер де көп болады.

*4-теорема.* Егер  $(\theta, \omega)$ – периодты толық дифференциалдық (1) теңдеуі үшін (2.7) және (2.11) шарттары орындалса, онда ол теңдеудің сансыз көп (2.9) түріндегі  $(\theta, \omega)$ – периодты шешімі болады. Сонымен қатар, (2.6) өлшемділік шарты орындалса, (2.9) шешімі  $(T, T)$ – периодты шешімді анықтайды.

2.2 Енді

$$(3.1) \quad Dx = p(\tau, t)x, \quad p(\tau + \theta, t) = p(\tau, t + \omega) = p(\tau, t) \in C_{\tau, t}^{(1,1)}(R \times R)$$

теңдеуін алайық және өрістің

$$(3.2) \quad U(\tau_0, t_0, \tau, t) = 0$$

интегралы

$$(3.3) \quad t = h(\tau, \tau_0, t_0),$$

$$h(\tau + \theta, \tau_0 + \theta, t_0) = h(\tau, \tau_0, t_0 + \omega) = h(\tau, \tau_0, t_0)$$

сипаттауышын бір мәнді түрде анықтасын.

Бұл жағдайда (3.1) теңдеуінің

$$(3.1_0) \quad x|_{\tau=\tau_0} = u(t), u(t + \omega) = u(t) \in C_t^{(1)}(R)$$

шартын қанағаттандыратын шешімі

$$(3.4) \quad x(\tau_0, \tau, t) = u(h(\tau_0, \tau, t)) \cdot \exp \left[ \int_{\tau_0}^{\tau} p(s, h(s, \tau, t)) ds \right]$$

өрнегімен анықталады.

Айталық, мына шарт орындалсын:

$$(3.5) \quad \int_{\tau_0}^{\tau} p(s, h(s, \tau, t)) ds = \alpha(\tau - \tau_0) + \lambda(\tau_0, \tau, t, h(\tau_0, \tau, t))$$

мұндағы  $\alpha = const \neq 0$ ,  $\lambda(\tau_0, \tau, t, \sigma)$  – функциясы  $(\theta, \theta, \omega, \omega)$  – периодты болсын.

Демек, (3.5) шарты жағдайында (3.4) шешімі

$$(3.6) \quad x(\tau_0, \tau, t) = u(h(\tau_0, \tau, t)) \cdot \exp[\alpha(\tau - \tau_0) + \lambda(\tau_0, \tau, t, h(\tau_0, \tau, t))]$$

түрінде болады.

Осы (3.6) өрнегінен (3.1) теңдеуінің  $x = 0$  – нөлдік шешімінен басқа  $(\theta, \omega)$  – периодты шешімі болмайтындығын көреміз.

Себебі,  $u(h(\tau_0, \tau, t))$  функциясы (2.1) теңдеуінің шешімі 4 теоремаға сәйкес көппериодты болғанымен (3.6) өрнегіне  $\exp[\alpha(\tau - \tau_0)]$  көбейткіші қатысып отырғанын байқау қиын емес. Демек, (3.6) тек  $u = 0$  болған жағдайда ғана нөлдік көппериодты шешімді береді.

5-теорема. Егер (3.5) шарты орындалса, толық дифференциалдық векторлық көппериодты өрісті операторлы (3.1) теңдеуінің нөлден өзгеше көппериодты шешімі болмайды.

### 2.3 СЫЗЫҚТЫ

$$Dx = p(\tau, t)x + q(\tau, t), \quad q(\tau + \theta, t) = q(\tau, t + \omega) = q(\tau, t) \in C_{\tau, t}^{(1,1)}(R \times R) \quad (4.1)$$

теңдеуін қарастырайық.

6-теорема. Егер 4 теореманың шарттары орындалса, онда (4.1) теңдеуінің жалғыз ғана  $(\theta, \omega)$ -периодты шешімі болады.

Бұл теореманы дәлелдеу үшін,  $\alpha < 0$  деп есептеп,

$$x(\tau, t) = \int_{-\infty}^{\tau} e^{\int_{\sigma}^{\tau} p(s, \tau, t) ds} q(\sigma, h(\sigma, \tau, t)) d\sigma \quad (4.2)$$

өрнегі осы (4.1) теңдеуінің шешімі екендігіне көз жеткіземіз. Шешімнің  $(\theta, \omega)$ -периодты екендігін тексеру арқылы көрсетеміз. Жалғыз екенін қарсы жору әдісімен дәлелдейміз.

### Әдебиеттер

1. Матвеев Н.М., Методы интегрирования обыкновенных дифференциальных уравнений. М.: Высшая школа, 1963.-548с.
2. Сартабанов Ж.А., Дюсмағамбетова Г.Ш., Толық дифференциалдық және оған келтірілетін теңдеулердің көппериодты интегралдары. АӨМУ Хабаршысы, 2014, №3.-Б.10-14.
3. Умбетжанов Д.У., Почти многопериодические решения дифференциальных уравнений в частных производных. Алма-Ата: Наука, 1979.-С.211.
4. Сартабанов Ж.А., Периодты функциялар және кейбір қарапайым дифференциалдық теңдеулердің периодты шешімдері. Алматы: РБК, 2001.-108 б.
5. Кульжумиева А.А., Сартабанов Ж.А., Периодические решения систем дифференциальных уравнений с многомерным временем. Уральск: РИЦ ЗКГУ, 2013.-167 с.

**ӘРТҮРЛІ ВЕКТОРЛЫҚ ӘРІСТІ БІРІНШІ РЕТТІ ДЕРБЕС ТҮЙНДІЛІ СЫЗЫҚТЫ ОПЕРАТОРЛЫ БІРТЕКТІ ТЕНДЕУЛЕРДІ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ**

**Ж.А. Сартабанов, А.Е. Бірмағанбетова, Г.К. Измагамбетова, М.Қ. Қыстаубаева**

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе қаласы, Қазақстан*

*В статье предложена методика построения решений на примере простейшего уравнения с линейным дифференциальным оператором различных векторных полей.*

*In this paper a solution construction method on the example of a simple equation with a linear differential operator of different vector fields is offered.*

*Ключевые слова: векторное поле, дифференциальный оператор, разделение переменных, однородная функция, тороидальная поверхность.*

*Key words: vector field, differential operator, separation of variables, homogeneous function, the toroidal surface.*

Сызықты туындылар бойынша біртекті дербес туындылы бірінші ретті дифференциалдық операторлы теңдеулер мен жүйелер теориялық мәселелерде де, қолданысты математикада жиі кездеседі.

Егер  $z = z(\tau, t)$  функциясы скаляр  $\tau \in R = (-\infty, +\infty)$  және вектор

$t = (t_1, \dots, t_m) \in R \times \dots \times R = R^m$  айнымалыларының функциясы болса, онда айтып отырған  $D$  дифференциалдық операторымызды  $z$  функциясына қолданып,

$$Dz = \frac{\partial z}{\partial \tau} + \left\langle a(\tau, t), \frac{\partial z}{\partial t} \right\rangle \quad (1)$$

түрінде келтіруге болады. Мұндағы  $a(\tau, t) = (a_1(\tau, t), \dots, a_m(\tau, t))$  - вектор функция,

$$\frac{\partial z}{\partial t} = \left( \frac{\partial z}{\partial t_1}, \dots, \frac{\partial z}{\partial t_m} \right)$$

- компоненттері  $z$  функциясының  $t_1, \dots, t_m$  айнымалылары бойынша

дербес туындылары болып келетін вектор – функция, ал  $\langle, \rangle$  - осы вектор – функциялардың скаляр көбейтіндісі.

Егер

$$Dz = 0 \quad (2)$$

теңдеуін алсақ, онда (2) әдеби оқулықтарда *біртекті сызықты бірінші ретті дербес туындылы теңдеу* деп аталатындығы белгілі [1].

Университеттің математикалық оқу бағдарламасында осы теңдеудің жалпы теориясынан басты ұғымдарды беріп, теңдеуді шешу әдісінің нобайымен таныстырып, осыларды есте қалдыру үшін бірер мысалдар қарастырумен шектеледі. Біздің осы мақаладағы мақсатымыз осындай қарапайым теңдеулерді классификациялап, олардың шешу әдістерін негіздеу болып табылады. Егер  $D$  операторын жалпы жағдайда қарастырсақ, онда (1) теңдеуді шешудің негізгі әдісі – Кошидің характеристикалар (сипаттауыштар) тәсілін қолданумен қанағаттанып, одан әрі бара алмай, зерттеуді тоқтатуға тура келеді. Ал, егер  $D$  операторын дербес жағдайларын қарастырып жеке кластарға бөлсек, онда (2) теңдеудің шешімдерін табуы жекелеген функциялардың квадратуларына дейін жеткізуге болатындығын көреміз. Осы жағдайларда теңдеуді шешу барысында бұрыннан белгілі, интегралданатын жай дифференциалдық теңдеулердің

шешу әдістері қолданылады. Ендеше, (1) түрдегі теңдеулерді шешудің дағдыларын қалыптастыратын мысалдардың да мол материалын жасақтауға болады. Осы шағын әдістемелік зерттеудің негізгі құндылығы да осыда.

Зерттеудің мақсатына сәйкес мақалада  $D$  операторының үш класына ғана тоқталып өтеміз және олардың қолданысын мысал ретінде (2) теңдеуімен түсіндірумен шектелеміз.

### 1. Айнымалылары ажыратылатын векторлық өрісті бірінші ретті дербес туындылы сызықты операторлы теңдеулер.

Айталық,  $D$  операторы

$$D = \frac{\partial}{\partial \tau} + \sum_{j=1}^m a_j(\tau, t_j) \frac{\partial}{\partial \tau_j} \quad (1.1)$$

өрнегімен берілсін. Мұндағы  $a(\tau, t) = (a_1(\tau, t_1), \dots, a_m(\tau, t_m))$  вектор функциясының  $a_j(\tau, t)$  компоненті

$$a_j(\tau, t) = \frac{b_j(\tau_j)}{c_j(t)}, \quad c_j(t) \neq 0, \quad j = \overline{1, m} \quad (1.2)$$

түрінде анықталған дейік және  $b_j(\tau_j), c_j(t)$  функциялары  $R = (-\infty, +\infty)$  сан өсінде үзіліссіз туындыланатын және үзіліссіз функциялар болсын:

$$b_j(\tau_j) \in C_{\tau_j}^{(1)}(R), \quad c_j(t) \in C_t^{(0)}(R), \quad j = \overline{1, m} \quad (1.3)$$

Мына жай дифференциалдық

$$\frac{dt}{d\tau} = a(\tau, t) \quad (1.4)$$

теңдеуі  $D$  операторының векторлық өрісінің теңдеуі деп аталынады. Бұл (1.4) теңдеуін (1.2) формуласына сәйкес ашып жазсақ,

$$\frac{dt_j}{d\tau} = \frac{b_j(\tau_j)}{c_j(t_j)}, \quad j = \overline{1, m} \quad (1.5)$$

жүйесі түрінде берілді. Демек,  $D$  айнымалылары ажыратылатын векторлық өрісті оператор екен. Айнымалыларын ажыратып, (1.5) жүйесінен

$$c_j(t_j) dt_j = b_j(\tau) d\tau, \quad j = \overline{1, m} \quad (1.6)$$

түрінде, әрқайсысы жеке-жеке, автономиялы теңдеулерді алдық. Кез келген

$(\tau_0, t_j^0) \in R \times R$  нүктелерін алып, (1.6) жүйені интегралдап,

$$\varphi_j(t_j, t_j^0) \equiv \int_{t_j^0}^{t_j} c_j(t_j) dt_j = \int_{\tau_0}^{\tau} b_j(\tau) d\tau \equiv \psi_j(\tau, \tau_0), \quad j = \overline{1, m} \quad (1.7)$$

өрнектерін аламыз. Осы (1.7) өрнектерінен Коши формасындағы жалпы интегралды анықтау (1.1) операторының берілгендерінің квадратураларына тіреліп тұрғанына көңіл аударамыз. Одан әрі (1.7) теңдеулерін  $t_j$  арқылы шешіп, (1.5) жүйесінің жалпы шешімі

$$t_j = h_j(\tau, \tau_0, t_j^0), \quad j = \overline{1, m} \quad (1.8)$$

өрнегін аламыз. Қойылған шарттардан (1.7) теңдеуінен (1.8) өрнегі жалғыз табылады.

Осы (1.8) өрнегі арқылы

$$t = (h_1(\tau, \tau_0, t_1^0), \dots, h_m(\tau, \tau_0, t_m^0)) \equiv h(\tau, \tau_0, t_0) \quad (1.9)$$

түрінде (1.4) векторлық теңдеуінің жалпы шешімін табамыз.

Табылған (1.9) өрнегі  $D$  операторының *сипаттауышы* деп аталады, ал (1.9) теңдеуін  $t_0 = (t_1^0, \dots, t_m^0)$  арқылы шешіп, табылған

$$t_0 = h(\tau_0, \tau, t) \quad (1.10)$$

өрнегі  $D$  операторының *базалық интегралы* деп аталынады.

Енді (2) теңдеудің үзіліссіз дифференциалданатын  $u(t)$  функциясымен берілген

$$z|_{\tau=\tau_0} = u(t) \in C_t^{(1)}(R) \quad (2_0)$$

бастапқы шартын қанағаттандыратын шешімін табайық.

Бұл мәселені шешу үшін  $D$  операторы (1.9) сипаттауышы бойында  $\frac{d}{d\tau}$  толық дифференциалдау операторына айналынатыны, ал  $z$  функциясы сипаттауыш бойында анықталса, онда ол (1.10) интегралы бойында  $(\tau, t)$  кеңістігінде анықталған функцияға айналатынын ескеруіміз керек. Айтылып отырған ереже іспетті мәселе бұрынғы еңбектерде негізделген [2].

Ендеше, (2) теңдеуді (1.9) сипаттауышы бойында қарастырып,

$$\frac{d}{d\tau} z(\tau, \tau_0, t_0) = 0 \quad (1.11)$$

түрінде жазамыз да, (1.11) теңдеуін  $\tau_0, \tau$  шекараларымен интегралдап, (2<sub>0</sub>) шартын ескеріп, оның шешімін

$$z(\tau, h(\tau, \tau_0, t_0)) = u(t_0) \quad (1.12)$$

өрнегімен бірмәнді түрде анықтаймыз. Одан әрі сипаттауыш бойында анықталған (1.12) шешімді (1.10) базалық интегралы бойында қарастырып, сипаттауыштың

$$h(s, \tau_0, h(\tau_0, \tau, t)) = h(s, \tau, t)$$

топтық қасиетіне сүйеніп,  $z$  шешімінің  $(\tau, t)$  кеңістігіндегі түрі

$$z(\tau, t) = u(h(\tau_0, \tau, t)) \quad (1.13)$$

формуласын аламыз.

**1 теорема.** *Егер (1.1) операторы (1.2) және (1.3) шарттарына бағынса, онда айнымалылары ажыратылатын векторлық өрісті операторлы (2) – (2<sub>0</sub>) есебінің жалғыз шешімі (1.7), (1.8) және (1.13) өрнектерімен анықталады.*

Баптың соңында келтірілген әдістеде мысалдар құру үшін (1.7) интегралын есептеуде және алынған теңдіктен (1.8) сипаттауышын табуда қиындықтар кездесуі мүмкін екеніне зейін аударамыз.

## 2. Біртекті векторлық өрісті бірінші ретті дербес туындылы сызықты операторлы теңдеулер.

Бұл бапта  $D$  операторы

$$D = \frac{\partial}{\partial \tau} + \sum_{j=1}^m a_j(\tau, t_j) \frac{\partial}{\partial t_j} \quad (2.1)$$

өрнегімен анықталсын. Мұндағы  $a(\tau, t) = (a_1(\tau, t_1), \dots, a_m(\tau, t_m))$  вектор-функциясының  $a_j(\tau, t_j)$  компоненттері кез келген  $\mu$  параметрі бойынша

$$a_j(\mu\tau, \mu t_j) = a_j(\tau, t_j), \quad j = \overline{1, m} \quad (2.2)$$

шартын қанағаттандырсын, демек,  $D$  операторының векторлық өрісі

$$a(\tau, t) \in C_{\tau, t}^{(0,1)}(R \times R) \quad (2.3)$$

қасиеті бар вектор-функциямен анықталған

$$\frac{dt}{d\tau} = a(\tau, t) \quad (2.4)$$

теңдеуімен,  $a(\mu\tau, \mu t) = a(\tau, t)$  түріндегі біртекті вектор-функциясы арқылы беріліп тұр.

$$\sigma = \frac{t}{\tau}$$

Бұл теңдеуді жай дифференциалдық теңдеулер курсынан белгілі әдіспен шешіп, оның арқылы интегралдап,

$$H(\tau_0, t_0, \tau, t) = 0 \quad (2.5)$$

(2.4) сипаттауыш теңдеуінің жалпы интегралын анықтаймыз. Осы (2.5) теңдеуінен

$$t = h(\tau, \tau_0, t_0) \quad (2.6)$$

сипаттауышын анықтаймыз. Әрі қарай (2)-(2<sub>0</sub>) есебінің шешімін жоғарыда сипатталған әдіс бойынша табамыз.

**2 теорема.** Егер (2.1)  $D$  операторы (2.2) және (2.3) шарттарына бағынса, онда біртекті өрісті операторлы (2)-(2<sub>0</sub>) есебінің жалғыз шешімі (2.4)-(2.6) өрнектерімен анықталған  $z(\tau, t) = u(h(\tau_0, \tau, t))$  өрнегімен табылады.

Мұнда да, негізгі мәселе, (2.4) теңдеуін белгілі әдіспен шешіп, оның (2.5) жалпы интегралынан (2.6) сипаттауышын анықтауда екендігіне зейін қоямыз.

### 3. Торда анықталған векторлық өрісті бірінші ретті дербес туындылы операторлы теңдеулер.

Енді  $D$  операторы

$$D = \frac{\partial}{\partial \tau} + \sum_{j=1}^m a_j(\tau, t_j) \frac{\partial}{\partial t_j} \quad (3.1)$$

өрнегімен

$$a_j(\tau + \theta, t_j) = a_j(\tau, t_j + \omega_j) = a_j(\tau, t) \in C_{\tau, t_j}^{(0,2)}(R \times R) \quad (3.2)$$

қасиетімен берілген оператор болсын. Бұл оператордың векторлық өрісі

$$\frac{dt_j}{d\tau} = a(\tau, t_j), \quad j = \overline{1, m} \quad (3.3)$$

жүйесімен, яғни үш өлшемді евклидтік  $(u, v, w)$  кеңістігіндегі  $a, b$  тұрақтылары арқылы

$$\mathbf{F}: \begin{cases} u = (a + b \cos t_j) \cos \tau, \\ v = (a + b \cos t_j) \sin \tau, \\ w = b \sin t_j, \end{cases} \quad 0 < b < a$$

өрнегімен берілген  $\mathbf{F}$  торында анықталған дифференциалдық теңдеулермен беріліп отыр.

Осы өрісті зерттеу де Пуанкаре, Данжуа және Боль жасаған белгілі классикалық теорияға негізделеді. [3–5].

Демек, (3.3) теңдеулерінің әрқайсысының

$$H_j(\tau_0, t_j^0, \tau, t_j) = 0, \quad j = \overline{1, m} \quad (3.4)$$

жалпы интегралдарын анықтап, олардың әрқайсысынан

$$t_j = h_j(\tau, \tau_0, t_j^0), \quad j = \overline{1, m} \quad (3.5)$$

сипаттауыштарды анықтап, жоғарыда келтірілген әдіс бойынша (2)-(2<sub>0</sub>) есебінің

$$z(\tau, t) = u(h_1(\tau_0, \tau, t_1), \dots, h_m(\tau_0, \tau, t_m)) \equiv u(h(\tau_0, \tau, t)) \quad (3.6)$$

шешімін анықтаймыз.

Бұл жерде (3.3) теңдеуінің әрқайсысы  $t_j$  бойынша екі рет үзіліссіз дифференциалданатына және  $(u - a)^2 + \omega^2 = b^2$  теңдеуді Ш шеңберінде  $\eta \xrightarrow{T} h(\theta, o, \eta), \quad \eta \in Ш$  (3.7)

өрнегімен берілген T гомеоморфизмі эргодикалық деп есептелінетіне зейін аударамыз [2].

**3 теорема.** *Егер (3.1) операторы (3.2) шартын қанағаттандырса, онда тороидалы өрісті операторлы (2)-(20) есебінің жалғыз шешімі (3.3)-(3.6) өрнектерімен анықталады және (3.7) түрлендіруі эргодикалық болса, онда ол шешім көппериодты болады.*

Мұнда да, негізгі түйін (3.4) және (3.5) интегралдарын анықтаумен қатар, (3.7) түрлендіруінің эргодикалық болуын зерттеуде екеніне назар саламыз.

Жұмысты орындауда басқа әдістермен қатар [6] әдістерінің элементтері де қолданылды.

### Әдебиеттер

1. Матвеев Н.М. Методы интегрирования обыкновенных дифференциальных уравнений. М: Наука, 1966. -548с.
2. Коддингтон Э.А., Левинсон Н. Теория обыкновенных дифференциальных уравнений. М: Изд-во ЛКИ, 2007. -472с.
3. Пуанкаре А. Избранные труды в двух томах Т.1 у. М: Наука, 1971. -772с.
4. Denjoy A. Sur les courbes definies par les equations differentielles a la surface du tore. J.deMath. er. 9, 142-152 (1935)
5. Боль П. Избранные труды. Рига: Изд-во АН Латв. ССР, 1961. -238с.
6. Сартабанов Ж. Периодты функциялар және кейбір қарапайым дифференциалдық теңдеулердің периодты шешімдері. Алматы: Респ. Баспа Каб., 2001. -108б.

УДК 514

## О ДОПОЛНИТЕЛЬНЫХ ПОСТРОЕНИЯХ ПРИ РЕШЕНИИ ГЕОМЕТРИЧЕСКИХ ЗАДАЧ

**Г.С Тамуова, М.А. Тлеубергенова, Д.И.Хан**

*Актюбинский региональный государственный университет им. К.Жубанова  
г. Актюбе, Казахстан*

*Геометриялық есептерді шешуде қосымша салулар маңыздырөл атқарады. Әр түрлі есептерді шешу мысалында осындай салулар қарастырылады.*

*Additional constructions play an important role in solving geometric problems. We consider such constructions on the example of solving different problems..*

Кілт сөздер: *шеңбер, орташа, биссектриса, үшбұрыш, биіктік.*

Key words: *circle, median, bisector, triangle, height.*

При решении геометрических задач довольно часто успех зависит от удачно сделанного дополнительного построения. Понятно, что конкретных указаний на проведение дополнительных построений в тех или иных обстоятельствах не существует. Это умение приходит с опытом, когда обучаемый перерешал самостоятельно достаточно много задач. Здесь как бы «количество» переходит в «качество».

На основе опыта решения задач дадим несколько рекомендаций для дополнительных построений.

1. Если дана окружность, вписанная в треугольник, то целесообразно провести радиусы окружности в точки касания.



2. Если окружность описана вокруг многоугольника, то можно провести серединные перпендикуляры к его сторонам (они пересекаются в центре описанной окружности).
3. Если имеется прямоугольный треугольник, то можно описать окружность с диаметром, равным его гипотенузе. Эта окружность пройдет через вершину прямого угла.
4. Если рассматривается медиана треугольника, то можно достроить этот треугольник до параллелограмма с диагональю, равной удвоенной медиане.

Эти рекомендации не претендуют на полноту и не носят обязательного характера.

О других случаях дополнительных построений рассмотрим на конкретных примерах. Задача №1. Доказать, биссектриса прямого угла в прямоугольном треугольнике делит пополам угол между медианой и высотой, проведенными в этом же угле.

■ 1 способ. Решим эту задачу алгебраическим способом без дополнительных построений.

Пусть в  $\triangle ABC$  ( $\angle C = 90^\circ$ ),  $CH$  - высота,  $CL$  - биссектриса,  $CM$  - медиана,  $\angle A = \alpha$ ,  $\angle B = \beta$  (рис.1).




рис.1

Имеем:  $\angle ACH = 90^\circ - \alpha = \beta$  ( $\alpha + \beta = 90^\circ$ ), а так как  $CM = MB$ , то  $\angle BCM = \beta$ . Теперь ясно, что  $\angle HCL = \angle MCL$ .

2 способ Прямоугольный треугольник хорошо смотрится вписанным в окружность  $\gamma(M, MA) \cup (M, MA)$  с диаметром  $AB$  (рис.2).




рис.2


Теперь осталось догадаться, что биссектриса  $LC$  проходит через середину  $P$  дуги  $AB$ , так как  $\angle ACL = \angle BCL \Rightarrow \cup AP = \cup BP$ . Тогда ясно, что  $\angle 1 = \angle 2$  ( $CM = MP$ ),  $\angle 1 = \angle 3$  ( $CH \parallel PM$ )

$\angle 1 = \angle 2$  ( $CM = MP$ ),  $\angle 1 = \angle 3$  ( $CH \parallel PM$ ), откуда  $\angle 2 = \angle 3$   $\angle 2 = \angle 3$ . ■

Таким образом, построение описанной окружности привело к геометрическому решению задачи.

В некоторых задачах на построение даются отрезки, равные сумме или разности сторон. Как ими распорядиться? Рассмотрим конкретные задачи.

Задача 2. Построить прямоугольный треугольник по сумме катетов и гипотенузе.




■ Пусть треугольник  $ABC$  ( $\angle C = 90^\circ$ )  $\angle C = 90^\circ$  построен, в нем известны  $AB = c$  и  $AC + BC = m$  (рис.3). Нам необходимо пристроить отрезок длиной  $m$  к треугольнику  $ABC$ , чтобы можно было им воспользоваться. Это можно сделать несколькими способами. Наиболее удачным является случай, когда  $BD = m \Rightarrow DC = AC$ . Теперь можно построить треугольник  $ABD$  по следующим данным:  $BD = m \Rightarrow AB = c, \angle ADB = 45^\circ$ . Построение:

1)  $BD$ ; 2)  $\angle BDA = 45^\circ$ ; 3)  $\gamma(B, BA = c)$ ; 4)  $AD \cap \gamma = A$ ; 5)  $AC \perp BD$ ; 6)  $\triangle ABC$  -искомый

Если  $\gamma$  пересекает луч  $DA$  в двух точках, то задача имеет два решения. Если  $\gamma$  касается луча  $DA$  -одно решение. Если  $\gamma$  не имеет общих точек с лучом  $DA$ , то задача не имеет решения. ■

Задача 3. Построить треугольник по периметру, высоте, и углу при основании, на которое опущена данная высота. ■ Пусть треугольник  $ABC$ , в котором даны высота  $AD = h$ ,  $\angle ABC = \beta$  и периметр  $P$ , построен (рис.4).



Отложим периметр  $p = B_1C_1$  так, чтобы  $BB_1 = AB, CC_1 = AC$ . Тогда  $\angle AB_1B = \frac{\beta}{2}$

и можно построить треугольник  $AB_1C_1$  по следующим  
 $B_1C_1 = p, \angle B_1A = \frac{\beta}{2}$

данным:  $B_1C_1 = p, \angle C_1B_1A = \frac{\beta}{2}$

является точкой пересечения луча  $B_1A$  с прямой  $l \parallel B_1C_1$  ( $l$  удалена от  $B_1C_1$  на  $AA_1$ ) и точка  $A$

расстояние  $h$ ). Теперь находим вершины  $B$  и  $C$  используя серединные перпендикуляры  $AB_1$  и  $AC$

$m$  и  $n$  соответственно к сторонам  $AB_1$  и  $AC$ . ■

Таким образом, удачное приложение данного отрезка к искомой фигуре, позволяет ее построить.

**Задача 4.** Внутри круга даны точки  $P$  и  $P_1$  на одном и том же диаметре и на равном расстоянии от центра, притом так, что  $PP_1 = R$  ( $R$  - радиус круга). Провести через эти точки две параллели  $PQ$  и  $P_1Q_1$  до окружности с таким расчетом, чтобы прямоугольная трапеция  $PQQ_1P_1$  имела наибольшую площадь.

■ Продолжим  $QP$  до хорды  $QE$  и  $Q_1P_1$  до хорды  $Q_1E_1$  (рис.5).




рис.5

Получим прямоугольник  $QEE_1Q_1$ , площадь которого в два раза больше площади нашей трапеции. Таким образом, мы будем искать вписанный в данную окружность прямоугольник наибольшей площади, противоположные стороны которого проходят через точки  $P$  и  $P_1$ . А таким прямоугольником является квадрат со стороной  $R\sqrt{2}$ .

Чтобы построить такой квадрат достаточно провести окружность с диаметром  $PP_1$  и

$$P_1F = R\sqrt{2} = R + R$$

отложить  $P_1F = R\sqrt{2} = \sqrt{R^2 + R^2}$ .

Тогда точка  $A$  пересечения  $PF$  с данной окружностью определит одну из вершин искомой трапеции.

Удачно проведенное дополнительное построение превратило нашу задачу в другую, решение которой известно. ■

**Задача 5.** В равнобедренном треугольнике  $ABC$   $\angle B = 20^\circ$ ,  $\angle A = \angle C = 80^\circ$ . На стороне  $BA$  отложим отрезок  $BD = AC$ . Найти  $\angle ACD$ .

■ Отложим  $\angle BAP = 60^\circ$  и  $AC = CP$ ,  $\angle APK = 60^\circ$

и  $BK \parallel AP$  (рис.6).




рис.6

Тогда получим равносторонние треугольники  $APD$  и  $BKD$ , причем  $(CDE) \perp AP \Rightarrow (CDE) \perp BK$ , откуда  $BC = KC = AB$ .

А так как  $\angle CBK = \angle BCA = 80^\circ$ , то  $\triangle ABC = \triangle BCK$ , поэтому  $AC = BK = BD$ . Получилось, что данную в условии точку  $D$  получили как пересечение  $AB$  с  $PK$ . Тогда  $\angle ACD = \angle ACB - \angle BCE = 80^\circ - 10^\circ = 70^\circ$  ■

Мы видим, что удачное дополнительное построение позволило решить задачу геометрическим способом. Также ясно, что проведенные нами дополнительные построения трудно было предугадать.

Задача 6. Зная по одной точке на противоположных сторонах квадрата и на его диагоналях, восстановите квадрат.

а) Анализ. Пусть квадрат  $ABCD$  построен (рис.7),  $M$  и  $N$  – точки на противоположных сторонах, а  $P$  и  $Q$  – точки, на диагоналях. Построим окружность  $\gamma_1(CMP)$ , где  $\angle MCP = 45^\circ$ . Пусть  $\gamma_1$  пересечет сторону  $CD$  в точке  $M_1$ , а так как  $\angle PCM_1 = 45^\circ$ , то  $PM = PM_1$ . Аналогично строим окружность  $\gamma_2(DNQ)$ , которая пересечет  $CD$  в точке  $N_1$ . Тогда  $QN = QN_1$ . Таким образом, можно построить точки  $M_1$  и  $N_1$  на окружностях  $\gamma_1$  и  $\gamma_2$ , лежащие на стороне  $CD$ .




рис.7

б) Построение. 1) Строим дугу  $\gamma_1(CMP)$  2) На  $\gamma_1$  найдем точку  $M_1$  так, что  $PM = PM_1$ . 3) Аналогично, строим дугу  $\gamma_2(DNQ)$  и найдем точку  $N_1$  так, что  $QN = QN_1$ , 4) Найдем точки  $C$  и  $D$  пересечения прямой  $M_1N_1$  с  $\gamma_1$  и  $\gamma_2$ . 5) Зная одну сторону  $CD$  квадрата можно восстановить весь квадрат.

Увидеть окружности и  $\gamma_2$  в качестве дополнительно построенных фигур, совсем непросто. Решение рассмотренных задач говорит о том, что общих рецептов для дополнительных построений во многих случаях не существует. Здесь может работать только интуиция.

### Литература

1. Кокстер Г.С.,Грейтцлер С.Л. Новые встречи с геометрией.-М.,Наука,1978г.

- 2.Мякишев А.Г.Элементы геометрии треугольника.-М.,МЦНМО,2002г.
- 3.Понарин Я.П.Элементарная геометрия, т.1.,планиметрия. М, МЦНМО,2004г.
- 4.Прасолов В.В. Задачи по планиметрии, ч.1-2 М.,Наука,1991г.
- 5.Шарыгин И.Ф. Геометрия. Задачник 9-11.-М.,Дрофа,1997г.

УДК 372.851.02:004

## **КОМПЬЮТЕРЛІК ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ - АРНАУЛЫ ОҚЫТУДАҒЫ ТИІМДІ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ**

**С.К.Абдибекова, қ.Каналина**

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе қаласы, Қазақстан*

*В статье рассматриваются возможности применения современных компьютерных средств коммуникации при обучении лиц с ограниченными возможностями здоровья по слуху.*

*In the article the possibility of using modern communication computer means in the training of people with reduced hearing abilities is considered.*

*Ключевые слова: технология обучения, личность, возможности обучаемых, люди с ограниченными возможностями, слабослышащие, корректирующее обучение, средство обучения, компьютерные технологии, интерактивные обучающие программы, мультимедийные средства.*

*Key words: education technology, personality, the opportunity to study, people with disabilities, hearing, remedial training, learning tool, computer technology, interactive tutorials, multimedia.*

Мүмкіндігі шектеулі жандарды бүгінгі әлеуметтік жағдайға дайындау, қоғамның тең бағалы мүшесі ету арнаулы оқытудың негізгі мәселесі. Мұнда, аталған адамдарды қазіргі заманға бейімделген тұлға ететін оқыту жүйесінің өзі, дамытуға арналған құралдар және т.б. маңызы зор.

Бүкіл әлемде адамдар арасында қарым-қатынасты ұйымдастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар пайданылады. Мүмкіндігі шектеулі жандар жаңа технологияларды меңгеруде түрлі қиындықтарға тап болады. Ноутбукті, интернетті қолдану, мәтінді редакциялау және теріп жазу немесе құжатты оқу олар үшін оңай болмауы мүмкін.

Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған қазіргі экономикада қызмет ету үшін ақпаратты-коммуникациялық технологиялар негізінде мүмкіндік беретін жаңа құралдар құрастырылған. Жаңа технологиялар мүгедек балалардың мектеп жүйесіне қосылуын жеңілдетеді, олардың сабақ үлгерімін арттырып, кәсіптік және әлеуметтік салада ықпалдасуына жағдай туғызады.

Білім алуға дайындығы әртүрлі деңгейлі адамдарға компьютерлік технологиялар арнайы оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мысалы, әртүрлі қабілетті және мүмкіндігі бар адамдардың бір мезгілде оқытуын ұйымдастыруда гипермәтіндік құрылым мен мультимедияға негізделген интербелсенді оқу бағдарламаларын қолдануға болады. Сонымен қатар, ақпараттық компьютерлік технологиялар мүмкіндігі шектеулі жандардың физикалық тұрғыда дамуына да әсер етеді, оны дамытуға және қиындықтарды жеңуге көмектеседі [1].

Дамуына зақым келген адамдардың ерекшеліктерін зерттеу нәтижесінде, қазіргі кезде, компьютерлердің жабдықталуына өзгерістер енгізуге мүмкіндік жасалған:

- тірек-қозғалыс аппараты зақымдалған адамдар үшін клавиатураның конфигурациясы өзгертілуі мүмкін, оның орнына пернелері үлкейтілген жоғары

сезімталдық мебраналық клавиатура қолданылады немесе арнайы сезімталдығы жоғары саусақ құралдары да қолданылуы мүмкін;

- есту қабілеті нашар адамдар үшін сөйлеп тұрған адамның дауысы мониторда визуалды символға айналатын арнайы компьютерлік технологиялар құрастырылған;
- зағип адамдар үшін пернелеріне таңбалар салынған арнайы пернетақта жасақталған және «Экрандық оқырман» деп аталатын ақпаратты дыбыстау бағдарламасы қолданылады.

Аталған мәселеге байланысты компьютерлік бағдарламалар шығаратын компаниялар да үлесін қосуда. Бұлар ұсынатын бағдарламаларында дыбыстап сөйлеу компоненттері компьютер экранында объектілер мен символдарға түрленеді.

IBM компаниясының мамандары сөйлеуді фонетикалық тұрғыдан қалыптастыруға және түзетуге арналған қосымша құралдарды құрастыруда жаңа технологияларды ұсынды. 1987-1989 жылдары IBM корпорациясы АҚШ-тың кәсіби логопедтеріне дербес компьютер базасында жасақталған «Көрінетін сөз» жүйесін ұсынды.

Аталған бағдарлама негізінен есту қабілеті нашар балалармен де, ересектермен де жұмыс жасауға арналған, сонымен қатар, есту қабілеті жақсы адамдар да жұмыс жасауда қолдануға болады. Бұл санатқа дизартрия, алалии және кекештік патологиясының алғашқы белгілері бар балаларды жатқызуға болады. Бұл бағдарлама сөйлеу қабілеті бұзылған негізгі диагнозы сөйлеу патологиясымен байланысты балалармен жұмыс жасауға да тиімді. Бағдарлама авторлары сөйлеудің негізгі акустикалық компоненттерінің визуализациялау арқылы, тіпті кішкентай балалар үшін де мультипликация элементтерін графикалық бейне ретінде қолдану арқылы жеткілікті ақпараттық бағдарлама ұсынды [2]. Бұл тұрғыдан алғанда алғаш рет сөйлеудің негізгі базалық компоненттерінің толық тізімін визуализациялауға мүмкіндік туды:

- сөйлеуде тыныстау;
- дауыстың бар болуы немесе жоқ болуы;
- фонацияның ұзақтығы, дауыстың қарқындылығы және оның диапазонының жейілігі, сөйлеудің фонетикалық рәсімделуі.

Бағдарламада сөздің буындық құрылымын визуализациялау қарастырылған. Оның көмегімен компьютер экранында балаларға түсінікті түрдегі бейнелер арқылы дауыс модуляциясы, сөздік және логикалық екпін секілді сөйлеу компоненттерін қалыптастыру мен түзету процесі көрініс табады. Аталған бағдарлама басқа құралдарға қарағанда жұмыс пен талдау жасау үшін кез-келген уақыт аралығында тұрақты түрде сақталады.

Балалардың тілдерін коррекциялау және сөйлеуін қалыптастыру процесін техникалық қолдау саласындағы басты құралдардың бірі – 1994 жылы құрастырылған «Дэльфа-130» бағдарламалы-аппараттық кешен. Аталған бағдарлама саңырау және есту қабілеті нашар науқастардың сөйлеуін қалыптастыруға, балалар мен ересектердің дұрыс дыбыстап сөйлеуін түзетуге, нашар еститін мүгедектерді тілдік реабилитациялауға арналған сурдологопедтік тренажер ретінде ұсынылды. Аталған кешенде дыбысталған сөздің техникалық тұрғыдан бейнеленуі келесі түрде ұйымдастырылған: микрофонның дыбыстарды қабылдауы, қосымша құрылғының көмегімен түрлендіру, процессорға жіберу, анимация түрінде экранға шығару.

Бағдарлама дыбыстап сөйлеудің төмендегі компоненттерін бейнелеуге ықпал етеді:

- сөйлеуде тыныстау;
- дыбыстау;
- дыбыстап сөйлеуді фонетикалық рәсімдеу;
- сөйлеудің қарқынды-ырғақтық ұйымдастырылуы.

Оқытудың компьютерлік технологиялары тұттығып (кекештеніп) сөйлейтін балалардың сөздерді дыбыстауын түзетуде де қолданылады. Бұл мақсатта кекештену кезінде сөйлеуді дамытатын «Демосфен» атты арнайы компьютерлік бағдарлама құрастырылды.

«Демосфен» жүйесімен жұмыс жасау орталық жүйке жүйесімен визуальды-

кинестетикалық және визуальды-аудиальдық шартты-рефлекторлы байланыстарды тұрғызуға бағытталған. Сөйлеу компоненттері сөйлеу процесінде экрандағы сурет, анимациялық көлік қозғалысы, аудиограммалар түрінде жүзеге асырылады. Компьютерлік бағдарламаларының екінші бағыты дыбыс компоненттерін объектілер түріне өзгертпей, оқушылардың дамуындағы кемшіліктерді түзетуді оқыту арқылы жүзеге асырады. Мысалы, «Мир за твоим окном» коррекциялы-диагностикалық ортаны, «Состав слова» бағдарламаласы, т.с.с. атап өтуге болады [3].

Зерттелген әдебиеттер нәтижесінен компьютерлік технологиялардың дамуында ақау кездесетін балалардың ерекше білім алу қажеттілігіне жауап беретініне көзімізді жеткізуге болады. Бірақта, айтып кететін жағдай, аталған компьютерлік бағдарламаларының барлығы орыс тілінде сөйлеуге үйретеді.

Сондықтан, балаларды коррекциялық оқытуда жаңа әдіс-тәсілдерін, құралдарын құрастыру арнайы педагогиканы дамытудың өзекті бағыты болып табылады.

Компьютерлік бағдарламалар даму мүмкіндігі шектеулі балалардың ерекшеліктерін ескере отырып, оларға қажетті арнайы қадамдық дамыту оқуларына арналады.

Компьютерлік технологияларды арнайы оқыту процесіне енгізіп қана қоймай, оны әрі қарай жетілдіріп дамыту қажет.

### **Әдебиеттер**

1. Арестова О.Н., Бабанин Л.Н., Войскунский А.Е. Специфика психологических методов в условиях использования компьютера.- М.: МГУ, 1995.
2. Стребелева Е.А., А. Л. Венгер А.Л, Екжанова Е.А. [Специальная дошкольная педагогика](#)/ Под ред. Е. А. Стребелевой. – М.: Издательский центр «Академия», 2002. – 312 с.
3. Компьютерные учебные программы и инновации.- М.,2001.- № 1–4

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ  
ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ  
NATURAL SCIENCES**

УДК 502.51-027.21

**МОРФОЛОГИЧЕСКИЕ ПРИЗНАКИ И ХИМИЧЕСКАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА  
ПОЧВЫ СЕВЕРО-ЗАПАДНОЙ ПРОМЫШЛЕННОЙ ЧАСТИ ГОРОДА АКТӨБЕ**

**М.М.Фартушина, А.Б. Кожабергенова**

*Западно-Казахстанский государственный университет им.М.Утемисова  
г.Уральск, Казахстан*

*Мақалада Ақтөбе облысының ең маңызды проблемаларының бірі, өндірістік орындардың қала топырағының морфологиялық және химиялық қасиеттеріне тигізетін әсерлері қаралды. Жер телімдеріндегі топырақтадың сипаттамасы беріліп, химиялық талдау жасалды.*

*This article explores the current problems of Aktobe region, in particular the impact of industrial enterprises on the morphological and chemical properties of the soil of the city. Soil profiles of the put sections are described, chemical analyses are made.*

*Кілт сөздер: топырақ, топырақ жамылғысы, өсімдік, гумус, өндірістік аймақ.*

*Key words: soil, topsoil, flora, humus, industrial zone.*

Исследования проводились в 2014 г., в районе промышленной северо-западной части города Актөбе. Территория расположена в степной зоне, где распространены темнокаштановые почвы.



**Рисунок-1. Карта-схема северо-западной промышленной части г. Актөбе**  
Был заложен разрез №1 в районе Актөбинского завода ферросплавов западнее в сторону железнодорожного полотна на 85-100 м. Географические координаты разреза 50°21' с.ш., 57°08' в.д .





1	A (0-24)	6,1	12,0	5,0	52,0	7,0	2,6	5,4	Хлоридно-сульф.	щелочн	8,2	1,27
2	B (24-75)	6,0	12,2	5,1	51,9	7,1	2,5	5,6	Хлоридно-сульф.	сильно щелочн	8,6	1,30
3	B C (75-110)	6,5	12,3	5,2	51,6	7,2	2,6	5,9	Хлоридно-сульф.	Сильно щелоч	9,1	1,32

Карбонаты определены по ГОСТу 26424-85 обнаруживаются с поверхности по слабому вскипанию сразу же под гумусовым горизонтом в количестве 6,1 – 6,5 мг/кг, которые наиболее сосредоточены в горизонте вымывания [5]. Поглощающий комплекс темнокаштановых почв насыщен в основном кальцием, составляющим в горизонте (А) - 7,0 мг/кг, с глубиной возрастая (В) – 7,1 мг/кг и в горизонте (ВС) – 7,2 мг/кг от суммы поглощенных оснований [6]. В составе поглощенных оснований уменьшена роль поглощенного магния, содержание которого изменяется в пределах горизонта (А) - 2,6 мг/кг, в горизонте (В) - 2,5 мг/кг, а количество поглощенного натрия изменяется с глубиной, в пределах горизонта (А) - 5,4 мг/кг, в горизонте (В) – 5,6 мг/кг и в горизонте (ВС) – 5,9 мг/кг [7].

Содержание хлоридов с глубиной увеличивается в пределах 5,0-5,2 мг/кг [4].

В солевом составе преобладают сульфаты, количество которых составляет 52,2 – 51,6 мг на 1 кг почвы. Так в горизонте (А) – 52,2 мг/кг, в горизонте (В) – 51,9 мг/кг и в горизонте (ВС) – 51,6 мг/кг [8].

Количество гидрокарбонатов возрастает с глубиной в горизонте (А) – 12,0 мг/кг, в горизонте (В) – 12,2 мг/кг и в горизонте (ВС) – 12,3 мг/кг [5].




Рисунок-2. Показатель щелочности почвы исследуемого района

Среда в почвах сильнощелочная, обусловлена присутствием карбонатов, неблагоприятна для растений, которая увеличивается с углублением, в горизонте (А) – 8,2, в горизонте (В) – 8,6 и в горизонте (ВС) – 9,1 [9].

Влажность почвы с углублением увеличивается в пределах 1,27 – 1,32 [10].

По данным анализов водных вытяжек темнокаштановые почвы значительно выщелочены от водорастворимых солей.

Почва: темнокаштановая среднемощная карбонатная тяжелосуглинистая почва с кальциево-хлоридно-сульфатным засолением.

Гумусовый горизонт (А+В) достаточно мощный, характеризуется темной окраской, следовательно содержит достаточное количество гумуса от 0,6 – 2,9%, с значительным содержанием карбонатов.

Охарактеризованный нами участок указывает, что здесь преобладает темнокаштановая среднемощная карбонатная тяжелосуглинистая почва.

#### **Выводы:**

В почвенном покрове исследуемой нами степной северо-западной промышленной зоны города Актобе, преобладают среднемощные темнокаштановые карбонатные

тяжелосуглинистые почвы с значительным содержанием гумуса 2,9% – 0,6 % , с кальциево-хлоридно-сульфатным засолением, особенно это заметно в нижних горизонтах почв. Доминирующие в почвенном покрове темнокаштановые карбонатные тяжелосуглинистые почвы с значительным содержанием гумуса, указывают на преобладание злаково-лерхопопынной ассоциаций. Преобладающим видом на этих почвах является ковыль (*Stipa Lessingiana*), ковыль тырса (*Stipa capillata*), типчак (*Festuca sulcata*), полынь Лерха (*Artemisia Lercheana*), полынь австрийская (*Artemisia austriaca*), с обилием пырея пустынного (*Agropyron desertorum*).

#### Литература

1. Систематический список и основные диагностические показатели почв равнинной территории Республики Казахстан .Том I.-Алма-Ата,1995.-289с
2. Практикум по почвоведению.Под редакцией И.С.Кауричева. -Москва :Колос,1980.-118с.
3. Методы определения органического вещества по Тюрину в модификации ЦИНАО основанный на окисление органического вещества ГОСТ РК 26213-84
4. Метод определения иона хлорида в водной вытяжке ГОСТ РК 26425-85
5. Метод определения карбонатов и гидрокарбонатов ГОСТ РК 26424-85
6. Метод определения кальция и магния ГОСТ РК 26428-85
7. Метод определения натрия ГОСТ РК 26427-85
8. Метод определения сульфатов ГОСТ РК 26426-85
9. Метод определения щелочности почвы ГОСТ РК 26423-85
10. Метод определения влажности по ГОСТу РК5180-84

УДК 502.7

### КЕҢІНЕН ҚОЛДАНЫЛАТЫН ПЛАСТМАССАЛАРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ

**О.М.Тургенева, А.К. Бакажанова**

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе қаласы, Қазақстан*

*В статье показаны характеристика пластиковых материалов, их виды, значение, отрасли использования. Также показаны положительные свойства, и вещества, входящие в состав полимерных материалов.*

*The characteristics of plastic materials, their types, value, application areas are presented in the article. Positive properties, and the substances which are a part of polymeric materials are also shown.*

Ключевые слова: *полиамид, пластик, полиэфир, политетрафторэтилен (тефлон, фторопласт), поливинилхлорид, пластмасса, полиэтилен.*

Key words: *polyamide, plastic, polyether, polytetrafluorethylene (teflon, fluoroplastic), polyvinyl chloride, plastics, polyethylene.*

Пластикалық масса - бірнеше ірі топтан тұратын материалдардың жиынтығы. Бұл топтардың дені үлкен молекулалы заттар, яғни смолалар. Бұдан басқа пластмассаның құрамына толтырғыш, майлау заты, пластификатор және полимерлендіру процесін тездеткіш пен бояу кіреді. Осыларды біріктіргенде бәрімізге белгілі пластмасса материалы алынады. Пластмасса көбінесе синтетикалық смолалардан жасалады. Пластмассаны целлюлоза, белокты заттар, битум және табиғатта кездесетін басқа да үлкен-үлкен молекулалы қоспалармен қатар көбінесе толтырғыштар, пластификаторлар, бояулар және тағы басқа заттар кіреді. Бұл заттардың бәрінің де ерекше маңызы бар. Сондықтан да олар

смоладан жасалатын пластмассаның сапасын жақсартады. Енді пластмассаның құрамына енетін заттарды сипаттап кетейік [1].

Пластмассалар - органикалық табиғи, синтетикалық және органикалық полимерлер негізіндегі материалдар болып табылады. Оларды қыздырып, қысқан уақытта күрделі конфигурациялы заттар жасауға болады.

Полимерлер - жоғары молекулалы қосылыстар. Пластмассаларды қайта өңдеу - технологиялық процестердің қосындысы болып табылады, олар белгілі бір конфигурациялы, дәлдікпен және эксплуатациялық қасиеттері бар өнімдер алуды қамтамасыз етеді. Кейбір пластмассалардың беріктігі болатын, шойынның, дюралюминий және т.б. асып түседі. Ең бастысы басқа материалдардан пластикалық массалардың артықшылығы олардың шикізат базасының шексіздігі мен алу жеңілдігі (мұнай газдары, көмір, ормантехникалық өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығының қалдықтары). Өте үлкен механикалық беріктігімен қатар пластмассалардың кейбір түрлерінің керемет оптикалық қасиеттері бар.

Пластмассалар реактопластар мен термопластар болып бөлінеді. Реактопластарды өндеген кезде торлы полимер түзіліп қатады да қайтадан балқытуға келмейді. Ал термопластардан өнімдер жасау кезінде қату жүрмейді де ол қайтадан қоймалжың күйге түсе алады [2].

Пластмассаның әртүрлі қасиетіне қарай авиация, электротехника, радиотехника, кеме, автомобиль жасау, химия, көмір, мұнай секілді өнеркәсіптер мен шаруашылықтың басқа да салаларында, құрылыста, темір жол қатынасында, көпшілік тұтынатын бұйымдар жасауға, спорт істеріне және медицинада да кеңінен қолданылатын болады.

Қазір пластиктер электр, радиотехника өнеркәсібінде электр машиналарына қажет изоляциялық материал үшін, электр және радиотехникалық арматура, электршит жасауға пайдаланып жүр.

Химия, көмір және мұнай өнеркәсібінде пластиктер мұнай трубаларын, жегі сұйықтар құятын, мұнай скважиналарын, химия және мұнай өнімдерін сақтауға қажет ыдыстар, шахта тіреулері және басқа нәрселер жасау үшін қолданылады.

Ал шыны тексолиті құрылыста қабырғалар мен жабынды ірі панелдер, плиталар, гараж, шеберхана, сарайлар салуға қажет жеңіл құрама конструкция, бетон үшін арматура, кенере, есік-терезенің жақтаулары және басқа нәрселер жасау үшін жұмсалады.

Түрлі жәшік, чемодан, мебель және шағын ыдыс-аяқ сияқты көпшілік тұтынатын заттарды жасауға да шыны пластиктер пайдаланылады.

Шыны пластиктерді метро құрылысында, жер асты қазбаларында және су электр станцияларын салғанда жер астындағы үйлердің төбесін жабуға қолданады. Сонымен қоса мұндай материалдар жерге төселетін трубалар мен электр кабелін изоляциялау үшін, химия аппараттарын, цистерналарды, металл резервуар мен газ жүретін жүйелерді тот бастырмас үшін де пайдаланады [3].

Ұшақтың конструкциясына пластмассаның түрлері фанер, металл, шыны тексолитін кеуек пластымен біріктіру арқылы жасалады. Бұл материал ұшақ конструкциясында көп күш түсетін бөлшектерді жасауға жұмсалады [4].

Пластмассаның аспаптар жасауға қажет мына бір түрі туралы үндемей өтуге болмайды.

Политетраортоэтилен смоласының негізінде алынатын пластмассаның фторпласт, тефлон сияқты, түрлері өте жиі тербелістің кезінде де жоғары температураға төзімділігі мен диэлектрикалық қасиетін жоймайды. Сондықтан да, политетрафторэтилен 300°-қа шейін қызатын механизмдердің детальдарын істеуге жұмсалады. Демек, бұдан радиолокациялық қондырғыларға қажет бөліктер жасалады. Политетрафторэтиленнен жасалған бөліктер өте берік болады және қадалмайды. Бірақ политетрафторэтилен суыққа өте төзімсіз келеді, одан қалаған нәрсені жасай қою қиын. Мұның өзі оның басты кемшілігі.

Политетрафторэтиленнің негізінде алынатын шыны тексолитінен радиотехникасына қажет тағы басқа да аппараттар жасалады.

Қазір пластикалық масса көлік өнеркәсібінде жеңіл автомашина, автобус жасау үшін кеңінен қолданылып келеді. Алғашқы кездер пластмассадан автомобильдің электр

изоляциялық, тұтату бөліктері және рулі, жылдамдықты көрсететін аппараттың тілі, есік тұтқасы, түрлі тегеріштер, бензин бағы мен аккумулятордың сауыты сықылды бұйымдары жасайды. Ал соңғы жылдары көлік қорабы да пластмассадан жасаланылатын болды.

Сондай-ақ, отыратын көпшікте, арқа сүйегіш те поропластан жасалады.

Пластмасса дүниесінің ішінде өндірісіміз бен техникамызда кеңінен қолданылып кеткен пластикалық материал түрлерінің бірі - *полиэтилен*. Алғашында ол тек электр изоляциялық мақсат үшін ғана қолданылған. Кейін, электротехниканың өркендеуіне байланысты полиэтиленнің де қолданылатын жері көбейіп кетті. Мысалы, бір ғана пленка өндіруге қажет материалдың 25 процентін полиэтилен алады. Полиэтилен радиолекациялық, радиотехникалық, телевизияциялық және телемеханикалық қондырғылардың жоғары кернеулі кабельдерінің изоляциясы ретінде де қолданылады. Полиэтилен суға шыдамды және су өткізбейтін болғандықтан ол қазір су асты кабельдерін қаптау үшін де қолданылады. Сондай-ақ полиэтиленнен жасалған пленкалар да конденсатор және басқа да радиотехникалық детальдарды изоляциялап орау үшін де пайдаланып келеді.

Ендігі бір полиэтиленнің маңызды жағы - одан әрі түрлі мақсат үшін қолданылатын трубалар жасауға болатындығы. Қазір полиэтиленнен жасалған трубалар кеңінен пайдаланып жүр.

Полиэтиленді сонымен қатар ерітінділерлерге де, қышқылдарға да, сілтілерге де төзімді екен. Енді одан осы айтылған сұйықтарды тасымалдау үшін қажет трубалар жасалады. Қазір өнеркәсібіміз полиэтиленнен диаметрі 12- 150 мм болатын, қысымға төзімді труба жасауды да игерді. 1953 жылы Голландияда ұзындығы 500 км болатын полиэтилен труба жерге төселіп, көмілген болатын. Мұны 6 жылдан соң ашып көргенде, ол сол күйінде бұзылмай жатқаны анықталды. Ал осыншама уақыт жер астында жататын болат трубалар битуммен изоляцияланғанына қарамастан тот басып қалады.

Пластмассаның бір түрі винипластан жасалған труба, пластина, өзек және пленкалар өндірісімізде кеңінен қолдау тауып, қорғасын мен түсті металды, тіпті, сапалы болатты да алмастырады. Түрлі зиянды газдар мен буды айдау үшін қолданылған винипласт трубасы да және одан жасалған желдеткіш те өзінің тамаша қасиетін көрсетіп берді [5].

Винипласт жақсы пісіріледі және оңай желімделінеді. Мұны түрлі аппараттарды, гальваника және электролиз ванналарын қаптауға және түрлі қышқылдар мен сілтілер әсер ететін аппараттардың ішкі беттерін қаптауға қолданады. Тіпті химиялық аспаптардың өзі дерлік осы винипластан жасалады. Бірақ бұл жағдайда мұндай аппараттардың беріктігін арттыру үшін конструкцияға жеңіл қарқастар, түрлі металдардан элементтер пайдаланылады. Кейде винипласты металл табактарға беріктік беру үшін де қолданады. Сайып келгенде, винипластпен көмкерілген бөлшектер мен аппараттар 100° ыстықта жұмыс істей береді.

Пластмассаның бір түрі фталиттен (фенол-формальдегид смоласына асбест толтырғышын қосып алынған пластмасса) жасалған бұйымдар да винипласты пайдаланған мақсат үшін қолданыла береді. Әйтсе де бұл винипластай емес, 160° қызығуға да төтеп береді екен.

Сондықтан да фаолит кокс-химия заводында сепаратор шатырын жасау үшін пайдаланылады. Бұрын әрбір шатырға 2 тоннадай қорғасын кетуші еді. Енді 1 тонна фаолиттен екі шатыр жасалынып, 3-4 тонна қорғасын үнемделеді.

Поливинилпирролидон - ерекше қасиеті бар синтетикалық полимердің бірі. Бұл жалғыз қан алу үшін емес, жіп тәріздес молекулаларының ұзындығына қарап немесе молекулалық салмағына қарай, басқа бағытта да қолданыла береді.

Ал поливинилпирролидонның молекулалық салмағы 30-40 мыңнан жоғары болса, онда мұның судағы ерітіндісі қан сывороткасы ретінде пайдаланылады. Егер мұның молекулалық салмағы 50 мыңнан асып кететін болса, онда мұндай полимерді пенициллин, новокаин, инсулин сияқты дәрілерді адам организмінде ұзақ уақыт ұстап тұру үшін, яғни осы айтылған дәрілердің организмге тигізетін әсерін жаңағы аталған дәрі-дәрмектердің адам организмне әсері бұрынғы 3-6 сағат орнына 3-10 тәулікке дейін созылады екен [6].

Полимерлік материалдар медицинаға қажет түрлі аспаптар мен құралдарды жасау үшін де үлкен орын алады.

Адамның жүрегіне, бүйрегіне және басқа да маңызды мүшелеріне жасалған операция ұзаққа созылатын кезде, бұлардың атқарып тұрған қызметін уақытша тоқтатып тастайды. Алайда барлық организм өліп қалмауы үшін жүрек те, бүйрек те жұмысын тоқтатпауы керек.

Ал, пластмассаның полиуретан деген түрінен жасалатын шпирцтер медицинада кеңінен қолданылып келді. Мұндай пластмассаның құрамында ерекше зат болғандықтан оны қауіптенбей-ақ қайната беруге болады. Пластмассадан жасалған шпирцтер сынбайды. Пластмассаның физика-химиялық қасиеттері жақсы болғандықтан конструкторлар мен медицина қызметкерлері мұны медициналық түрлі аспаптар жасау үшін пайдаланады [2]. Фенолдан, фенолды-поливинилбутериалдан, полиамидтен, полиуретаннан, полиэфирден, эпоксидтен және осылардың қоспаларынан жасалған желімнің қазір құрылыс ісінде маңызы артып келеді. Бұл желіммен түрлі ағаш және металл конструкциялар, басқа да құрылыс элементтері ешбір шегесіз желімдеп біріктіріледі. Синтетикалық желімнің бір жақсы жері - оның суға да, қызуға да төзімді, ерімейтіндігі мен түрлі дымқылға шірімейтіндігі. Синтетикалық желімді жағып біріктірген жер мейлінше мықты болады. Мысалы, желімдеп біріктірген ағашты ұрып сындыруға болатын болса да, олардың жілімделген жіктері ашылмайды. Сол сияқты эпоксидті желіммен жалғастырылған металды да балқытып соғып, қалаған нәрсеңді жасай беруіңе болады, оның жігі ашылмайды [3].

Линолеум - құрамына полихлорвинил сияқты пластиктер қосылатын қыртысты пластикалық материал. Оның түрлері көп болғанымен бұларды даярлау технологиясы бір-бірімен өте ұқсас.

Тұрмыста қолданылатын пластмассалық материал тек еденге төсеумен шектеліп қоймайды. Сонымен қатар пластикалық материалдың кейбір түрлері үй ішіне тұтып, қабырғаға жапсырып, көркемдеу үшін де пайдаланып жүр. Бұл мақсатқа бола жоғарыда айтқан полистрол плиталарымен қоса пластикалық материалдардың басқа түрлері де пайдаланылады

Пластмасса өндірілуінде жұмсалған полимерлердің түріне қарай үлкен екі топқа бөлінеді:

- а) синтетикалық смолалардың негізінде алынған пластмасса;
- б) табиғи үлкен молекулалық қосылыстардың негізінде алынған пластмасса.

Синтетикалық смолалардың негізінде алынған пластмассаның өзі сол пайдаланылатын смолалардың алыну тәсілдеріне байланысты екіге бөлінеді.

- полимерленген смолалардан жасалған пластмасса. Бұған жататындар: полиэтилен, полипропилен, полистирол, поливинилхлорид, полиметилметакрилат тағы басқалар.

- поликонденсациялық смолалардан жасалған пластмасса. Бұған жататындар: фенопластар, аминопластар, полиамидтық, полиэфирлік, эпоксидтік, кремнийорганикалық пластмасса [8].

Табиғи үлкен молекулалық қосылыстардан алынған пластмассада үшке бөлінеді:

- целлюлозадан алынған пластмасса: этрол, целлон, целлюлоид;
- белокты заттардан алынған пластмасса: галалит, т.б.
- битумнан алынған пластмасса: рубериод, толь, тағы басқалары. Полиэтиленнің қасиеттері. Полиэтилен қышқылдардың, сілтілердің, органикалық еріткіштердің әсеріне өте төзімді келеді. Полиэтилен иіссіз, түсі сарғылт, қатты пластик. Полиэтиленнің екі түрінің де негізгі қасиеттерінің сипаттамасы төменде № 1 кестеде көрсетілген.

Кесте 1.

Полиэтиленнің басты қасиеттерінің сипаттамасы

Қасиеттері	Полиэтиленнің қысымы	
	жоғары қысымда	шамалы қысымда
Меншікті салмағы, г/см <sup>3</sup>	0,92 - 0,93	0,94 - 0,96
Балқу температурасы, С	115	125-130
Томырықтану температурасы, сС	65	75
Үзуге беріктігі, кг/см <sup>2</sup>	120	250
Үзілгенге дейін ұзаруы, см	450	1000
Дым тартуы (салмағы артуы)	0,01	0,01
Диэлектрикалық тұрақтылығы 60 гцда	2,3	2,2

Сығу, балқытып құю әдістерін қолдана отырып, полиэтиленнен әртүрлі заттар жасауға болады. Полиэтиленнен труба, шланг, пленка, түрлі ыдыстар жасарда оған толтырғышсыз пластификаттар мен бояу қосып қана пайдаланылады.

Полипропилен - синтетикалық материалдың жаңа түрі. Оны алу үшін кәдімгі пропилен полимерлендіріледі.

Полипропиленнің молекулалық салмағы 10000-нан 50000-ға дейін. Полипропиленнің негізгі қасиеттерінің біразы төменгі № 2 кестеде көрсетілген. Полипропиленнің өндірісімізде пайдаланылуы полиэтилен сияқты. Полипропилен бағалы торға даярлау үшін кеңінен қолданылады [9].

Кесте 2.

Полипропиленнің қасиеттерінің кейбір көрсеткіштері

Қасиеттері	Мөлшері
Меншікті салмағы г/см <sup>3</sup>	0,9-0,91
Үзілу беріктігі, кг/см	300-330
Ұзаруы, см	500-700
Балқу температурасы, °С	164-170
Диэлектрикалық тұрақтылығы 10 гцда	200-2,1

Поливинилхлорид - қазіргі уақытта ең көп тараған термопластикалық полимерлердің бірі. Себебі, поливинилхлорид техникаға таптырмайтын қасиеттері болуымен қатар, оны алу басқа полимерлерге қарағанда арзанға түседі.

Поливинилхлоридтің қасиеттері. Оның меншікті салмағы 0,9 -1,4 г/см<sup>3</sup>, молекулалық салмағы 18 мыңнан 120 мыңға жетеді. Бұл пластик те түрлі қышқыл, сілті, су және тотықтырғыштардың, бензиннің және майлардың әсеріне төзімді, ток өткізбейді, әрі берік, созылғыш және отқа да төзімді, жанбайды. Осы қасиеттерімен қатар поливинилхлоридта сәуленің әсеріне және ыстыққа төзімді болатыны сияқты кемшіліктері де бар [1].

Политетрафторэтилен (Тефлон, фторопласт) - пластиктер тетрафторэтиленді полимерлеу арқылы алынады. Политетрафторэтиленнің қасиеттері. Бұл пластик қазіргі белгілі пластиктердің ішіндегі ең ауыры. Мұның меншікті салмағы 2,2-2,3 г/см<sup>3</sup> және термопластикалық пластмассаның ішіндегі температураға ең төзімдісі, яғни бұл 300° дейінгі температураға төтеп береді.

Полиметилметакрилат (органикалық шыны) - алуда метилметакрилатты блок және эмульциялық полимерлендіру тәсілдері қолданылады. Тоқ өткізбейді, берік мөлдір, судың әсерінен де ерімейтін қатты зат. Полиметилметакрилат органикалық шыны ретінде самолет, машина жасау өндірісінде, әр түрлі оптикалық аспаптар, жасанды көз, түрлі

протездер, жасанды былғары, труба, шланг, пленка жасауға қолданылады, силикаттық шынының (кәдімгі әйнектің) орнына да жүреді.

Полиамидтік пластиктер - екінегізді қышқылдар мен диаминдерден поликонденсация реакциясы арқылы алынатын смоланың бірі. Полиамидтік пластиктердің қатарына капрон, анид (найлон) қосылады. Полиамидтік смоланың молекулалық салмағы 25 000 аралығында жатыр. Полиамидтік пластиктердің меншікті салмағы - 1,13 г/см. Бұл пластиктер судың, түрлі тотықтырғыштардың әсерінен бүлінбейді, тоқ өткізбейді. Механикалық берік. Сондықтан да қай жерге берік материал қажет болса, сол жерге полиамидтік пластиктер жұмсалады. Мысалы, бұл кеме винттерін жасауға қолданылады. Полиэфирлік пластиктер - екі негізді қышқылдар мен екі немесе бірнеше атомды спирттерден алынған смолалардың негізінде жасалады. Полиэфирлік пластиктің молекулалық салмағы 12,000 - 20 000, меншікті салмағы - 1,2-1,3 г/см<sup>3</sup>. Бұл пластиктің де химиялық еріткіштерде төзімділігі, механикалық беріктілігі, тоқ өткізбейтін қасиеттері жақсы. Полиэфирлік пластиктер конструкциялық материал ретінде, пленка ретінде кеңінен қолданылады [11].

#### Әдебиеттер

1. Шефтель В.О. Вредные вещества в пластмассах: Справ. Изд.: М.:Химия, 1991.- с.20-26
2. Шевченко М.Г., Генель С.В., Феофанов В.Д. Гигиенические требования к полимерным материалам, применяемым в пищевой промышленности.-М., Медицина, 1972.- с.119-141.
3. Мадорский С.Л. Техническое разложение органических полимеров. М., Мир, 1977. с 302-307.
4. Гуричева З.Г., Петрова Л.И. и др. Санитарно-химический анализ пластмасс. -Л.,Химия.- 1977.- с.28-35.
5. Облыстық СЭС материалдары.
6. Вронский В.А. Прикладная экология: Учебное пособие. Г.Ростов- на- Дону: Изд-во «Феникс».-1996.- с 455-457

ӘЖО 502.211:582(574)

### МУҒАЛЖАР ТАУЫНЫҢ ОҢТҮСТІК АЙМАҒЫНЫҢ ФЛОРАСЫ

**Т.Е.Дарбаева, А.Т. Каирова**

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті  
Орал қаласы, Қазақстан*

*В данной статье рассматривается флора и современное состояние южной части Мугоджарских гор. Дана характеристика флористическому составу, географическим элементам, жизненным формам, также произведен биоморфологический, географический, эколого-фитоценотический анализ флоры. Флора Боктыбай сосавляет лесной, лесо-степной и луговой растительный генофонд.*


*In the article the flora and the current state of the southern part of the Mugodzhar Mountains is considered. The characteristics of floristic structure, geographical elements, vital forms is given, the bio-morphological, geographical, ecological and phytocenotic analysis of the flora is also made. Flora Boktybay is a forest, forest-steppe and meadow vegetable gene pool.*

Ключевые слова: флора, Мугоджарские горы, биоморфологический, географический, эколого-фитоценотический анализ.

Key words: flora, the Mugodzhar Mountains, bio-morphological, geographical, ecological and phytocenotic analysis.



Зерттеу жұмысы 2013-2014 жылдары жүргізілді. Негізінен зерттеу барысында БҚМУ-дің кеппешөптер қоры және Мұғалжар тауының оңтүстік аймағындағы өсімдіктер флорасы қолданылды. Нәтижесінде 195 түр, 49 тұқымдас анықталды. Зерттеу объектісі ретінде Ақтөбе облысы, Шалқар ауданында орналасқан орташа биіктігі 250-300 метрдей аласа тау жоталары, ал биік жері – Боқтыбай (657м) тауы алынған болатын.



Сурет №1. Мұғалжар тауының карта-схемасы

Мұғалжар тауларының аумағы ботаникалық-географиялық жағынан аз зерттелген аумақтарға жатады, өйткені бұрынғы ірі ғылыми зерттеу экспедицияларының тек қана жекелеген нысаны ретінде қарастырылған. Бұл аймақты зерттеуге 170 жылға жуық уақыт кеткен.

1841 ж. А. Леман Талдық және Ащысай өзендерінің маңында болып қайтқан. Оның еңбектері ғалым А.А. Бунгемен өңделген.

1857 ж. И.Г. Борщов Бестамақ биіктігі мен Ор өзенінің жоғарғы жағы арқылы Мұғалжар және Айрық тауының оңтүстік бойын жағалаған. Екінші экспедициясында Жамантау тауларын зерттеді. Борщов зерттеулерінде Мұғалжар жоталарының батыс және шығыс баурайлары туралы бірқатар қызықты мәліметтер кездестіруге болады. Сонымен бірге Арал-Каспий аймақтарындағы көріністеріне талдаулар да жасалған.

1904 ж. В.А. Дубянский Мұғалжар тауларының бірқатар жерлерін аралайды: Даудынтаудан Жамантауға, ал кейін қайтарда жотаның ортасына дейін (Біршоғыр стансасы, Орынбор-Ташкен теміржолы). Ол төбелер мен жота араларындағы өсімдік әлемін егжей-тегжей зерттеген ғалымдардың бірден-бірі болып саналады.

1927 ж. Ф.Н. Русанов Мұғалжар тауларының батыс және шығыс баурайының өсімдік жабынын барлық вегетациялық кезеңде зерттеген. Өкінішке орай, Русанов зерттеулерінің материалдары жарияланбаған. [1]

1933 ж. Мұғалжар тауларына В.В Иванов зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

1934 жылы Г.И. Дохман экспедиция құрып, қажырлы еңбегінің нәтижесінде 1954 жылы «Растительность Мугоджар» атты еңбегі жарық көреді. Бұл еңбегінде автор Мұғалжар тауының өсімдіктерінің тіршілік формасы, динамикасы, ботаника-географиялық ерекшеліктері туралы жазған.

1979-2008 жылдар аралығында С.А. Айпейсова Мұғалжар тауының өсімдіктері туралы зерттеп, өз еңбектерінде атап көрсеткен. [2-3]

Көріп отырғанымыздай, Мұғалжар мен оның баурайларын зерттеген ғалымдар айтарлықтай көп емес, сондықтан олардың зерттеу еңбектеріндегі өсімдік жабыны туралы мәліметтерді толыққанды деп айтуға болмайды.

Мұғалжар тауының оңтүстік аймағын зерттеу барысында биоморфологиялық, географиялық, эколого-фитоценодикалық талдаулар жүргізілді. Тұқымдастардың ішінде ең көп кездесетіні күрделігүлділер (*Asteraceae*) тұқымдасы. Бұл тұқымдастың 43 түрі бар немесе барлық флораның 22% алып жатыр. Күрделігүлділер тұқымдасының ішінде ең көп кездесетін түр *Artemisia*. Екінші басым белгіні раушан (*Rosaceae*) тұқымдасының 20 түрі бар, яғни 10,2% құрайды. Үшінші орында астық (*Poaceae*) тұқымдастар 15 түрі бар, 7,7% соның ішінде *Stipa* туысының 4 түрі бар. Ал қалған тұқымдастар 12-3 түр арасында кездеседі.

Тіршілік формасы бойынша төменгі кестеден көруге болады.

№1 кесте. Биоморфологиялық анализ

Тіршілік формасы	Жалпы саны	Пайыздық көрсеткіші
<b>Ағаш жамылғысы:</b>	<b>52</b>	<b>26,7%</b>
Ағаштар	8	
Бұта	24	
Жартылай бұта	4	
Жартылай бұташықтыр	16	
<b>Көпжылдық шөптесін өсімдіктер (поликарпиктер)</b>	<b>91</b>	<b>46,7%</b>
Негізгі тамыр	31	
Қысқа тамыр	22	
Ұзын тамыр	17	
Тамырлы	1	
Түйнек түзуші	5	
Жуашықты	2	
Түйнек тамыр	2	
Тығыз түкті тамыр	6	
Борпылдақ түкті тамыр	2	
Түкті тамыр	1	
Шашақ тамыр	1	
Қыл тамыр	1	
<b>Біржылдық шөптесін өсімдіктер (монокарпиктер)</b>	<b>52</b>	<b>26,6%</b>
Бір жылдық	34	
Екі жылдық	8	
Көп жылдық	10	

Зерттеліп отырған ауданда тіршілік формасы бойынша басым белгіні көпжылдық өсімдіктердің 91 түрі, яғни 46,7% құрайды. Соның ішінде негізгі тамырлы өсімдіктердің 31 түрі, оның 15% кездеседі. Ал ұзын тамырлы өсімдіктер шалғындықты өсімдіктер, оның 17 түрі, яғни 8,7% бар. Екінші орынды ағаш жамылғысының 52 түрі, 27% алып тұр, яғни орман өсімдіктерінің 24 түрі 12,3% бұталар құрайды. Біржылдық өсімдіктерді қарастыратын болсақ оның 52 түрі, 26,6% кездеседі. Соның ішінде басым белгіні бір жылдық өсімдіктердің 34 түрі, 17,4% -н құрайды.

№2 кесте. Өсімдіктердің географиялық анализі

Ареалдың атауы	Саны	Пайызы
<b>Евразиятты</b>	<b>69</b>	<b>35,4%</b>
Евразияттық	29	
Евросібірлік	17	
Сібірлік	4	
Қиыр Шығыс	1	
Евразиятты бореальдық	7	
Евросібірлі бореальдық	1	
Понтикалық-Волга-Қазақстандық	4	
Волга –Қазақстандық	3	
Шығыс-Европа Қазақстандық	1	
Оңтүстік Орал	1	
Мұғалжарлық	1	
<b>Ежелгі</b>	<b>36</b>	<b>18,5%</b>
Ежелгі жерорта теңіздік	22	
Жерорта теңіздік	14	
<b>Европалы</b>	<b>57</b>	<b>29,2%</b>
Понтикалық	23	
Европалық	22	
Бореальдық	5	
Субтропикалық	1	
Сарматтық	2	
Төменгі Волга	2	
Шығыс-понтикалық	2	
<b>Голарктикалық</b>	<b>15</b>	<b>7,7%</b>
Голарктикалық	15	
<b>Плюрирегиональды</b>	<b>4</b>	<b>2,0%</b>
Плюрирегиональдық	4	
<b>Турандық</b>	<b>7</b>	<b>3,6%</b>
Арал-Каспий маңы	3	
Төменгі Волга мен Каспий маңы	3	
Каспий маңы	1	
<b>Азияттық</b>	<b>3</b>	<b>1,5%</b>
Орта Азия	1	
Азияттық	2	
<b>Америкалық</b>	<b>4</b>	<b>2,0%</b>
Америкалық	1	
Америкалық-европалық	1	
Солтүстік-Америкалық	2	

Географиялық талдау Мұғалжар тауының оңтүстік аймағына келіп түскен әр түрлі географиялық элементтерді көрсетеді (Тахтаджян А.Л., 1978) .

Біздің есебіміз бойынша түрлік құрамның 35,4% евразиятты түрге жатады, флора құрамының 29,2 % европалық түрлер, флораның 18,5%-н ежелгі түрлер, ал голарктикалық түрлер 7,7%-ды құрайды. Ал қалған түрлер 3-1,5% арасында кездеседі.

Эколого-фитоценодикалық талдау жүргізген кезде далалы түрлердің 109 түрі, 55,8% кездеседі атап айтсақ ең көбі *Asteraceae* тұқымдасынан далалы өсімдіктердің 22 түрі бар . Орманды түрлердің 40 түрі, 20,5%-н құрайды. Соның ішінде орманды өсімдіктердің 28 түрі, әсіресе *Rosaceae* тұқымдасынан 9 түрі бар. Шалғынды өсімдіктердің түрлері жақсы

сақталған 27 түрі, 10,7% кездеседі. Зерттеу ауданының эколого-фитоценодикалық талдауы төмендегідей:

№3 кесте. Эколого-фитоценодикалық анализі

<b>Фитоценотип</b>	<b>Саны</b>	<b>Пайызы</b>
<b>Далалы түрлері</b>	<b>109</b>	<b>55,8%</b>
Далалы	72	
Орманды- далалы	18	
Шөлді -далалы	10	
Шалғынды- далалы	3	
Таулы – далалы	5	
Тас-далалы	1	
<b>Орманды түрлер</b>	<b>40</b>	<b>20,5%</b>
Орманды	28	
Шалғынды –орман	8	
Батпақты –орманды	2	
Бореальды орман	1	
Таулы орман	1	
Шалғынды түрлер	21	<b>10,7%</b>
Арам шөпті түрлер	16	<b>8,2%</b>
Шөлді түрлер	3	<b>1,5%</b>
Су жағасында	1	<b>0,5%</b>
Мәдени түрлер	2	<b>1,0%</b>
Батпақты	3	<b>1,5%</b>

Біздің зерттеу жұмысымыздың нәтижесі бойынша Мұғалжар тауының оңтүстік аймағының флористикалық құрамы 195 түр, 49 тұқымдасты құрайды. Тіршілік формасы бойынша 19 топтан тұрады, соның ішінде басым белгіні поликарпиктер (47 %) алып тұр. Географиялық элементтер бойынша 29 топ, басымдылық көрсетіп тұрған евразиятық түрлер 35%. Ал эколого-фитоценодикалық талдау бойынша далалы өсімдіктер түрлері басым, бірақ орманды өсімдіктердің түрлеріде жақсы сақталған. Сонымен зерттелген аймақта тек қана далалы өсімдіктер ғана емес, орманды, шалғынды, орманды-далалы, шөлді-далалы өсімдіктер кездеседі.

#### **Әдебиеттер**

1. Дохман Г.И. Растительность Мугалжар. – М.; Л.: Изд-во географической литературы, 1954.-236с
2. Айпеисова С.А. Флора Актюбинского флористического округа. – Актюбе, 2013.-312с
3. Айпеисова С.А. Конспект флоры Актюбинского флористического округа. - Актюбе, 2012.-175с
4. Тахтаджян А.Л. Флористические области Земли. - Ленинград, Наука, 1978.-247с
5. Серебряков И.Г. Жизненные формы высших растений. -М.; Л., Наука, 1964.- 146-205с

## МҰНАЙ ӨНДІРУ КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА БЫҚПАЛЫ

Г.Н.Нұрмұханова, Г.Ж. Сагинаева

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе қаласы, Қазақстан*

*Крупные нефтяные компании являются очень серьезными вредителями окружающей среды. Так как нефть и газ – это токсичные вещества. Попадая в окружающую среду и организм человека, приносят очень сильный вред. Поэтому главной целью является уменьшение объема вредных веществ в окружающей среде.*

*Major oil companies cause serious damage to the environment. Since oil and gas are toxic when they get into the environment and the human organism, they do a lot of harm. The main aim is to decrease the amount of harmful substances in the environment.*

Ключевые слова: *окружающая среда, нефть, газ, здоровье, вред.*  
Key words: *environment, oil, gas, health, damage.*

15. Terziev, Sv. The Balkans as a Dirty Word, Sega Daily (January 6, 2000)
16. Todorova M., Imagining the Balkans, 1997., p. 497

**ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ**  
**ЭКОНОМИКА И ПРАВОВЕДЕНИЕ**  
**Economics and Law**

УДК 338.98

**ОБЪЕКТИВНЫЕ И СУБЪЕКТИВНЫЕ ФАКТОРЫ  
РАЗВИТИЯ ЕВРАЗИЙСКОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО СОЮЗА**

**К.С. Айнабек**

*Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза  
г. Караганда, Казахстан*

*Мақала авторы Еуразиялық экономикалық одақ жұмысын дамытудың объективті және субъективті факторларына талдау жасайды.*

*The author of the article analyses objective and subjective factors of Eurasian Economic Union development.*

Кілт сөздер: экономика, одақ, тиімділік, өсу, саясат.

Key words: economy, union, efficiency, development, policy.

29 мая 2014 года был подписан договор о создании Евразийского экономического союза главами трех государств Казахстаном, Россией и Белоруссией. Данный договор вступил в силу с 1 января 2015г. Этого момента ждали народы Евразийского пространства более двух десятилетий. Данное событие имеет архиважное значение не только для развития данного региона, но всего мира.

В современных условиях для адаптации и эффективного развития странам необходимо трансформироваться, исходя из требований глобализации. В настоящее время развивающиеся страны находятся в неравных условиях по сравнению с высокоразвитыми государствами. Монополистическое господство США и международных транснациональных корпораций высокоразвитых стран не дают возможности развивающимся странам вести самостоятельную политику в развитии национальной экономики. Поэтому такая геополитика требует объединение усилий развивающихся стран для выживания и эффективного роста и создания различных союзов в противовес доминирования высокоразвитых стран и международных корпораций. **Это является первым условием создания Евразийского экономического союза** для Казахстана, Кыргызстана, Белоруссии и России, Армении.

По этому поводу хочется отметить и мнение зарубежного эксперта парижского корреспондента Кэрл Мэтлэка, который на свой вопрос дал следующий ответ: «Так почему же другие страны присоединяются? Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев стремится поддерживать хорошие отношения с Москвой отчасти потому, что его страна экспортирует большую часть своей нефти по российским трубопроводам. У Армении партнерство с Россией в сфере безопасности, а Кыргызстан боится стать изолированным и уязвимым для экономического давления со стороны Китая. У Белоруссии же на самом деле не было выбора в вопросе присоединения, так как ее экономика остановится без значительно субсидируемой российской нефти и газа» [1].

В целом данная точка зрения зарубежного эксперта совпадает с нашим с позиции существования необходимости интеграции данных стран в ЕАЭС, хотя наш подход на порядок расширяет содержательный аспект.

**Следующим вторым условием представляется переход к инновационной экономике.** Глобализация инновационного пространства, существенно раздвигает рамки производственных процессов, позволяя выносить за пределы развитых стран наиболее

трудоемкие звенья технологических цепочек. Стало жизненно важным быстро и адекватно реагировать на изменения внешней среды, дешевле быстрее и лучше проектировать, разрабатывать, производить, испытывать, эксплуатировать, а также поддерживать существующие и будущие высокотехнологичные системы.

Парадигма инновационного развития современного общества, по мнению многих авторитетных аналитиков, не имеет альтернативы, современная мировая практика ориентируется на стратегию создания национальных инновационных систем не только в развитых, но и в развивающихся странах. Безальтернативность инновационного пути развития тесно связана с тенденциями социальной эволюции, перспективами и стратегиями обеспечения будущего цивилизации, которая должна адекватно отвечать на глобальные вызовы, как со стороны природы, так и самого общества и экономики. Далее инновационное развитие возможно для развивающихся стран только в объединении совместных усилий. Здесь нужно для доказательства отметить следующие факты, что доля инновационного продукта в ВВП в Казахстане составляет около 1- 1,5% [2], России – 17-20% [3], Белоруссии – 15-19% [4], тогда как в высокоразвитых странах Запада – от 50 до 70% [5].

Как видно из данных инновационного развития высокоразвитых стран, именно инновационное направление развития позволит создать устойчивую и конкурентоспособную экономику, которая может противостоять внешним и внутренним вызовам.

Инновационное развитие предполагает формирование наукоемкой экономики по следующей схеме: от потребности общества и рынка к идее, затем научные открытия, внедрение в производство, исследование рынка и оформление коммерческого продукта для реализации и удовлетворения потребности общества.

Развитие национальных инновационных систем в странах ЕАЭС нацелено на такую интеграцию в мировую инновационную систему, при которой они смогут играть активную роль в генерации, распространении и использовании знаний, а не только платить соответствующую (технологическую) ренту другим странам.

Реализация межгосударственной инновационной политики основывается на создании такой системы, которая позволит в кратчайшие сроки и с высокой эффективностью использовать в производстве интеллектуальный, технологический и производственный потенциал государств-членов ЕАЭС.

Решение указанных проблем возможно только путем создания Евразийской инновационной системы в рамках единого межгосударственного инновационного пространства, объединяющего ресурсы национальных инновационных систем и придающего устойчивый и системный характер инновационному развитию, что будет способствовать эффективному использованию научно-технических разработок и изобретений, независимо от места их происхождения.

**И третьим условием является социализация рыночной экономики, социально-культурное, духовное развитие.** Поскольку современный мир становится технократическим с потребительскими характеристиками, что служит фактором воспроизводства экологического, социального и экономического кризиса в мировом масштабе.

По этому поводу Н.А. Назарбаев подчеркнул в своем докладе на VII Астанинском экономическом форуме, что мировое сообщество катится в средневековье. «По оценкам исследовательского института «Кредит Суис» сегодня в руках почти 1% населения планеты сконцентрировано около 40% мирового богатства. В то же время практически 70% населения земли обладает лишь 3% богатства. С учётом демографических трендов данная тенденция будет лишь усиливаться. Такая ситуация может существенно подорвать глобальное развитие и спровоцировать колоссальное социальное противоречие в будущем. Вместо постиндустриального мира человеческая цивилизация вернётся в тот период, которые исследователи называют «новыми средними веками» [6].

Далее Н.А. Назарбаев особое внимание уделяет развитию общества и культуры, науки в решении вышестоящих проблем. Он отметил в МГУ, «что экономическая интеграция активизирует и сделает более глубокими культурно-гуманитарные связи между нашими народами. XXI век однозначно делает культурный сегмент важнейшей составляющей национальных экономик, приносящих солидный процент роста ВВП. Это и туризм, в том числе историко-культурный, экологический и медицинский. Это образовательные услуги, которые особенно важны для инновационно-индустриального развития и систем управления»[7].

Также Н.А. Назарбаев особо обращает внимание на развитие человеческого капитала: «наш выбор - это инвестиции в человека, что не даёт быстрого эффекта, но неуклонно ведёт к качественным изменениям в уровне жизни населения»[6]. В связи с этим приведем пример того, что на сколько страны СНГ отстают от высокоразвитых в плане распределения дохода между капиталом и трудом. В развивающихся странах 30% общего дохода идет для оплаты труда, а в высокоразвитых – 70%. При этом скандинавских странах группа богатых собственников имеют доход в 3-5 раз больше чем часть средне-низкооплачиваемых, тогда как в странах СНГ эти показатели отличаются от 17 до 40 раз по различным экспортным данным, хотя в официальных статданных показываются цифры 6-8 раз[9]. Здесь нужно подчеркнуть, что без справедливого распределения национального дохода между трудящимися и капиталом не возможен будет мир, согласие, благополучие и развитие Евразийского экономического союза.

Переход к Евразийскому экономическому союзу означает, прежде всего, формирование общей стратегии развития, которая должна появиться вместе с общим рынком, и формирование общесоюзных институтов регулирования экономики. Общая стратегия необходима, чтобы мы могли оптимально сочетать конкурентные преимущества и избегать ситуаций, когда появляются избыточные мощности. Она нужна также для правильного определения прорывных и перспективных направлений экономического роста. В связи с этим можно отметить высказывание Назарбаева Н.А.: «Цели Евразийского экономического союза выдвигают особые требования к его правовым и организационным механизмам. Они должны представлять инструмент, который основан на твердых принципах, но в то же время обладает достаточной гибкостью, чтобы адекватно реагировать на любые изменения. Очевидно, что структура и методы управления органами Евразийского экономического союза не могут быть просто калькой с других интеграционных структур. Нужно искать инновационные модели менеджмента, отвечающие уникальной миссии нашего объединения»[8].

Именно переход к общей стратегии развития и интеграция даст ощутимый эффект. Так, например, эксперты отмечают, что интеграционный эффект роста ВВП составит 17-20 процентов для каждой страны ЕАЭС, экономия времени на товарообмен между странами составит 40%, товарообмен увеличится от 2 до 5 и более раз, а в дальнейшем синергетический эффект увеличится многократно [10].

Далее уместно отметить высказывание академика РАН, советника президента РФ Глазьева С.Ю., который пишет, что «по объективным историческим, экономическим и политическим причинам ключевую роль в организации процессов евразийской интеграции играет Россия. Исследования общественного мнения, проводимые различными социологическими службами, свидетельствуют о сохраняющемся представлении о России как объединяющем центре у населения всех государств СНГ. От России ждут инновационного прорыва, ждут сигналов на осуществление системных преобразований, которые будут учитывать национальные интересы государств — участников процессов евразийской интеграции» [11]. Так, по данным социологического опроса центром ЦИРКОН на высоком уровне находится поддержка ЕАЭС в их государствах-участниках: 73% — в Казахстане, 67% — в России и 65% — в Белоруссии [12].



В современных условиях достижения науки и технологий в значительной степени определяют динамику экономического роста и уровень конкурентоспособности государств, степень обеспечения их независимости и суверенитета, национальной безопасности и эффективности интеграции в мировую экономику. Развитые страны перешли к качественно новой стадии социально-экономического развития, основным содержанием которого является создание экономики, основанной на знаниях, которая базируется на высокоэффективных национальных инновационных системах.

Далее нужно отметить, что уровень координации напрямую связан с восприятием значимости инноваций. Если образу жизни граждан действительно что-то угрожает, то предполагается, что инновационная стратегия будет контролироваться на самом высоком уровне, «централизованный» подход станет важным средством ее осуществления, и в определенных случаях, это будет затрагивать все секторы экономики. При этом важно учитывать и создавать условия и механизмы самоорганизации процесса инновационного развития.

В будущем макроэкономический эффект от интеграции стран в ЕАЭС будет следующим:

- ▶ повышение эффективности производства товаров и услуг, благодаря уменьшению издержек перевозки;
- ▶ стимулирование честной конкуренции и партнерства на общем рынке ЕАЭС;
- ▶ увеличение доходов населения за счет уменьшения издержек и повышения производительности труда;
- ▶ наращивание производства и развитие реального сектора экономики за счет увеличения спроса на товары;
- ▶ увеличение занятости населения в производствах импортоориентированных/экспортоориентированных фирмах, меж- и национальных корпорациях ЕАЭС;
- ▶ повышение окупаемости новых технологий и товаров за счет увеличения объема рынка и т.д.

Как видно, перед странами будущего Евразийского союза стоит сложная задача: как правильно определить инновационную стратегию, чтобы генерировать рост и, как следствие, обеспечить ресурсы, необходимые для повышения общественного благосостояния, преодоления рыночной и финансовой неустойчивости, переходу к новым укладам инновационного развития.

Анализ инновационного и инвестиционного потенциалов стран сообщества показывает, что у каждого из государств-членов ЕАЭС есть свои особенности и национальные приоритеты. Однако имеются присущие каждому государству-члену ЕАЭС проблемы инновационного развития. Все это требует скоординированной работы и разработки механизмов достижения к намеченным результатам.

Далее нужно отметить высказывание С.Ю. Глазьева о том, что будущий бюджет Евразийского союза будет формироваться на начальном этапе развития преимущественно за счет России до 87%, при этом все страны ЕАЭС будут иметь равные голоса в решении возникающих проблем.

В деле создания объединенного инновационного пространства и совершенствования будущего Евразийского союза также должны вносить свой вклад граждане и организации каждой из этих стран.

Конечно, идея создания и развития Евразийского союза должна стать общим делом не только для руководителей интегрирующихся стран, но всех народов, коллективов, которые хотят изменить мир к лучшему.

Евразийский союз должен скрепляться на идее формирования и развития евразийской цивилизации. Здесь важно не противопоставлять русскую цивилизацию с евразийской, поскольку первое представляет собой составную часть последнего. В евразийскую цивилизацию входят русская (славянская) и тюркская цивилизация, исламская, буддийская и др. Однако некоторые авторы хотят навязать, как главную идею

русской цивилизации для всех стран ЕАЭС. Такой подход является грубейшей ошибкой, поскольку русская цивилизация охватывает только славянский мир, а культура многих народов в России очень сильно отличается, тем более стран ЕАЭС. Здесь «правильнее говорить о евразийской цивилизации, - отмечает Л.Савин, - однако в верхах, говоря о евразийском проекте, больше думают об экономической интеграции, а не о культурном наследии, комплиментарности народов и общих духовных основах» [12].

С момента создания Евразийского союза начинается новая эпоха развития не только для нашего региона, но и всей планеты, а это должно подтвердиться в будущем.

#### Литература

1. [http://www.mignews.com/news/economics/world/010614\\_111151\\_95689.html](http://www.mignews.com/news/economics/world/010614_111151_95689.html)
2. [http://www.stat.gov.kz/faces/wcnav\\_externalId/homeNumbersScience?\\_afLoop=608555843348377#%40%3F\\_afLoop%3D608555843348377%26\\_adf.ctrl-state%3Dj865e1rhx\\_90](http://www.stat.gov.kz/faces/wcnav_externalId/homeNumbersScience?_afLoop=608555843348377#%40%3F_afLoop%3D608555843348377%26_adf.ctrl-state%3Dj865e1rhx_90)
3. [http://www.dp.ru/a/2012/06/21/Innovacionnij\\_biznes\\_obes/](http://www.dp.ru/a/2012/06/21/Innovacionnij_biznes_obes/)
4. [http://belapan.by/archive/2014/05/13/media\\_forum/](http://belapan.by/archive/2014/05/13/media_forum/)
5. <http://www.aspu.ru/images/File/Izdatelstvo/KR2/8.pdf>
6. [http://www.akorda.kz/ru/page/page\\_216807\\_vystuplenie-prezidenta-kazakhstana-n-nazarbaeva-na-otkrytii-plenarnogo-zasedaniya-vii-astaninskogo-ek](http://www.akorda.kz/ru/page/page_216807_vystuplenie-prezidenta-kazakhstana-n-nazarbaeva-na-otkrytii-plenarnogo-zasedaniya-vii-astaninskogo-ek)
7. <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1398738840>
8. [http://www.modern-rf.ru/netcat\\_files/93/47/h\\_5a963156f4acdc7814f0b843cae74e2c](http://www.modern-rf.ru/netcat_files/93/47/h_5a963156f4acdc7814f0b843cae74e2c)
9. Сергей Глазьев о Евразийском Экономическом Союзе.  
<https://www.youtube.com/watch?v=7oZpZn3qxlC>
10. <http://www.dynacon.ru>
11. [http://www.eabr.org/r/research/centre/projectsCII/integration\\_barometer/?id\\_16=32343](http://www.eabr.org/r/research/centre/projectsCII/integration_barometer/?id_16=32343)  
<http://ru.calameo.com/read/003469669f1035526f139>
12. <http://maxpark.com/community/129/content/1426568>

ӘОЖ 34.0

#### Азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет туралы теориялар

Е.И.Исибаева, Ү.Т. Ізтұрғанова

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе қаласы, Қазақстан

*В данном статье рассматриваются фундаментальные вопросы о теории гражданского общества и права государства. Всегда формирование гражданского общества так или иначе увязывалось с проблемами совершенствования государства, возвышения роли права и закона. Правовое государство можно считать оплащением идей незыблемости и верховенства закона, о его божественном и справедливом содержании.*

*The article considers fundamental questions of the theory of civil society and the state law. The formation of civil society has been always connected with problems of the state perfection, eminence of the role of law and legislation. Ideas about firmness and rule of law, its divine and fair contents, the necessity of compliance of the law with the legislation are considered to be the legal base of the state.*

*Ключевые слова: гражданское общество, государство, право, закон.*

*Key words: civil society, state, law, legislation.*

Азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет туралы толып жатқан ой-пікірлер, әр түрлі теориялар бар. Бұл ой-пікірлердің, теориялардың көп болатын себептері қоғамдағы барлық таптардың, ұлттардың топтардың мүдде-максатына қатысты болуы. Тағы да бұл

мәселе әр түрлі идеологиямен, саяси партиялармен байланысты болуы. Бұл жерде ескерте кететін бір мәселе Кеңес дәуірінде елімізде марксистік мемлекеттік теория тұрғысынан зерттеп, түсініп келдік. Ол кезде қоғам мен мемлекетті таптық тұрғыдан зерттеуге тырыстық, басқа теорияны, басқа бағытты сырып тастап отырдық. Қазір ол теорияларға көзқарас түзелді, дұрысталды. Тарих теориялардың бәрінде аздап болса да шындық және тарихи нақты дәлелдер болады. Сондықтан ол теорияларды білу, дұрыс жағын алу, пайдалану өте қажет. Сол деректерді ескере отырып жүргізілген зерттеудің ғылымға, қоғамға пайдасы мол. Тағы бір ескертетін мәселе «азаматтық қоғам» деген алғашқы қауымдық қоғамда да, құлиелену формациясында да, феодалдық формацияда да болған жоқ. Себебі ол қоғамдарда «азаматтық» деген ұғым болған емес. Бұл ұғым тек буржуазиялық қоғамда өмірге келді. Сондықтан біз теорияны тек құқықтық мемлекет туралы қарастырамыз.

Құқықтық мемлекет - тек парасаттылықтың, әділеттіліктің шынайы белгісі ғана емес, сонымен бірге адамның бостандығын, қадір-қасиетін, ар-намысын, теңдігін қорғайтын, демократияны қалыптастыратын күш. Міне қоғамның алдында тұрған осы мүдде-мақсатты орындау мемлекеттің міндеті, ал осы бағытта қалыптасқан құқықтық нормаларды орындау, сол арқылы заңдылықты, құқықтық тәртіпті қатаң сақтауға үлес қосу адамдардың міндеті. Құқықтық мемлекет екі жақты жауапты объективтік процесс. Құқықтық мемлекетті қалыптастыру, дамыту адам қоғамының көне заманнан негізгі мақсаты болды. Көне дәуірдің ойшылдары: Сократ, Демокрит, Платон, Аристотель, Цицерон құқық пен мемлекеттің өзара қатынасын инабаттылық, парасаттылық, әділеттілік жолмен дамуын армандады. Аристотель: Заң үстемдігі болмаса демократия жоқ - деді. Феодалдық дәуірде Н. Макиавелли, Ж. Боден т.б. саяси қайраткерлер құқықтық мемлекет орнату төңірегінде көп қиялданып, біраз пікірлер айтып кетті.

Құқықтық мемлекет орнату концепциясына пікір айтып өте зор үлес қосқан атақты ғалымдар: Г. Гроцкий, Б. Спиноза, Д. Локк, Ш. Монтескье, Д. Дидро, П. Гольбах, Т. Джефферсон, Вольтер, Гельвеций, Кант, т.б.

Гроцкий - қоғам тарихында қалыптасқан құқықты екіге бөлді: табиғи құқық - адамды қоршаған ортаның әсерінен және жеке адамның өзінің ақыл, парасаттылығынан қалыптасатын құқықтар; екіншісі - мемлекеттің қабылдаған нормативтік актілер арқылы ешкімге зиян келтірмей орындауға тиіс. Мемлекет қоғамдық жалпы халықтық шарт арқылы өмірге келді деп түсіндірді.

Монтескье — мемлекет адамдардың саяси және азаматтық бостандығын, теңдігін қатаң орындауы керек. Сонда ғана құқықтық мемлекет болады.

Локк - Маркс құқықтың мазмұнын өте дұрыс, ашық түсіндірді. Мемлекет адамдардың құқықтарын қорғау үшін қалыптасты. Құқықтық мемлекеттің негізгі мазмұны халықтың табиғи бостандығын, теңдігін қорғау.

Кант — құқықтық мемлекеттің философиялық негізін ғылыми тұрғыдан зерттеді. Мемлекеттік жұмыстың өзекті мәселесі жеке адамның қадір-қасиетін, ар-намысын, бостандығын, теңдігін қорғау, адамның қоғамда үстемдігін қалыптастыру деп түсіндірді.

Гегель - қоғамдық ғылымдардың негізгі бағыттарының бірі құқықтық философия. Мемлекет дегеніміз жан-жақты дамыған құқық деп түсіндірді. Азаматтық қоғам құқық арқылы адамдардың мүдде-мақсатын қорғайды. Мемлекет құқықпен моральдың бірлестігін дамытып халықтың әлеуметтік жағдайын жан-жақты жақсартуы.

Маркс — құқық пен мемлекетті қоғамның таптық құрылысына сәйкес қараған. Таптар жойылса құқық пен мемлекет те жойылады. Бұл процесс қоғамда құқықтық мемлекет қалыптасып, бостандық орнаумен аяқталуға тиіс. Бостандық - Маркстің ұғымында, қоғамдағы мемлекеттің үстемдігін жойып, оны қоғамға бағындырып, халықтың мүдде—мақсатын орындайтын органға айналдыру. Сонда ғана құқықтық мемлекет болады[1,195].

Қазіргі заманда құқықтық мемлекет туралы пікір жан-жақт дамып, дүние жүзінің ғалымдары бір тұжырымға келіп, ортақ ғылыми көзқарас қалыптасты деуге толық болады.

Сонымен құқықтық мемлекет туралы теорияны қорыта келіп, оның негізгі мазмұны — халықтың, адамдардың егемендігі, олардың табиғи бостандығы мен құқықтары. Ол мемлекетті қалыптастырудың негізгі күші — адам, қалың бұқара. Сондықтан мемлекет пен құқық демократияны дамытып, халықты қоғамның барлық саласын басқаруға қатыстыру қажет.

Азаматтық қоғам ғылыми тұрғыдан өте аз зерттелген, ол туралы қомақты бірде ғылыми еңбек жоқ. Оның себебі ғалымдар азаматтық қоғам мен мемлекеттің мазмұны ұқсас деп түсініп келді. Расында ұқсастық бар, бірақ та айырмашылық басым. Адам қоғамының қалыптасқанына 1,5 млн. жыл өтті, ал мемлекеттің өмірге келгеніне 6 мың жыл ғана болды. Мемлекет қоғамның сан қырлы көрінісінің бір ғана нысаны. Қоғам туралы ой-пікірлер көне дәуірде де болды, ал "азаматтық қоғам" толық мағынада бұл ұғым өмірге тек XVIII ғасырда келді. Басында азаматтық қоғам деп меншік, отбасы, рынок, мораль салаларындағы қатынастарды түсініп келді. Мемлекет бұл қатынастарға толық бостандық берді. Гегельдің ойынша, азаматтық қоғам - жеке меншіктің, діннің, отбасының, моральдық т.б. талаптарын іске асырудың жүйесі. Азаматтық қоғамда әр адам өз мүддесін көздейді, басқаларды көрмейді... Басқаларсыз ол өз мүддесін іске асыра алмайды - деген Гегель. К. Маркстің пікірі — бір саяси жүйені алып мазмұнына қарасаң ол азаматтық қоғамның санқырлы көрінісінің бір нысаны болып шығады. Біз өткен ғасырдағы ірі ғалымдардың пікірін әдейі келтіріп отырған себебіміз азаматтық қоғам мәселесі сол кездегі өмірдің объективтік даму процесінің алдына қойған талабы дегіміз келеді. Сол себепті Гегель мен Маркс тағы басқа ғалымдар азаматтық қоғамды біраз зерттеп құнды теориялық ғылыми мұра қалдырып кетті. Енді осы құнды ғылыми мұраға сүйене отырып қазіргі заманның талабына сәйкес азаматтық қоғамды ғылыми тұрғыдан зерттеуді жалғастыру керек [2,184].

Азаматтық қоғамның құрылымы - Қоғамды өзінің табиғи мүдде-мақсаттарына сәйкес құрушы, реттеп-басқарушы - адам. Адам - қоғам құрылымының негізгі элементі - діңгегі. Адамдардың бірлестіктері, ұйымдары, одақтары, еңбек ұжымдары, саяси партиялары, мемлекет, олардың ара қатынастары — азаматтық қоғамның элементтері. Қазіргі Қазақстанның азаматтық қоғамын бес жүйеге бөлуге болады: әлеуметтік, саяси, экономикалық, рухани-мәдени және ақпараттық жүйелер:

Әлеуметтік жүйе - объективтік тұрғыдан қалыптасқан адамдардың бірлестіктері, ұйымдары, одақтары т.б., олардың өзара байланысы бұл жүйеге азаматтық қоғамның ең негізгі ұйымдастырушы жүйе, өзі үш топқа бөлінеді: бірінші тобы — қоғамның үзіліссіз өмір сүру негізін жасаушы, дамытушы топ: отбасы, бала тәрбиелеу, табиғи өмірді жалғастыру; екінші тобы — адамдардың өзара, бір-бірімен байланысы, қатынасы; үшінші тобы — қоғамдық ұйымдардың, таптардың, топтардың, ұлттардың ара қатынастары.

Экономикалық жүйе — қоғамдағы меншіктің түрлері, өндіруші күш пен өндірістік қатынастар, материалдық кірісті әділ бөлуді қалыптастыру. Бұл жүйенің құрылым элементтері: жеке, муниципалдық, акционерлік, кооперативтік, мемлекеттік, фермерлік меншіктер мен шаруашылықтар және қоғамдық кірісті, байлықты әділ бөлу.

Саяси жүйе — мемлекет, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар, бірлестіктер және жеке адамдар, депутаттар, т.б., олардың ара қатынастары. Оның ішінде ең күрделісі мемлекеттік билікті іске асырудағы қатынастар. Қатынастардың даму процесінде субъектілерге бостандық берілуге тиіс. Күштеу тек заңдылықты, тәртіпті бұзса ғана қолдануы қажет.

Рухани-мәдени жүйесі - осы бағыттағы мемлекеттік, қоғамдық органдар мен ұйымдар, олардың ара қатынастары. Бұл жүйенің негізгі бағыттары: білім, ғылым, мәдениет, рухани сана-сезім, дін, адамдардың денсаулығы.

Ақпараттық жүйе - осы ақпараттық бағыттағы барлық ұйымдар, бірлестіктер, мемлекеттік органдар, саяси партиялар, олардың жұмыстары мен ара қатынастары. Бұл бағытта іс-әрекеттерге толық бостандық берілуі қажет. Осы көрсетілген азаматтық қоғамның жүйелерінің жақсы, сапалы дамуына зор маңызды үлес қосатын мемлекет пен құқық,

қоғамдық ұйымдар мен партиялар және қоғамдағы демократияның жоғарғы дәрежеде болуы[3,68].

Азаматтық қоғамның белгі - нысандары:

- адамдардың экономикалық, әлеуметтік, саяси бостандығы мен құқықтарының қамтамасыз етілуі;
- қоғамда бостандықтың, жариялылықтың болуы, ақпараттың жұмысына азаматтардың қатысуы, ішкі-сыртқы байланыстарға қатысуға, жүріп-тұруға толық құқықтарының болуы;
- азаматтардың қоғамдық ұйымдар, бірлестіктер құрып, өз мүдде-мақсаттарын орындауға, іске асыруға және шет елдердің сондай ұйымдарымен байланыс жасауға құқықтарының болуы;
- жергілікті өзін-өзі басқаруға толық бостандық болуы, оның жұмысына мемлекеттің араласпауы, қажет болса тиісті көмегін көрсетуі; жергілікті өзін-өзі басқаратын мекеме жергілікті мемлекеттік органмен тығыз байланыста жұмыс жасауы;
- азаматтық қоғам - толық бостандық, демократия қалыптасқан қоғам болуы қажет, ол болашақ құқықтық мемлекеттің талаптарын іске асырып, сол мемлекеттің объективтік тұрғыдан негізі болуға тиісті [4,194].

Құқықтық мемлекеттің мазмұнының негізгі талаптары:

- 1) Құқықтық мемлекет азаматтық қоғамның объективтік даму процесіне сәйкес ескіріп, жаңарып жататын көп қырлы құбылыс. Бұл мемлекетте адамның толық егеменді болуы қажет, олардың мемлекеттің билік жүргізетін органдарын құруға қатысуы заңды түрде бекітілуі керек.
- 2) Құқықтық мемлекеттің экономикалық негізі - өндіргіш күш пен өндірістік қатынас және көп меншіктік шаруашылық арқылы дамуы. Құқықтық мемлекетте меншіктің басым көпшілігі - өндіруші мен тұтынушылық билігінде болуы қажет. Бұл билік шаруашылықтың жақсы, сапалы дамуын қамтамасыз ету үшін оларға толық бостандық беруі керек. Сонда ғана қоғамның әлеуметтік, экономикалық жағдайын көтеруге, нытайтуға болады.
- 3) Құқықтық мемлекеттің әлеуметтік негізі — өзін-өзі басқаратын азаматтық қоғамда адамдардың бостандығын, теңдігін қамтамасыз етіп, олардың жақсы еңбектенуіне, дұрыс жұмыс жасауына мүмкіншілік беру. Қоғамның әлеуметтік жағдайының жақсаруы құқықтық мемлекеттің нығаюы. Бұл екі процесс бір-бірімен тығыз байланысты. Құқықтық мемлекет сонымен бірге әлеуметтік мемлекет.
- 4) Құқықтық мемлекеттің моральдық негізі - гуманизм, әділеттік, бостандық, теңдік, адамдардың қадір-қасиетінің, ар-намысының деңгейі. Осы жоғары дәрежедегі принциптер болса құқықтық мемлекет болады. Өйткені мұндай қоғамда адамдардың рухани сана-сезімі де жоғары дәрежеде болады.
- 5) Құқықтық мемлекеттің саяси негізі — халықтың, ұлттық тәуелсіздігін қалыптастырып қоғамдық билікті жан-жақты дамытып, адамдардың бостандығын, теңдігін қорғап, әділеттікті, демократияны орнату, қарым-қатынастарды реттеп басқару [5,182].

Міне қоғамның осы негіздеріне сүйене отырып құқықтық мемлекет орнатуға мүмкіншілік қалыптасады.

Құқықтық мемлекеттің негізгі белгілері:

- мемлекеттік билікті үш түрге бөлу, олардың ара қатынасын қатаң сақтау; азаматтық қоғамның қалыптасуы;
- қоғамда жоғары дәрежеде құқықтық мәдениеттің қалыптасуы, адамдардың рухани сана-сезімінің жақсы дамуы;
- мемлекеттік аппараттың, лауазымды тұлғалардың, қоғамдық ұйымдардың, жеке адамдардың өмірдегі қарым-қатынастарда өзара жауаптылығы;
- қоғамның экономикалық, әлеуметтік бағытында әділеттікті, теңдікті қамтамасыз ету үшін антимонополиялық органның қызметін қатаң бақылау;

- қоғамның ішкі құқық нормалары мен халықаралық құқықтың өзара қатынасын бақылап, жақсартып отыру;
  - қоғамда заңның үстемділігін орнату, азаматтық қоғамды қалыптастыру.
- Құқықтық мемлекет орнатудың негізгі бағыттары:
- мемлекеттік биліктің үш саласының жұмысын жақсарту, әсіресе заңның, нормативтік актілердің сапасын көтеру;
  - нормативтік актілердің дұрыс пайдалануын, орындалуын қамтамасыз ету, халықтың рухани сана-сезімін, мәдениетін жақсартып, көтеру;
  - қоғамдағы қатынастарды дұрыс, жақсы реттеу-басқару бағытындағы мемлекеттік, қоғамдық ұйымдардың жұмысын жақсарту;
  - бостандықты, теңдікті, әділеттікті, демократияны дамыту;
  - заңдылықты, құқықтық тәртіпті қатаң сақтау. Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша құқықтық мемлекет қалыптастырудың негізгі бағыттары демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет құру (1-бөлім) [6,173].

Демократиялық мемлекет — Қазақстанды алдымен Конституция қабылдап, тікелей басшысын және Парламент сайлауға, өкілетті мерзімі біткен соң, оларды ауыстыруға халықтың құрылтайшылық билігі бар республикалық құрылыстағы мемлекет ретінде танытатын ұғым. Республиканың жоғарғы органдары арқылы көпшілік қазақстандықтардың еркін шынайы анықтауға және мүддесін барынша жүйелі қорғауға қажетті мүмкіндіктер береді. Демократиялық мемлекет әлеуметтік және ұлттық нысандарына қарамастан, азшылық пен жекелеген азаматтардың мүддесін білдіруіне, оның есепке алынуына да мүмкіндіктер береді, мемлекеттік қызметке араласып, қатысуға тең құқықтар беріледі. Демократиялық мемлекет қызметінің түбегейлі принциптерінің бірі — «Қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық» (1-б. 2-т.).

Зайырлы мемлекет - Қазақстан Республикасында діни мекемелер мен дін ұстау мемлекеттен бөлістігін білдіреді және бұл Қазақстандағы ислам мен православиелік тағы басқа нанымдық ағымдарға бірдей қатысты. Діни негізде партия құруға жол берілмейді. Наным немесе атеизм мәселесі-әркімнің жеке басының шаруасы. Елдегі дін ұстау бостандығы мен діни бірлестіктердің жұмысы жөніндегі заңдылықтарды мемлекет белгілеп, бақылайды.

Құқықтық мемлекет - Қазақстанның барлық органдары мен лауазымды адамдарының қызметі құқық нормаларына байланысты, соған бағынышты және соған сәйкес іс-әрекет жасайды. Құқықтың негізгі принциптері: азаматтар үшін - «заңға тыйым салынбағанның бәріне рұқсат етіледі», мемлекеттік органдар мен лауазым иелері үшін — «Заңда нақты не көрсетілсе, соған ғана рұқсат». Барлық заң жүйесін жақсартып, әділеттікті жоғары дәрежеге көтеру және азамат құқығы мен бостандығын халықаралық өлшем деңгейіне жеткізу Қазақстан мемлекетінің негізгі міндеті. Құқықтық мемлекетте Заң бір әлеуметтік топтың емес, халықтың шынайы еркін білдіреді. Мұндай мемлекетте заңның рухы үстемдік етеді. Барша адамдар, ең жоғары дәрежедегі лауазым иелерінен қатардағы азаматтарға дейін заңдардың бүкіл халықтың мүддесі, игілігі үшін жасалып, қолданылатынын, заңдар адамдарға қажет қоғамдық тәртіпті орнататынын, адамдарға отбасын құрып, өсіп-өнуге, өзі қалаған жұмыспен шұғылдануға, өздерін еркін сезінуге, қоғам ісіне қатысуға жағдай туғызуы керек екенін түсінуі қажет.

Сөйтіп, құқықтық мемлекет — бұқаралық билікті жүзеге асыру формасы, бұл жағдайда азаматтардың саяси ұйымы құқық және заңның үстемдігі негізінде жүргізіледі, әрбір тұлғаның құқықтары, бостандықтары және міндеттерін қорғау және қамтамасыз ету құралы болып табылады.

Құқықтық мемлекеттің қалыптасуы өте созылмалы және күрделі процесс. Қазақстанның қазіргі кезеңі мемлекетіміздің жалпыға ортақ өркениетті даму жолына қайта түсуімен сипатталады. Тұңғыш рет 1993 жылғы Конституция Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы — адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп жариялады. Бұл ережені бүгінгі күні қолданыста жүрген 1995 жылғы

Конституция да, 1-баппен бекітті. Конституция Қазақстан Республикасында азаматтық қоғам қалып-тастыруға ықпал жасайды. Бұл Конституцияда идеологиялық және саяси әралуандылық танылатынынан айқын көрінеді (5-бап). Бұқаралық билікті саяси әралуандылық негізінде жүзеге асырады. Конституция саяси партияларға, қоғамдық бірлестіктерге, қозғалыстарға саяси және мемлекеттік өмірге қатысу үшін тең мүмкіндік береді. Үстемдік етуші ретіндегі қандай да бір идеологияның белгіленуіне жол берілмейді. Азаматтық қоғам мемлекет және азамат, тұтынушы және өндірушінің әлеуметтік серіктестігі, нарық шаруашылықтары меншік түрлерінің әралуандылығымен сипатталады. Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабы Қазақстанды құқықтық мемлекет деп жариялайды. Демек Қазақстан құқықтық мемлекет құру және оның негізгі белгілерін конституциялық бекіту жолында тұр. Құқықтық мемлекет дегеніміз - жеке адам және қоғам мүддесін қорғайтын, заң үстемдігі мен құқық принциптеріне негізделген мемлекет. Құқықтық мемлекетті қалыптастыру ісі қоғамды демократияландыруға, құқықтық тәртіптің және заңдылық принциптерінің сақталуына негізделеді[8,89].

Құқықтық мемлекеттің негізі:

- Құқықтық мәдениет;
- Азаматтық қоғам;
- Заңдылық және құқықтық тәртіп;

Құқықтық мемлекеттің белгі-нышандары:

1. Заңның үстемдік етуі.
2. Мемлекеттік биліктің бөлінуі.
3. Тұлға мен мемлекеттің өзара жауаптылығы.
4. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының шын мәнділігі, олардың құқықтық және әлеуметтік қорғалатындығы.
5. Саяси және идеологиялық плюрализмнің болуы.
6. Азаматтық қоғамның қалыптасуы.
7. Ішкі заңдардың көпшілік таныған халықаралық құқықтық нормалар мен принциптерге сәйкес келуі[9,384].

Қорытындылай келе, азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет екеуі қатар дамып, өрескел қайшылықтарды бірлесіп реттеп, қоғамның бейбітшілік, прогрестік жолмен дамуына толық мүмкіншілік жасаулары қажет. Қазақстан Республикасының Конституциясында бұл мәселенің негізгі бағыттары көрсетілген. Оның бірінші бабында азаматтық қоғамның және құқықтық мемлекеттің ең негізгі қағидалары былай деп жарияланған: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады; оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары». Қазіргі заманда құқықтық мемлекет құру қалыптастыру мәселесі ғаламдық проблемаға айналды. Өйткені адам қоғамының даму тарихында ешқашан, еш елде құқықтық мемлекет болған емес. Қазіргі кезде де жоқ. Болашақта да барлық елдерде бір мазмұнды, бір нысанды құқықтық мемлекет болуға мүмкін емес. Себебі әр елдің экономикасы, мәдениеті, әлеуметтік жағдайы, рухани санасы, саясаты бір деңгейде болмайды. Бұған қоса олардың географиялық, ұлттық ерекшеліктері болады. Сондықтан болашақта құқықтық мемлекет бірнеше дамыған елдерде қалыптасуы мүмкін. Бірақ ол мемлекеттердің мазмұнында, әсіресе нысанында объективтік ерекшеліктері болады.

Менің ойымша құқықтық мемлекетті барлығымыз ел болып, қоғам болып қалыптастырып, дамытуымыз керек. Ол ең бірінші отбасыдан басталады және де отбасында алған тәрбиені әр қайсысымыз қоғамға алып келеміз. Қоғамның дамығаны ол мемлекеттің дамығаны. Сондықтан әр қоғам және әр адам өз құқығын білуі керек, сонда ғана біз және болашақ ұрпақ құқықтық мемлекетте және азаматтық қоғамда өмір сүреді.

## Әдебиеттер

1. Ағдарбеков Қ. Мемлекет және құқық теориясы. Қарағанды, 2001 жыл.
2. Байжанова Г.Т., Әділбекова Қ.Қ. Мемлекет және құқық теориясы пәні бойынша мемлекет бөліміне арналған дәрістер жинағы.- Қарағанды, 2003 жыл.
3. Жоламан Қ.Д., Мұқтарова А.К., Тәуекелов А.Н. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы, 1999 жыл.
4. Ағдарбеков Т.А., Ағдарбекова З.Т., Данишбаева М.С. Мемлекет және құқық теориясы. «Тұран» баспаханасы, 2012 ж.
5. Ибраева А.С., Сапарғалиев Ғ.С. Мемлекет және құқық теориясы.- Алматы, 1998 жыл.
6. Булгакова Д.А. «Мемлекет және құқық теориясы». Оқу құралы. -Алматы. «Заң әдебиеті» 2004 жыл.
8. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, «Жеті жарғы». 2000 жыл 486
9. Мемлекет және құқық негіздері. Оқулық. Алматы.

ӘОЖ 343

### ҚЫЛМЫСТЫҚ ІЗГЕ ТҮСУ ЖҮЙЕСІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАҒЫ ТЕРГЕУШІНІҢ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТІ

**Ж. К.Берекетова, Д.Б. Сапақов**

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе қаласы, Қазақстан*

*В данной статье рассматриваются вопросы основной деятельности следователя в государственном органе.*

*In this article the main functions of the investigator in the government bodies are considered.*

Ключевые слова: *следственные органы, следователь, государство.*

Key words: *investigation bodies, investigator, state.*

Кеңестік дәуірден өтіп, Қазақстан жеке дара мемлекет болып қалыптаса бастағаннан бері ішкі мемлекеттік құрылысты реттеу мақсатында, мызғымас тұрақтылық орнату мақсатында, жаңадан заңдар қабылданып, сол заңдар аясында және қоғам талабына сай өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп отырды. Сол заңдардың бұзылмауын қадағалайтын, бұзылған жағдайда алдын алатын және жаза тағайындайтын органдар қызмет жасады. Бұл органдардың қатарында, қадағалаушы – прокуратура органдары, жаза тағайындаушы - сот жүйесі, ал заң аясын объективті жағынан қарап, істі бүге-шүгесіне дейін зерттеп баяндайтын ол- тергеу органдары.

Ең алдымен, «тергеуші» және «тергеу органдары» ұғымдарына тоқталар болсақ. Тергеуші - өз құзыреті шегінде қылмыстық іс бойынша алдын ала тергеуді жүзеге асыруға уәкілеттік берілген лауазымды адам: ішкі істер органының тергеушісі, ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеушісі және қаржы полициясы органдарының тергеушісі. Тергеуші қылмыстық іс қозғауға, ол бойынша алдын ала тергеу жүргізуге және қылмыстық іс жүргізу кодексінде көзделген барлық тергеу қызметін орындауға құқылы болып саналады. Қылмыстық іс жүргізу кодексінің талабы бойынша тергеуші заңда көрсетілген тергеу әрекеттерін өткізу арқылы әр қозғалған іс бойынша қылмыстың мән-жайын анықтап, жасалған қылмысты дер кезінде ашуға тиіс. Бірақ, тергеуші тек заңда көрсетілген әрекеттерді жүргізу арқылы, өзінің күшімен ғана бұл заңда көрсетілген міндетті орындай алмайды. Тергеушілік қызмет жедел-іздістіру, анықтама және басқа да органдармен байланысты. Сондықтан тергеушінің жедел – іздістіру жұмыстарын орындайтын,



анықтама жүргізетін органдардың қызметкерлерін көмекке алуға, оларға тергеу үстінде жасалған қылмыстың кейбір мән-жайларын анықтау жөнінде арнайы нұсқаулар беруге құқылы. Тек жедел-ізвестіру жұмыстарын жүргізу барысында анықталған мәліметтерді және осы органның басқа да мүмкіншіліктерін пайдаланған жағдайда тергеуші тергеп отырған қылмысты өз уақытында аша алады. Тергеуші мен жедел-ізвестіру органдарының бірлесіп істеуі арқылы қылмысты тез арада ашуға, қылмыскерді дер кезінде ұстауға, керекті заттай дәлелдемелерді толық жинап алуға болады. Қандай қылмысты тергегенде болсын, бұл екі органның алдында тұрған тағы бір міндет — ол қылмысты алдын алу, қылмысқа әкелетін себептер мен жағдайларды анықтап, оларды жоюға арнайы жедел шаралар қолдану. Атап айтқанда, бір мекеме шеңберінде болуы олардың қылмысқа қарсы күрес саласындағы ұйымдық тактикалық жұмыстарын сөзсіз арттырады [1].

Тергеуші мен анықтама жүргізуші органдардың арасында екі түрлі қарым-қатынас қалыптасуы мүмкін: тұрақты және бір жолғы. Тұрақты қатынас жағдайында тергеуші мен жедел – ізвестіру органдарының қызметкерлері бір істі басынан аяғына дейін бірлесіп, бір жедел топ құрып тергейді. Қылмыс осы органға белгілі болған кезеңнен, тіпті іс қозғалмай тұрып-ақ қалыптасады. Мұндай жағдайда жедел-ізвестіру органдары іс қозғауға негіз бола алатын фактілерді, мәліметтерді жинап, оны тергеушіге береді. Бұл мәліметтер тергеушінің қылмысты қозғау кезеңінде дұрыс шешім қабылдауына көмектеседі. Қылмыстық іс қозғалғаннан кейін жедел топ құрылып, оған тергеуші және қылмыстың түріне байланысты бірнеше жедел-ізвестіру органдарының қызметкерлері кіреді. Жедел топқа кірген тергеуші және жедел-ізвестіру органдарының қызметкерлері жалпы тергеу жоспарын жасап, онда көрсетілген іс-әрекеттерді нақтылы кім орындайтынын көрсетеді. Анықтама жүргізуші органдар жедел-ізвестіру жұмыстарын өткізгенде алынған мәліметтерді дереу тергеушіге хабарлап отыруы тиіс. Тергеу әрекеті жүргізу барысында алынған дәлелдеме фактілерді тергеуші анықтама жүргізуші органдардың қызметкерлеріне хабарлап отыруы керек. Бір-біріне осындай мәлімет беріп, іскерлік қарым-қатынаста болғанда ғана тергеу дұрыс бағыт алып, жедел топтың жұмысы нәтижелі аяқталып, қылмыс дер кезінде ашылады.

Қылмысты ашу кезінде қылмысты қарау яғни, тергеулік қараудың жалпы ережелері болады. Олар қылмыс ізін, өзге материалдық объектілерді анықтау, сондай-ақ іс үшін маңызы бар жағдайларды айқындау мақсатында тергеуші, ал ол жоқ болған жағдайда анықтаушы немесе қылмыс туралы арыз түскен анықтау органының лауазымы жағынан жоғары қызметкері жердің, үй-жайлардың, заттардың, құжаттардың, көзі-тірі адамдардың, мәйіттердің, жануарлардың қарауын жүргізеді. Қарауды жүзеге асыратын адамның нұсқаулары сол тергеу әрекетіне қатысушылардың барлығы үшін міндетті болып саналады.

Тергеулік қарау - өз алдына жеке тергеу әрекеті, басқа тергеу әрекеттерімен, мысалға тергеу эксперименті, тінту сияқты әрекеттермен ұқсас жерлері бола тұра, тергеулік қараудың өзінің процессуалдық жағдайы бойынша да және жүргізу тактикасы бойынша да түпкілікті айырмашылығы бар, тергеуші қарау кезінде өзінің сезім мүшелері арқылы дәлелдемелік фактілердің болғандығына және сипатына тікелей көз жеткізеді. Көптеген тергеу әрекеттері сияқты, тергеулік қарау танымдық әрекет болып әртүрлі танымдық тәсілдер арқылы жүргізіледі.

Тергеу қарауының мақсаты – іздер мен заттай дәлелдемелерді талдау арқылы қылмыстарды тіркеп, ашуға мүмкіншілік беретін дәлелдемелерді табу және бекіту [2].

Заттай дәлелдемелер – бұл тергеудегі оқиға туралы ақпаратты қамтитын материалдық дүниенің объектілері. Олардың мазмұны, табылу орны және басқа да белгілері қылмыстың жасалу мән-жайлары туралы мәлімет беруі мүмкін әдетте оларды қылмыстық «тілсіз» куәгерлер деп атайды. Қандай да болмасын қылмыстық істе заттай дәлелдемелер болады және олардың біреуі де алдын ала қараусыз іс материалдарына тіркелмейді. Тергеудің нәтижелері оның криминалистік жағынан сауатты жүргізілгенімен байланысты болады.

Сондықтан криминалистер оқиға орнын және сонда табылған объектілерді қараудың аса маңыздылығына ерекше көңіл бөледі.

Тергеу барысында тергеулік қараудың маңызы өте зор. Қарау кезінде қылмыстың, қылмыскерлердің іздерінің және басқа да дәлелдемелік заттардың елеулі бөлігі табылып, зерттеледі. Қарау нәтижелі, әсіресе қараудың түрі ретінде оқиға болған жерді қарау тергеушіге тергеу бағытын дұрыс анықтауға, тергелініп жатқан оқиға механизімін қайта құра алуға, қылмыскерлердің тұлғасын айқындауға мүмкіндік береді. Көп жағдайларда, жүргізілген тергеулік қараудың сапалылығы тергеу барысын анықтап береді. Бірақ та, осы тергеу әрекетінің маңыздылығына да қарамастан тергеу тәжірибесі мен криминалистика ғылымының тергеулік қараудың тактикасын тағайындауға елеулі түрде бөліп отырған назарына да қарамастан, тергеуді жүргізу барысының жеке жағдайларына қараудың маңызы мен мүмкіндіктері жеткілікті бағаланбайды. Осының салдарынан кейде қарау асығыс жүргізіледі. Бұл алдын - ала тергеудің сапасын төмендетуге әкеліп соғады, істті жүргізу нәтижесінде қателіктер мен кемшілік пайда болады, ал оның нәтижесінде қылмыс ашылмай қалуы мүмкін. Сол себепті, тергеу мен анықтама органдарының қызметкерлеріне тергеулік қарауларды жоғары сапада жүргізу қажеттігі туралы айтылып отырады.

Қарау тергеу әрекеті ретінде тергеушінің тергелініп жатқан оқиға туралы ақпараттар алудағы маңызды құралы болып табылады. Қарау барысында алынған ақпараттардың дәлелдемелік сипаттары болған жағдайда тергеуші оларды дәлелдеу кезінде пайдаланады. Тергеуді жүргізуші тұлға жауабы тексеріліп жатқан адамның көрсеткен жерлерін және үй-жайларын куәгерлердің қатысуымен қарап тексеріледі. Бұл тәсіл кейде тергеушінің осы жерлерді сипаттағандағы айтылған белгілердің бар екендігіне көз жеткізуіне көмегін тигізеді. Бірақ та жауапты оқиға болған жерде тексеру мен нақтылаудың мазмұны осындай бақылаулармен шектелмейді. Сонымен қатар, тергеулік қараудың мазмұнына куәлар немесе айыпталушылардың заттарды немесе жерлерді көрсету, олардан істің мән-жайлары тура жауап алу кірмейді, оған қоса, қарау кезінде орта куәлардың немесе айыпталушылардың жауаптары бойынша бекітілмейді, тергеушінің бақылау нәтижелері бойынша бекітіледі.

Тергеулік қараудың келесі түрлері бар:

- оқиға орнын қарау;
- мәйітті табылған жерінде сырттай қарау;
- заттарды қарау;
- құжаттарды қарау;
- жануарларды қарау;
- оқиға орны болып табылмайтын жерлер мен үй жануарларын қарау.

Осылайша, тергеулік қарау – бұл тергеуші мен немесе анықтаушымен қылмыс іздері мен басқа да заттай дәлелдемелерді алу, оқиғаның мән-жайын, сонымен қатар іс үшін маңызы бар басқа да мән-жайларды анықтау мақсатында тікелей қабылдауы, сараптау мен бекіту арқылы жүргізілетін тергеу әрекеті.

Оқиға орнын қарауда тергеулік іс-әрекет ретінде маңыз алады, егер оның нәтижелері іс жүргізу негізінде рәсімделсе. Қараудың қорытындысы міндетті бекітілу керек. Қараудың қорытындысын бекіту - ол оқиға орнында тергеуші мен табылған құжаттық көрінісі заңды нысанда бекітілген, олардың оқиға орнында шығарылған іс-әрекетінің жазылуы, оқиға жағдайының жалпы суретін бекіту, сонымен бірге оқиға орнындағы жеке элементтерінің құрамы және жағдайларының белгілері болады. Қараудың нәтижелерін белгілеудің жеке және жалпы құралдарын айыра білу керек. Жалпы бекіту құралдарға жатады, олардың көмегімен тергеуші оқиға орнындағы жалпы суретін, қылмыс жасалған жердің жағдайын, оқиға орнындағы объектілердің барлық жиынтығын бекітеді. Бұндай бекіту құралдарына оқиға орнын қарау хаттамасы, оқиға орнының сызбалары және жоспары, схемасы, оның фотосуреттері және бейнежазбалары жатады. Бекіту жеке құралдарына, оқиға орнын жеке объектілерін қарау нәтижелерін белгілеуде қолданылады [3].

Қорыта келгенде, тергеу жұмыстары бұл – қылмыс ашу кезіндегі негізгі бөлігі болып саналады. Жаңа қылмыстық кодексте тергеу жұмыстарына сот тарапынан бақылау да күшейтіледі. Кез келген тергеу амалдары прокурор мен соттың рұқсаты арқылы жүргізіледі. Тергеуші сот пен тергеуші айыптаушы деген жаңа қызмет түрі де пайда болмақ. Сонымен қатар, қылмысты зерттеу жұмысы 4 айдан 2 айға қысқарады. Тергеуші судьяға берілетін өкілеттіліктер осы уақытқа дейін прокуратура қызметкерлерінің құзырында болатын. Бұл өзгертулердің басты мақсаты қағазбастылықтан құтылу. Тергеушілер рұқсат құжаттарын жинастырмай-ақ қылмыстық оқиға орнында тергеу жұмыстарын бірден бастап кетеді. Бұл шаралар еліміздің сот жүйесін одан ары дамытуға септігін тигізбек.

#### Әдебиеттер

1. ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексі. 10.12.1997ж. (өзгертулер мен толықтырулар. Алматы. -2015)
2. Ахпанов А.Н., Ташибаев Г.У. Уголовно-процессуальное право РК. - Астана. - 2002.
3. Төлеубекова Б.Қ. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы.-Алматы. -2000.

ӘОЖ 34.0

#### Қазақстанда қоғамдық және құқықтық сананы жақсарту бағыттары

**Е.И.Исибаева, Ш.М.Мылтықбай**

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе қаласы, Қазақстан*

*В данной статье рассматривается совершенствование в Казахстане общественного и правового сознания населения.*

*The article considers the issue of perfection of the social and legal awareness of the people of Kazakhstan.*

Ключевые слова: *правовое сознание, современный мир, правотворчество.*

Key words: *legal awareness, modern world, law-making.*

Сана – объективті шындықты идеялды түрде бейнелеудің адамға ғана тән ең жоғарғы нысаны. Сана адамның өз болмысы мен объективті дүниенің мән-жайын, мазмұнын, ұғымын білуінде белсенді қызмет атқаратын психикалық процестердің (түйсіну, сезіну, қабылдау, ойлау т.б.) заңды нәтижесі болып табылады. Сана – шындықты бейнелеудің механизмі мен нысандарын тарихи дамудың сатыларына сәйкес айқындайтын философия, социология мен психологияның және жалпы танымның ең басты категорияларының бірі. Сана негізінен жеке адам санасы және қоғамдық сана болып екіге бөлінеді. Сана – адамдардың қоғамдық өндірістік іс әрекетімен еңбек процесінде пайда болып, тілдің шығуы мен тығыз байланыста қалыптасады. Қай дәуірде болмасын адам туғаннан бастап алдыңғы ұрпақ жасап кеткен заттық дүниеге тап болады да, тек сол заттық дүниені белгілі мақсатта пайдаланып үйренгенде ғана ол саналы адам болып қалыптасады. [1.18]

Адам тарихи қалыптасқан іс-әрекеттер, дағды мен тәсілдерді игеріп, әсіресе тілді үйрену нәтижесінде айналадағы заттар мен құбылыстардың объективті заңдылықтары мен қасиеттерін танып біледі. Адам айналадағы дүниеге, өзін қарама-қарсы қойып, белгілі мақсатта іс-әрекетпен шұғылданғанда сол объективті шындық туралы өзінің білетін түсінігі мен біліміне сүйенеді. Бүкіл адамзат тарихының барысында қалыптасып жинақталған рухани қазына, мәдениет, мораль, дін, қоғамдық психология, өнер, құрал-

жабдық адамның творчествасынан туып, оның қолымен жасалған бүкіл заттық дүние түгелімен адамзаттың қоғамдық санасы болып табылады. Сана тарихи тәжірибені, білім мен ойлау тәсілдерін бойына сіңіріп, шындықты, рухани идеалды игеріп, алда тұрған мақсат, міндеттерді белгілеп адамзат қоғамының бүкіл практикалық іс-әрекетін бағыттайды. Адамдар өзінің творчестволық ойларын жүзеге асырып, табиғатты, қоғамды дамытумен бірге өздерін жетілдіреді.

Қоғамдық сана – объективті дүние мен қоғамдық болмыстың адам санасында бейнеленуі. Қоғамдық сана адамның тәжірибелік іс-әрекеттерінен байқалады. Сана қоғамның рухани мәдениетінің құрамды бөлігі болып табылады. Қоғамдық сананың түрлері: саясат, құқық, философия, мораль, өнер, дін, қоғамдық болмысты бейнелей отырып, оған белсенді ықпал етеді. Қоғамдық сананың түрлерінің әрқайсысының өз объектісі мен бейнелеу тәсілі болуына қарамастан, болмыс пен адам санасына өзіндік әсерін тигізеді. Идеологияның саяси құқықтық нысандары қоғамның экономикалық қатынасын саяси және құқықтық тілде, ал өнер – көркемдік образдармен, мораль – адамдардың мінез-құлқының белгілі қағидалары мен ережелері түрінде бейнелейді. Қоғамдық сананың түрлері қоғамның экономикалық базисымен байланыс жасау сипатына қарай әртүрлі болады. Мысалы, идеологияның саяси құқықтық түрлері басқа нысандарына қарағанда экономикалық базиске жақын тұрады. Бұлар қоғамның өндірістік, шаруашылық қатынастарын тура, тікелей бейнелеп, олардың төте ықпал жасауымен қалыптасады. Қоғамдық сананың түрлері тарихи өзгерістерге түсіп, белгілі тарихи кезеңде осы нысандардың бірі қоғамның рухани өмірінде үстем болып, қалғандарын өзіне бағынышты етеді. Мысалы, феодализм дәуірінде дін үстемдік етті, капиталистік қоғамда құқық пен саясат билік алып, философия, өнер, мораль мен діннің дамуына зор ықпалын тигізді. Құқықтық сана – қоғамдық сананың бір түрі. Саяси және моральдық санамен тығыз байланысты. Мазмұны жағынан тиісті мемлекетте қолданып отырған құқықтық нормалар, заңдылық пен құқықтық тәртібі, қылмыс және оны жазалау, қоғам мүшелерінің құқықтары мен көзқарастары жатады. Антагонистік қоғамда таптардың өзіне тән құқықтық санасы болады. Оның мазмұны әр таптың қоғамның экономикалық, саяси, мәдени өмірінде алатын орнына байланысты.

Құқықтық нормаларды жүзеге асыру – қоғамға пайдалы іс-әрекет құқықтық нормаларының талабын орындау, заң белгіленген мүмкіндікті пайдалану үшін азамат белгілі бағытта әрекет жасап, белсенділігін көрсетуі қажет. Құқықтық белсенділіктің, екінші жағы адамның сана сезіміне байланысты. Құқықтық сана-сезім белгілері мыналар:

- Құқықты белгілеу.
- Құқықты түсіну.
- Құқықты құрметтеу.
- Құқықтың дұрыстығына және әділетілігіне сену.
- Құқықты сақтауға дағдылану.
- Құқықтың талаптарын бұлжытпай орындау.

Құқықтық сана – Қазақстан Республикасы азаматтарының жүзеге асырылып жүрген заңдарға, оларды қолдануға азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына және қалауына, құқыққа басқа да құқықтық құбылыстарға құқықтық сезімдерінің, әсерлігінің, көзқарастарының, пікірлерінің, бағаларының жүйесі.

Құқықтық сана қоғамның құқықтық өмірін жандандыру және дамытуға үлкен үлес қосады.

1. Құқықтық сана – құқық нормаларын қалыптастырудың қажетті шарты. Олай дейтін себебіміз, құқықтық нормалар заң шығару органының саналы түрдегі ерікті қызметі арқылы өмірге келеді. Адамдардың белгілі бір мүдделері мен қажеттіліктері заң нормаларына бейнеленбестен бұрын, ол нормаларды құрушы лауазымды тұлғалардың ой-санасынан өтеді. Сондықтан да, құқық нормаларының сапасы олардың қоғамдық даму қажеттілігіне сәйкес келеді, ол нормаларды құратын органның құқық көзқарасы, құқық санасының деңгейімен тығыз байланыста болады.

2. Құқықтық сана құқық нормаларының нақты және толығымен іске асырылуының ең басты шарты. Құқықтық нормаларының талаптары тікелей азаматтарға қойылады. Бұл талаптарда олардың саналы түрдегі ерікті әрекеттері арқылы орындалады. Яғни неғұрлым құқықтық сананың деңгейі жоғары болса, соғұрлым құқық нормаларының ережелері нақтырақ орындалады.

Қоғамдық мәдениет саласында құқық мәдениетінің жетістіктерін ғана басқарып реттеп отырады. Мәдениет өзінің даму процесінде қоғамның рухани байлығын, халықтың сана-сезімін дамытып, жоғары дәрежеге көтереді. Құқықта өз кезегінде мәдениетті қорғап, реттеп отырады. Осыдан келіп құқықтық мәдениет қалыптасады. Ол өзара байланысты элементтер арқылы көрініс табады.

- Қоғамдағы құқықтық сананың жағдайы, құқықты түсінудің деңгейі, заңдылықтың талаптарын орындау қажеттілігін түсіну;
- Заңдылықты сақтау;
- Заң шығарудың ерекшелігі, оның мазмұны мен нысанына көңіл бөлу;
- Сот, прокуратура басқа да заң органдарының жұмыс атқару сипаты.

Сонымен сана – объективті шындықты идеалды түрде бейнелеудің адамға тән ең жоғарғы нысаны. Сана адамның өз болмысы мен объективті дүниенің мән-жайын, мазмұнын, ұғымын білуінде белсенді қызмет атқаратын психикалық процестердің заңды нәтижесі болып табылады. Сана негізінен жеке адам санасы және қоғамдық сана болып екіге бөлінеді.

Сана адамдардың өзара іс-әрекеттерінің нәтижесінде өмірге келіп, дамып, ескіріп, жаңарып жатады. Бұл объективтік өте күрделі процесс, сан-алуан бағытқа, жүйеге бөлініп қоғамның сана-сезімін топтастырып қалыптастырады. Оның негізгі нысандары: саяси, моральдық, Ұлттық, эстетикалық, діни, құқықтық т.б. сана-сезімдер. Бұлар бір-бірімен тығыз байланыста дамып отырады.

Мемлекет және құқық теориясы қоғамдағы сана-сезімнің объективтік даму процесіне сәйкес құқық саналығының маңызын дамытып, нығайтып отырады. Құқықтық сана-сезімнің мазмұны төрт жүйедегі қарым-қатынастарды қамтиды: қоғамдағы нормативтік актілердің даму, жаңару, орындалу, қорғалу процесін, оған халықтық сана-сезімнің әсерін, көзқарасын, іс-әрекетін біріктіреді.

Құқықтық сана-сезімнің негізгі функциялары: бірінші – халықтың құқықтық білімін арттыру; екінші – сана-сезімді дұрыс дамыту үшін тәжірибелік жұмысты жақсарту; үшінші – қоғамдағы қатынастарды реттеуді, басқаруды жақсарту үшін адамдардың сана-сезімін көтеру. Құқықтық сана-сезім нормативтік актілердің негізгі, қоғамдағы қатынастарды дұрыс реттеуші, басқарушы күш. Ол құқықтық нормалардың дұрыс дамуына, дұрыс орындалуына және оның болашағын дұрыс болжауға өте зор әсер етеді.

Құқықтық сана-сезім ерекшеліктері:

- Құқықтық сана-сезім қоғамдағы тек нормативтік актілер мен құбылыстарды, қатынастарды бейнелейді. Ол жаңа нормалардың қабылдану және олардың процесін қамтиды. Саяси, моральдық, ұлттық т.б. көзқарастар құқықтық сана-сезімге әсер етіп, құқықтық нормалардың дұрыс дамуына, орындалуына ықпал етеді;
- Қоғамның даму процесін, құбылыстарын сана-сезім құқықтық тұрғыдан сезініп, сол позициядан қортынды тұжырымдар жасап, баға береді. Мысал: құқықтық қатынас, құқықтық жауапкершілік, құқықтық тәртіп т.б.

Сонымен, қоғамдағы құқықты дамыту үшін, заңдылықты, тәртіпті қатаң сақтау үшін құқықтық сана-сезімнің маңызы өте зор. Бұл сана-сезімді қоғам көлемінде дамыту керек, әсіресе заңгерлердің, органда қызмет атқаратын азаматтардың білімі, тәжірибесін, сана-сезімін көтеруді қажет етеді. Сонда ғана қоғамда заңдылық, құқықтық тәртіп болады.

Халықтық, әсіресе заңгерлердің белсенділігі үш түрлі, үш деңгейде болады: біріншісі – құқықтың субъектілері өзара қатынасты тек дұрыс басқарып, жаңалыққа ұмтылмау – сылбыр, енжар деңгейі; екіншісі – эвристикалық деңгей – құқықтық субъектілерінің жаңалыққа талпынып, мәселені шешудің жаңа жолдарын табу; үшіншісі – интеллектуалдық

деңгей – жаңалықты ашуда үзілістің болмауы, жоғары дәрежеде белсенділікті көрсету. Белсенділіктің соңғы екі түрі құқықтық сана-сезімнің дамуына өте зор әсер етеді.

Құқықтық сананың мазмұны әр таптың, қоғамның экономикалық, саяси, мәдени, өмірінде алатын орнына байланысты. Құқықтық сана халықтың саяси және құқықтың жауапкершілігін артырады, өздерінің заңдарда көрсетілген құқығы мен міндеттерін адал орындам отыруына, мемлекет және еңбек тәртібін қатаң сақтауға зор үлес қосады.

Қоғамдық сана-сезімнің басқа нысандарына қарағанда құқықтық сан адамдардың ой-өрісіне, рухани ойлану процесіне өте зор әсер етеді. Себебі құқықтық қатынаста адамдар номативтік актілерді бұлжытпай орындаулары керек, екі жақты құқықтық пен міндет бар, дұрыс орындалмаса жауапкершілік бар. Сондықтан, құқықтық қатынастардың субъектілеріне түсетін ауыртпашылық айтарлықтай мол.

Құқықтық сана-сезім өзінің құрылымы жағынан екі түрге бөлінеді: құқықтық идеология және құқықтық психология.

Құқықтық идеология дегеніміз – қоғамдағы құбылыстарды, қатынастарды құқық тұрғысынан ғылыми жүйеге келтіру. Құқық жөніндегі пікірлер мен көзқарастар белгілі бір жүйеге түсіріліп, ғылыми негізде дәлелденген күйде болады. Бұл идеологияны қалыптастыруға заңгерлер, саясатшылар, экономистер, философтар, тарихшылар т.б. мамандар қатынасады. Құқықтық идеология қоғамдағы әр бағыттағы, әр саладағы мақсаттарды біріктіріп, дамытады.

Құқықтық психология дегеніміз – қоғамның құқықтық сезімін, ақыл-ойын, әдет-ғұрып, дәстүрін біріктіру. Жеке адамдардың, қоғам мүшелерінің әртүрлі топтарының санасында – заңдарға олардың қолдануына байланысты туған әсерлер, көңіл-күй және сезімдер жатады. Қоғамдық көлемде осы мәселелерді біріктіріп дамытып, халықтың сана-сезімін көтеріп, демократияны нығайту, құқықтық мемлекет қалыптастыру. [2.195]

Құқықтық сана-сезімнің жүйелері мен түрлері:

1) Қатынастың субъектілеріне қарай құқықтық сана-сезім үшке бөлінеді: жекелік, топтық, қоғамдық сана-сезім. Бұл үшеуі бір-бірімен тығыз байланысты. Сонымен бірге олардың өз дербестігі болады. Әр жеке адамның сана-сезімі әр деңгейде болады: өте жақсы дәрежеде болса, онда бұл топтан жақсылықты күтуге болады. Топтың көпшілігінің, керсінше, сана-сезімі нашар болса ол топтан жақсылық, күтуге болмайды. Осы әдіс- тәсілмен қоғамның сана-сезіменің дәрежесін, деңгейін білуге болады. Сол арқылы қоғамның қай саласында, адамдардың қандай тобына жұмыс жасау бағытын анықтауға болады. Осындай қоғамның сана-сезімін реттеп – басқарып отыруға болады. Мазмұнның тереңдігіне қарай құқықтық сана-сезім тағы да үшке бөлінеді: күнделікті құқық саналығы, кәсіпқойлық құқық саналығы, теориялық құқық саналығы. Адамдардың күнделікті құқықтық сана сезімі олардың рухани, парасаттылық, өмір тәжірибесі арқылы қалыптасады.

Кәсіпқойлық, құқық саналығы қоғамның әр саласында жұмыс істейтін заңгерлердің тәжірибесі арқылы қалыптасады. Олардың құқықтық білімі де, тәжірибесі де мол болғандықтан сана-сезімдері көпшілігінің жоғары дәрежеде болады. Сондықтан, құқықтық нормалар дұрыс орындалып, заңдылық, құқықтық тәртіп жақсы дамиды.

Теориялық құқық саналығы қоғамдағы заң ғылымының жан-жақты жақсы даму арқылы қалыптасады. Жақсы дамыған заң ғылымы қоғамның сана-сезімнің дәрежесін, деңгейін көтереді, сол арқылы құқықтың жақсы дамуына зор әсер етеді.

Құқықтық сана-сезімнің бұл жүйелері мен түрлерінің қоғамда атқаратын жұмыстары өте зор. Олар бәрі бірігіп құқықтық нормаларды өмірге әкеледі, оны дамытады, олардың дұрыс орындалуына жан-жақты үлес қосады. Қоғамдағы құқықтық саналықтың деңгейі неғұрлым жоғары болса соғұрлым заңдылық та, құқықтық тәртіп те жақсы дамиды.

Құқықтық сананың субъектілері, әлеуметтік тұрғыдан бірнеше түрге бөлінеді:

- Жеке адамның құқықтық санасы есін білгеннен қалыптаса бастайды;
- Ұжымдық құқықтық сана. Әр ұжымның қызметінің ерекшеліктеріне байланысты ұжымдық құқықтық сана-сезім қалыптасады;

- Қоғамдық құқықтық сана. Адамдар жасына, жынысына, ұлтына, әлеуметтік жағдайына байланысты сан алуан бірлестіктерге бөлінеді. Әр топтың ерекшеліктеріне байланысты құқықтық ой-санасы, көзқарасы қалыптасады.
- Халықтың құқықтық санасы. Қазақстан халқы мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы, қайнар бұлағы. Демек, халықтың да құқыққа өз көзқарасы, сана-сезімі бар.

Құқықтық сананың тарихи даму кезеңдері мен типологиясы жобамен төрт дәуірге бөлуге болады: көне дәуір, орта ғасырлар, жаңа кезең және қазіргі заман.

Көне дәуірде ешқандай құқықтық сана деген жеке заңды ұғым болған жоқ. Орта ғасырларда да құқықтық сана толық қалыптасқан жоқ, аздап бұл туралы пікірлер, зерттеулер болды.

XVI-XVIII ғасырларда көптеген пікірлер, ғылыми зерттеулер өмірге келді. Қоғамдық ғылымдардың алдына көп талаптар қойылды: демократияны дамыту, абсолюттік монархияны жою, мемлекеттік билікті бөлу, адамдардың табиғи бостандықтарын, құқықтарын шектеуге жол бермеу т.б.

Қазіргі заманда құқықтық сана өмірде де, ғылымда да жан-жақты зерттеліп қоғамның, мемлекеттік дамуына зор үлес қосуда: мемлекеттік аппарат күрделі дамуда, заң шығармашылық процесс сапалы жұмыс жасап, қоғамдағы барлық қарым-қатынастарды реттеп басқаруда. [3.45]

Сонымен, құқықтық сана – қоғамдағы құқықтық құбылыстарға адамдардың сезімдерінің, әсерлерінің, көзқарастарының, пікірлерінің, бағаларының жүйесі; ол заң шығарудың, нормативтік актілердің дұрыс орындалуының, құқықтың сапалы дамуының негізгі шешуші механизмі деуге болады.

Қоғамдағы, мемлекетті дамытуда, оның құқығын нығайтуда қуатты құралдарының бірі – еңбекші бұқара. Сондықтан заң жобаларын талқылауға, құқықтық нормалардың дұрыс қолдануына, мүлтіксіз орындалуын бақылауға олар белсенді қатысады. Құқықтық сананы заңды мінез-құлқы деп те атайды. Бұл құқық нормаларының нұсқауларына сәйкес келетін жеке тұлғаның сана-сезімі. Осы сана-сезім арқылы заң роындалады, жүзеге асырылады. Егер адамдардың мінез-құлықтары құқы нормаларының талаптарына сәйкелсе, онда құқықтық тәртіп нығаяды.

Құқықтық сана-сезім арқылы қоғам басқарылады, оны өмірі қалыпты жағдайда жүргізіледі, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары жүзеге асырылады. Мұны азаматтардың көбі түсінеді. Сондықтан құқықтық қатынастардың басым көпшілігі заңды міне-құлық негізінде құрылады. Азаматтар құқықтың талабын белсенділікпен немесе енжарлықпен орындайды. Соған сәйкес сана-сезім екіге бөлінеді: белсенді заңды мінез-құлық және бәсең заңды мінез-құлық.

Белсенді заңды мінез-құлық – лауазымды тұлғалардың, азаматтардың өз бастамасы мен белгілі мақсатқа бейімделген заңды әрекеттері. Бұл мінез-құлықтың түрлері сан алуан, ол – субъектілердің өз міндеттерін адал ниетпен, сапалы атқарып, азаматтардың өздеріне жүктелген міндеттерін қалтқысыз саналы түрде орындауы, сонымен қатар құқықтарын жүзеге асыра отырып мемлекеттің, қоғамдық ұйымдардың жұмыстарына белсене қатысып әлінше көмектесу, заңдардың жобаларын талқылауда бет көрсетіп, өз пікірін ротаға салу – міне, құқықтық белсенділікке осындай әрекеттер жатады.

Енжар заңды сана-сезімнің көрінісі де сан алуан. Азамат өзіне жүктелген міндеттерді салақтықпен орындайды, нормативтік актілерді жүзеге асыруға енжарлықпен, немқұрайлықпен қарайды. Мұндай мінез-құлық екі тарапта да ұтылыста болады. Мысалы, шартты қатынаста субъектілердің екеуі де немесе біреуі міндеттерін дұрыс орындамаса екі жағыда ұтылыста болады, зиян шегеді. Мұндай енжар мінез-құлық басым болса, мемлекетке де зиян келеді.

Қоғамның экономикалық, әлеуметтік, мәдениеттік дамуы жақсы деңгейі болса адамдардың сана-сезімі де сол дәрежеде болады. Осыған сәйкес қоғамның құқығы да жақсы дамып, қатынастарды жақсы реттеп басқарып отырады. Егерде қоғамның экономикалық, әлеуметтік дамуы дағдарысқа ұшыраса онда сана-сезімнің сапасы

төмендеп, құқықтық нигилизм, немқұрайлық етек жая бастайды. Қылмыстың саны күрт өседі, қоғамдағы заңдылық пен құқықтық тәртіп нашарлайды. Оның себептері:

- 1) Азаматтардың көпшілігінде демократиялық мәдениеттің жоқтығы.
- 2) Қоғамда әкімшілік-әміршілік жүйенің ұзақ уақыт өмір сүруі.
- 3) Ескі мемлекеттің ыдырауы, жаңа жүйенің толық қалыптаса қоймауы.
- 4) Қоғамның экономикалық-әлеуметтік деңгейінің нашарлауы.

Қазіргі өтпелі кезеңде Қазақстан республикасының алдында тұрған мүдде-мақсаттары өте көп. Солардың бірі – халқымыздың құқықтық сауаттылығын көтеру, оның негізгі бағыттары:

- Елімізде құқықтық тәрбие жұмысын жақсарту. Бұл іске қоғам болып кірісу;
- Тәрбие жұмысын барлық бағытта жандандыруға көңіл бөлу; инабаттылық, парасаттылық, патриоттық, тәртіпшілік, еңбекшілдік, діни т.б. бағыттарда.
- Халықтың рухани сана-сезімін, білімін жақсарту;
- Мемлекеттің заң шығару, құқықтық нормаларды орындау жұмысын жақсарту;
- Мемлекет аппаратындағы қызметкерлердің мамандық сапасын көтеру;
- Заңдылыққа, құқықтық тәртіпке қатаң бақылау жүргізу.

Осы көрсетілген бағыттар арқылы құқықтық тәрбиені жақсарту тек аппараттың ғана жұмысы емес. Бұл күрделі және өзекті іске қоғамдағы барлық бірлестіктер, одақтар, ұжымдар, саяси ағымдар мен ұйымдар белсенді түрде қатысулары керек.

Құқықтық тәрбиені жақсарту үшін қоғамның экономикалық, әлеуметтік жағдайын, жақсарту, демократияны, бостандықты, теңдікті дамыту керек, сонда ғана іс нәтижелі болады.

Сонымен, құқықтық сананың сапасын жақсартып, қоғамдағы оның маңызын көтеруге зор үлес қосатын құқықтық психология мен құқықтық идеология. Бұл психология мен идеологияны теңестірсек идеология басым болады. Өйткені психология адамдардың санасында заңдарға олардың қолдануына байланысты туған тек әсерлерін. Көңіл-күйін, сезімдерін ғана көрсетеді. Ал, идеологияның қоғамға әсерінің шеңбері де, кеңістігі де өте кең, маңызда анағұрлым жоғары. Идеология құқық жөніндегі пікірлер мен көзқарастарды белгілі бір жүйеге келтіріп, ғылыми негізде дәлелдеп қызмет атқарады.

Мұндай тұрақты қалыптасқан демократиялық, мәдени әлеуметтік құқықтық идеология әр мемлекетте өте қажет. Онсыз қоғам сапалы, жақсы дами алмайды. Оны біздің еліміздің 10 жыл тәуелсіз дамыған тарихымыз дәлелдеп отыр. Кеңестік дәуірде 60 жыл үстемдік жасаған коммунистік салт идеологияға нигилистік көзқарасты қалыптастырып, еліміз көптеген қиыншылықты, қолайсыз жағдайларды бастан кешіріп отыр. «Тәуелсіздікке қол жетті, Ата Заң қабылдадық, дүниежүзілік ұйымдарға тең құқылы мүше болдық» дегелі 7-8 жылдан асса да, нені ардақтап, нені мансұқтауды білмейтін пұшаймандық тағы бар. Мұның аты – ұлттық немесе мемлекеттік идеологияның жоқтығы. Идеология дегеніміз – мемлекеттің жүрегі. Жүрегінде өзіне тән қасиет жоқ адамдардың дара тұлға еместігі кімге құпия? Өзіндік идеологиялық бағыт-бағдары, ұлттық білімі жоқ мемлекет ше? Ол кімге қажет? Әрине, бізге қажеті жоқ. Бірақ сырттағы біреулерге ол ұнайды. Өйткені мұндай мемлекетті бостандықта ұстау оңай.

Тәуелсіз жас мемлекеттің іргесін нықтауға байланысты тұжырымның бірі ілімдік жағынан қортылуы тиіс. Ондай ұлттық идеологияның негіздері бізде жоқ емес. Тек оны нақтылай, дәлелдей түсу керек. Ғылым дәрежесіне қарай бейімдеу қажет. Құқықтық қоғамы бар мемлекет құрамыз, оған керегі жалпы азаматтық идея деп тұрсақ та, Қазақстанның өзіне лайық идеологиясы болуын ешкім жоққа шығармас.

Қорыта айтсақ, құқықтық идеологияны жаңғырту, озық өркениет жетістігін қабылдау, мәдинет пен өркениетті ұштастыру, ұлттық тұлға тәрбиелеу, мемлекетімізде қаржы-қаражат, заң, өндіріс, өндіргіш күш, білім беру, денсаулық сақтау мен бұқаралық ақпараттың үйлесімін тауып үндестіретін құрал – мемлекеттік, ұлттық, құқықтық идеяны қалыптастыру.



Бұл жерде ескеретін мәселе Кеңестік дәуірде заң ғылымын марксизм теориясына сәйкес түсініп, ғылыми зерттеулерді, құқықтық мамандарды дайындауды осы бағытта жүргізіп келдік. Дүниежүзілік заң ғылымымен байланысымыз жоқтың қасы болды. Олардың мемлекет және құқық теориясының жаңалықтары мен жетістіктерін біз қолданбадық, пайдаланбадық. Сөйтіп, Кеңестік заң ғылымы біржақты дамып, көп кемшіліктерге әкеп соқты.

Қазіргі кезде ТМД елдерінде заң ғылымы бір идеологияның құрсауында болудан бостандық алып, дүниежүзілік ғылыммен қауышып, мемлекет және құқық теориясын жан-жақты дамытуға мүкіншілік қалыптасып, бұрынғы жіберілген қателіктерді, кемшіліктерді түзетуде.

XXI ғасырда қоғамның объективтік даму заңдылықтарын ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеп, қорытынды тұжырымдар жасауы қажет. Оны дүниежүзіндегі барлық елдердің ғалымдарымен бірігіп жасау. Сонда ғана нәтиже болады.

Қазақстанда құқық жүйесінің болашақта даму бағыттары:

1. Құқықтық идеологияны қалыптастыруға қоғамдағы барлық саяси, әлеуметтік күштер, ұйымдар бәрі бірігіп, үлес қосуы қажет. Әрбір одақ әр жаққа тартса қоғамда тұрақты бірлік те, сапалық құқықтық идеология да болмайды. Мұндай қоғамның болашағы жоқ деуге болады.
2. Құқықтық идеологияны қалыптастыру жұмысы жариялы, ашық, демократиялық түрде жүргізіліп, барлық халықты, олардың құрған ұйымдарын қатыстыруға толық мүкіншілік беру қажет.
3. Құқықтық идеологияны қалыптастыру процесінде халықтың көпшілігін мүддесін іс жүзінде асырамыз деп, азшылықтың, жеке адамдардың мақсатына нұқсан келтірмеуі қажет. Өйткені демократиялық қоғамда жеке адамдардың бостандығы мен құқықтарына шектеу жасауға қатаң тыйым салу қажет.
4. Құқықтық идеологияның алдындағы саңқырлы мүдде-мақсаттың ең күрделісі, ең маңыздысы: қоғамның саяси-экономикалық және Қазақстанның тәуелсіздігін, қорғанысын күшейту. Міне, осы мәселелерге мемлекет, халық, барлық ұйымдар, бірлестіктер, ұжымдар, саяси партиялар бірігіп іс-әрекет жасаулары өте қажет. Мемлекетіміздің тәуелсіздігі мен егемендігі күшеймей, басқа жақсылықтарды күту, болады ғой деп сену – жай қиял.

Сонымен, құқықтық сана халықтың, адамдардың саяси және құқықтық жауапкершілігін арттырады, өздерінің заңдарда көрсетілген құқықтары мен міндеттерін адал орындап отыруына, мемлекеттік және еңбек тәртібін қатаң сақтауға зор үлес қосады.

### Әдебиеттер

1. Ибраева А.С., Ибраев Н.С. Теория государства и права: Учебное пособие.-Алматы, Жеті Жарғы, 2003.
2. Мемлекет және құқық теориясы. Авторлар алқасы: Ж.Жоламанов, А.Н Таукелов, А.К.Мұхтарова.- Оқулық.- Алматы, 1998.
3. Сапарғалиев Ғ. Ибраева А. Мемлекет және құқық теориясы. -Алматы, Жеті Жарғы, 1998.

**ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ**  
**ПЕДАГОГИКА И ПСИХОЛОГИЯ**  
**PEDAGOGICS AND PSYCHOLOGY**

УДК 371. 335

**ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫН АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУ**

**А.Б.НАРЕНОВА, А.М.ЕРЕКЕШОВА**

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
№11 «Ақбота» (көруі мен сөздері бұзылған балалар үшін  
мектепке дейінгі арнаулы (коррекциялық) ұйымы  
Ақтөбе қаласы, Қазақстан*

*В статье предлагаются виды дидактических игр для развития речи в разновозрастных группах у детей дошкольного возраста, так как она является в педагогическом процессе сложной и многоплановой.*

*The article offers types of didactic games for the development of speech in age-diverse groups of preschool children since a didactic game is complex and multifunctional in the pedagogical process.*

Ключевые слова: *дети дошкольного возраста, детский сад, дидактическая игра, развитие речи, словесная игра.*

Key words: *preschool children, kindergarten, didactical game, speech development, word games.*

Дидактикалық ойын - балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын - айналадағы дүниені танудың тәсілі. Ол балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймай, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. Педагогикада дидактикалық ойындарға былай анықтама беріледі: дидактикалық ойындар дегеніміз - балаларға белгілі бір білім беріп, іскерлік пен дағдыны қалыптастыру мақсатын көздейтін іс - әрекет.

Дидактикалық ойындардың мақсаты:

1. Бағдарламада анықталған білім, білік және дағдылар жайында түсінік беру;
2. Бағдарламада анықталған білім, білік және дағдыларды қалыптастыру;
3. Бағдарламада анықталған білім, білік және дағдыларды тиянақтау және бекіту;
4. Бағдарламада анықталған білім, білік және дағдыларды қайталау және пысықтау;
5. Бағдарламада анықталған білім, білік және дағдыларды тексеру.

Дидактикалық ойынның міндеті:

1. Баланың қызығушылығын туғызу. 2. Баланың белсенділігін арттыру.

Дидактикалық ойын - оның аты айтып тұрғандай, баланың ақыл - ойын дамытып, таным түсініктерді ажыратудағы әдістердің бірі. Ойын арқылы оқыту - мектеп жасына дейінгі кезеңнің, негізгі ерекшелігі. Білімді меңгеру және оны бекіту үшін, дағды мен әдет қалыптастыруда балаға қайталау және жаттығу қажет. Егер баланың ойлауы образды, эмоциялық әсерде болса, ол соғұрлым жақсы нәтиже береді, сондай - ақ білім қызғылықты әрекетпен байланысты болса, баланың іс - әрекетімен іштей қабысып жатса, ондай білімді бала дұрыс меңгереді. Бала әрбір затты ұстап, дәмін татып, сан рет байқап көреді. Балабақшада бала психикасының дамуына ойын әрекеті шешуші рөл атқаратындығы туралы белгілі ғалымдар (Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Ш. Құдайбердиев, С. Торайғыров, Т. Тәжібаев т. б) өз еңбектерінде айтып кеткен. Педагогикалық процесті жетілдіруде ойынның алар орны жөнінде қазақстандық ғалым Н. Құлжанова да зерттеген. Ойын бала

үшін еліктеу, инстинкт күнделікті негізгі іс - әрекет және өмірі деп дәлелдеген. Н. Құлжанованың айтуы бойынша ойынды әдептілік, тәрбиелік мақсатқа пайдалану - болашақ өміріне түзу жол салу, үлкендерге еліктеу және өмірдің талаптарына сай бейімдеу деп түсіндірген. Ойын - бала өміріндегі тәрбиенің шешуші шарты. Бала өзін қоршаған ортаны, өмір сүріп отырған айналасындағы құбылыстар мен заттарды ойын арқылы түсініп ұғынады [1, 30-31бб]. Белгілі психолог Е. А. Аркиннің пайымдауынша, ойын және ойыншық балалар өмірін сипаттайтын бірден - бір жалпы ұғым: «Балақай өсімдік сияқты өз ішінен өсіп жетіледі және бұл процесс қатал түрде әр жеке баланың өзіне ғана тән. Бала тіршілігінің негізгі заңдарының бірі осындай». Кезінде К. Д. Ушинский, В. А. Сухомлинскийлер балабақша тәрбиеленушісі - балалық үшін оларды тәрбиелейтіндей орта туғызу, жағдай жасау керектігін атап көрсеткен болатын. Баланы жан-жақты тәрбиелеу, оның дүниетанымын жетілдіру, сөздік қоры мен сөйлеу тілін, ой өрісін дамытып, еңбекке баулу - балабақшадағы барлық топтарға бірдей ортақ басты міндеттер. Мектеп жасына дейінгі балаларды ауызекі сөйлеуге үйретіп, олардың ой өрісін кеңейтудің негізі айналадағы орта мен табиғат құбылыстарын бақылату. Тіл дамыту сабақтарын ұйымдастыру, сабақты алдын ала жоспарлау барысында тәрбиеші бұларды әрқашан ескеріп отыруы қажет. Тәрбиелеу және білім беру жұмыстарының негізгі түрі - сабақ. Сабақты ұйымдастыруда оқу жоспары, бағдарлама басшылыққа алынады. Сабақтың мазмұны дидактикалық принциптерге сәйкес әр топтағы балалардың жасына, білім деңгейі мен даму ерекшелігіне қарай белгіленеді. Сөйлеу бала үшін қарым-қатынас құралы болып табылады, оның ойлау қабілетін және мінез-құлқын реттеуде маңызды рөл атқарады. Сөйлеу қатынас баланың білімді меңгеруіне, қажетті білік пен дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Байланысты сөз ойға мағына беріп, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын және өзара түсінісуін қамтамасыз етеді. Сөйлеу қызметі ойдың дамуымен қатар өрбиді. Екіден үш жасқа дейінгі балалармен өтілетін сабақтар түрлі көрнекілік пен дидактикалық ойын әдісіне негізделеді. Сабақ үстінде заттарды көрсетіп, атап айтып тыңдату, ойнату әдістері арқылы балалардың зейін, қабылдау қабілеттері дамиды. Балалардың бұрын көрген-түйгенін, түрлі іс-әрекет дағдыларын әрі қарай дамыту, бір жүйеге келтіру балабақшадағы арнайы өтілетін сабақтар арқылы жүзеге асады. Тіл дамыту сабақтарында түрлі заттық ұғымды білдіретін сөздер үйретілсе, оны айналадағы тұрмысқа қажетті бұйымдарды бақылау кезінде естеріне түсіру, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу сабақтарында балаларды бұрын білетін заттарды бейнелету, оның түр-түсін, қалай аталатынын сұрап, дұрыс жауап беруге үйрету. Екі-үш жастағы балалардың тілін дидактикалық ойын арқылы дамыту тақырыбында өткізілетін сабақта балалардың тілдерін дидактикалық ойындар арқылы дамыту, есте сақтау дағдыларын қалыптастыру, балалардың ой, зейін, сөйлеу дәрежесін дамыту және дербес орындайтын жұмыстарына бағыт беріп, айтқан сөзді түсініп қабылдай білуге үйрету мақсаты көзделеді. Дыбыстарды айтудың артикуляциялық аппаратын әзірлеу [ 2, 17-18бб].

Балаларды анық, асықпай, барынша қатты айтуға үйрету, сөздің қарқыны мен ырғағын бақылау сөздің дыбысталу жағын жүйелі түрде дамыту: есту түйсігі, сөзді есту, тілдік демалыс айтылым аппараты сөздің мәнін түсіну үшін балаларды өзара әңгімелесуге тарту, дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуды қалыптастыру, суреттегі көрген кітабындағы, ойыншықтар жайлы қысқа өлеңдерді айтуға тәрбиелеу, ертегі әңгіме желісіндегі сөйлеу интонациясын үлкендердің көмегімен айтуға тәрбиелеу.

Балалармен жұмыс істеу мазмұны: жуыну, киіну, ұйқыға жату, ұйқыдан тұрған соң жеңіл-желпі жұмыстарға баулу кездерінде үйренген сөздерін, дыбыстарды қайталап айту, айтқызу және ойната сөйлету арқылы балаларды сөзге қызықтырып отыру. Үлкен адамдардың сұрақтарына, жолдастарының сөздерін дұрыс жауап беруге үйрету. Өздерінің жатқа білетін тақпақтары мен әндерін қайталап айтуға, өз құрбыластарымен, үлкендермен сөзбе-сөз қарым-қатынас жасауға, олармен сұрақ қойып, жауап ала білуге жаттықтыру. Сәбидің сөз қорын молайтып, сөйлеу тілін дамыту ісі балабақшада арнайы өтілетін сабақтарда, сабақтан тыс ойын, серуен кезінде іске асады [ 3, 21-22бб].

Тіл үйрету жұмысында айналадағы қоғамдық өмір шындығын, табиғат тамашаларын бақылатып, баланың таным, сезім қабілетін жетілдіру басты роль атқарады. Балалармен арнайы өтілетін осы жұмыс барысында тәрбиеші әр заттың аты, сапасы, қажеттігі жайында түсіндіреді. Баланы заттың атын сөзбен айтуға үйретеді. Айналадағы қоғамдық өмір өлі, тірі табиғат құбылысын бақылатқанда да әр объектіні сөзбен атап, түсіндіріп, баланы сөзбен қызықтырып, ойлау, сөйлеу қабілетін дамыту көзделеді. Тәрбиеші баланы ойната сөйлету ісіне баса көңіл бөлгені жөн. Бұл жастағы балалардың тілін дамыту жөнінде өтілетін жұмыс түрлері бағдарламада пайдаланып көрсетілген. Әр сабақта балаға танымал, бұрыннан білетін заттың, іс-әрекеттің белгісіз жағын байқата түсіндіріп олардың қабылдау, таным, сезім ой әрекетін кеңейтіп, ауызша сөйлеуге үйрету басты міндет болып табылады. Екі жастағы баланың тілін дамытуда сөздің лексикалық жағын молайтумен қатар ол сөздерді нақты түсініп айту, қажетіне қарай қолдана білуге үйрету көзделеді. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөз қорын жетілдіріп, сөйлеу тілін дамыту айналадағы өмір шындығын бақылатумен біртұтас тығыз байланыста жүргізіледі. Сол себепті тәрбиеші әр сабақта, сабақтан тыс жұмыстарда балаға сөз үйрете отырып, заттық ұғымға қоса іс-әрекетті білдіретін сөздерді дұрыс айтуға үйретеді. Әр сабақта балалардың сөздік қорын молайтуда екі-үш жаңа сөз меңгерту көзделеді. Сабақ үстінде балалармен сөзбе-сөз қарым-қатынас жасай отырып, тәрбиеші баланың әр сөзді анық, дұрыс айтуын қадағалап түзетіп отырады, байланыстырып сөйлеуге үйретуде сурет көрсетіп әңгімелесу, ойыншықтармен дидактикалық ойын өткізу, шығарма оқып тыңдату диалог түрінде (екі-үш жас) сөйлесуге баулиды. Дидактикалық ойындар балалардың білімін кеңейту және бекіту мақсатындағы жоспарлы және мақсатты педагогикалық тәсіл. Ойын ойнап, ән салмай өсер бала болар ма» дегендей, ойынның қай түрінде болмасын зер салып, ой жүргізіп қарар болсақ, дамудың өрбитінін байқаймыз. Өйткені алдымен ненің болсын бастамасы жол бастар қайнар көзі болатыны белгілі, демек біз ойынды бар өнердің бастауы деп білеміз. Ойын үстінде бала өзін еркін ұстайды, ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы. Сондай-ақ ойын баланың болашақ өміріне есік ашып, оның іздепаздық, тапқырлық қабілетін оятады. Осы тұрғыда баланың байқағыштық, зерттеп салыстыру, сезім қабілетін дамытуға, баланың заттарды белгілері бойынша тану, түйсіну қабілетін ұштап қана қоймай, сонымен қатар сөздік қорын молайтуда дидактикалық ойындардың орны ерекше болып табылады. Ойын көп жоспарлы, күрделі педагогикалық процесс болғандықтан мектепке дейінгі жастағы балаларды оқытудағы ойындық әдіс болып табылады, оқыту формасы балаларды жан-жақты тәрбиелеудегі негізгі құрал болып есептеледі. Дидактикалық ойын оқытудың әдістеріне екі жолмен қарастырылады: ойын сабақтар және дидактикалық тапсырмалар не болмаса автодидактикалық ойындар. Біз өз тәжірибемізде ойындық сабақтардың көмегімен балаларға білім беріп қана қоймай, оларға қалай ойнауды да үйретеміз. Біз бір мезетте тәрбиеші және ойынның мүшесі ретінде де балаларды ойнатуға талпындырамыз, ал балалар ойнай отырып үйренеді, сондай-ақ ойын өзіндік ойын әрекеті нәтижесінде де қалыптасады [ 4, 56б].

Өзіндік ойын әрекеті балалардың ойынға деген қызығушылығы артқан кезде ғана іске асады. Балалар ойын ойнағанды ұнатады және өз ынталарымен беріліп ойнайды. Тапсырмаларымды балалар өз беттерімен орындап және ойынды ұйымдастырып бір-біріне әділ баға беруге үйренеді. Балабақшада мектеп дейінгі балаларды оқытуда дидактикалық ойын маңызды құрал болып есептеледі. Біз ойын арқылы білімді меңгертіп және оны бекіту үшін дағды мен әдепті қалыптастырамыз. Балабақшада жиі қолданатын дидактикалық ойын түрлері өткізіледі:

- 1) Ойыншықпен ойналатын ойындар.
- 2) Үстел үстінде ойналатын ойындар.
- 3) Сөздік ойындар.

Әр топта балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты ойындар іріктелінеді, сондай-ақ тапсырмалар арқылы балалардың білімін тереңдете түсеміз және ойлауын, зейінін, есте сақтауын дамытуға көмектесеміз.

Ойынның мазмұны бірнеше элементтен құрылады: дидактикалық тапсырмалар, мазмұны, ережесі және ойынның орындалуы, мұнда басты элемент - дидактикалық тапсырмалар болып табылады, ал қалған элементтер осы тапсырмаға және оның орындалуына көмектеседі. Тапсырмалар әртүрлі болады. (табиғат, жануарлар және өсімдіктер әлемі, адамдар, еңбек т.б.) және қарапайым математикалық ұғымдарды бекітуге байланысты. Ойынның үлкен басты рөлі ережелерге сүйенеді, ережелер әр баланың ойына не істеу керектігін, қалай істеу керектігін, мақсатқа жетудің жолдарын көрсетеді және ақыл-ой қабілеттерін дамытады, әсіресе кішкентай топтағы балалардың өзін-өзі ұстауға, өздерінің мінез-құлықтарын қадағалауға үйренеді.

Сонымен бірге психологиялық жағдайларын жақсартады: көңіл аударғыштығын байқағыштығын және мейірімділікке, кішіпейілділікке үйретеді. Балалар алған білімдерін ойын барысында көрсете білуге, бір-біріне қарым-қатынас жасауға, әділ болуға, қиындық кезінде көмектесуге, өз ойларын жеткізе білуге, қиялының дамуына, қиындықты ақылмен жеңе білуіне көмектеседі. Осының бәрі баланы мектепке даярлайды. Дидактикалық ойындар жоспар бойынша сабақта және сабақтан тыс уақытта өткізіледі. Көптеген дидактикалық ойындар балалардың жеке-дара ойнауына арналған (мозайка, пирамида) олар баланың дербестігін, аңғарғыштығын, өздігінен еңбек етуін жетілдіреді. Кейбір ойындар 4-6 баламен ойналады, сандық лотолар сан үйрету үшін өте қолайлы қызықты. Ойын өткізгенде біз ойын мақсатын сақтай отырып, балаларды үйретеміз. Ойынды тек ұйымдастырып қана қоймай, ойынға өзін де қатысамын және белгіленген ережені орындауын қатаң түрде талап етемін, бұл баланы талапты орындауға, ережені бұзбауға үйретеді. Дидактикалық ойынды қолдану үшін үлкен педагогикалық шеберлік қажет. Ойынды таңдап алған соң, ойынның көмегімен қандай тапсырманы орындай- тыны анықталады және ойынды өткізу үшін алдын-ала дайындық жүргізіледі, сонымен қатар балаларға ойын түсінікті, анық жас ерекшеліктеріне сай болуы тиіс. Мысалы: табу, көрсету, белгілеу естияр топқа лайықты, ал ересек топ балаларында салыстыру басым болады. Мінез-құлықты тәрбиелеуде ойынның рөлі маңызды болып есептеледі [ 5, 5-766] Дидактикалық ойында білім беру мен оқыту бір-бірімен тығыз байланыста жүреді. Ойын-баланың жан серігі. Ойын сырттай қарағанда ешқандай қиындығы жоқ, оп-оңай көрінуі мүмкін. Ал іс-жүзінде бала ойынға қатысу үшін басқалармен тіл табысып, өзінің ойлаған ойын іске асыру оңай емес. Баланың рухани жетілуі мен табиғи өсуінің, денесін дамуы мен ой дүниесінің өркен жаюы ойынға тікелей тәуелді. Мектепке дейінгі мекемелердің оқытудағы негізгі міндеті: сәбилер тобынан бастап балаларға білім, дағды, іскерлікті берумен қатар ойлау қабілеттерін қалыптастырып балаларды ойлау жұмысына дайындау болып табылады. Ойынның негізгі ерекшелігі балалар үнтүнсіз ойнамайды. Тіпті бала жалғыз болғанның өзінде де сөйлесіп жүреді. Ойын процесінде сөйлесу қарым-қатынасы үлкен роль атқарады. Сөйлесе жүріп, балалар пікірлесіп, әсер алысып, ойынның түпкі ниеті мен мазмұнын анықтайды. Ойынның негізгі құрылымдық элементтері мыналар: ойынның өзінен туатын және балалар жасайтын немесе ересектер ұсынатын ойын ережесі. Ойынның түпкі ниеті бұл балалардың нені қалай ойнайтынының жалпы анықтамасы. Мысалы: «Дүкен», «Аурухана», «Ұшқыштар», «Отбасы», «Балалар бақшасы» болып ойнайды. Ойынның сюжеті, мазмұны бұл оның жанды тұлғасын құрайтын, ойын әрекеттерінің, балалардың өзара қарым-қатынастарының дамуын, көп жақтылығын және өзара байланысын анықтайды. Ойынның мазмұны оны қызықты етеді, ойнауға ықыласпен ынтаны қоздырады. Ойын процесінде балалардың өздері ойнаушылардың мінез-құлқы мен өзара қарым- қатынастарының анықтайды және реттейтін ереже белгілейді. Ойын бала үшін нағыз өмір. Олай болса тәрбиеші ойынды ақылмен ұйымдастыра білуі қажет. Ол балаларға жақын болуға, олардың ойындарының сүйікті қатысушысы болуға тиіс. Ойын көбінесе серуен кезінде ұйымдастырылады. Сондықтан аулада арнаулы құрылыстар, ғимараттар көптеген құрылыс материалдары күректер, доптар, секіргіштер болуға тиіс. Ойын сонымен бірге сабақ кезіндегі оқытумен де тығыз байланысты. Ойын ешқашанда өзінің қызықтылығын жоғалтпайды, тек оның мазмұны,

сипаты өзгереді. Ойындар мазмұнына қарай, өзіне тән ерекшеліктеріне қарай сюжетті-рольді, драматизиялық, дидактикалық құрылыс ойындары, қимылды ойындар, ұлттық ойындар болып бөлінеді. Сюжетті рольді ойындар мектепке дейінгі балаларға тән, қызықты ойындар болып табылады. Ол балалар өмірінде елеулі орын алады. Сюжетті-рольді ойындарының ерекшелігі сол, оны балалардың өздері жасайды. Ойынның дербес әрекеті айқын өнерпаздық және шығармашылық сипатта болады. Бұл ойындар ұзақ та қысқа да болуы мүмкін. Сюжетті - рольді ойында бейнелеу құралы роль мен ойын әрекеттері болып табылады. Мысалы «Дүкен» ойынын ойнағанда балалар сатушы мен сатып алушының әрекеттеріне, ал «Аурухана» ойынын ойнағанда дәрігер мен науқастың әрекеттеріне еліктейді. Драмалық (қойылым) ойындарда мазмұн, рольдер, ойын әрекеттері қандай да бір әдеби шығарманың ертегінің т.б. сюжеті мен мазмұнына сәйкес болады. Құрылыс ойыны балалар әрекетінің бір түрі. Оның негізгі мазмұны қоршаған өмірді алуан түрлі құрылыстарды және соларға байланысты іс-әрекетті бейнелеу болып табылады. Құрылыс ойыны бір жағынан сюжетті рольді ойынға ұқсас келеді, және соның бір түрі деп қаралады. Олардың қайнар көзі біреу қоршаған өмір. Балалар ойын үстінде көпірлер, стадиондар, театрлар, цирктер т.б. ірі құрылыстар салады. Құрылыс ойындарында олар қоршаған заттардың құрылыстарын көшірмесін жасап, құр бейнелеп қана қоймайды, сонымен бірге өздерінің шығармашылық ойын, жобалық міндеттерінің өзіндік шешімін енгізеді. Дидактикалық ойын формасы кішкене балаларға мейлінше тән оқыту формасы болып табылады. Ойын өлең мен қимылды ұштастыру негізінде жүргізіледі. Мысалы: «Сикырлы қақпақтың сырын ашайық» деген ойында ересек топтарда тәрбиеші балаларды зат туралы айта білуге үйрету, олардың жүйелі сөйлеу қабілетін дамыту міндетін қақпақтың астында не бар екенін білу. Дидактикалық ойынның нәтижесі қандай жолмен болса да өту емес, балалардың білімді игеру, ақыл-ой қызметін дамытуда, өзара қарым-қатынас жасауда жеткен жетістіктерінің көрсеткіші. Дидактикалық ойындарда да балалардың алдында қандай да бір міндеттер қойылады, оларды шешу үшін назарды жұмылдыру, ерікті зейін қою, ережені ой елегінен өткізе білу т.б. Олар балалардың түйсіну және қабылдау қабілетін дамытуға, ұғымдарын қалыптастыруға, білімді меңгеруіне көмектеседі. Дидактикалық ойындар айналамен табиғатпен таныстыру сабағында жиі қолданылады. Дидактикалық ойындар топ бөлмесінде, учаскеде өткізіледі. Дидактикалық ойынның орталығы ойыншықтар мен ойын құралдары.

Әрбір топта дидактикалық тұрғыда жабдықталған қуыршақ, оның күнделікті тұтынуына керекті барлық заттардың комплектілері болу керек. Үстел үсті ойындарға лото, домино, тақырыптық ойындар («Қайда не өседі?», «Бұл кімге керек?» т.б.) пазылдар, леголар, қимыл белсенділігін, ептілікті талап ететін ойындар («Ұшатын қақпақтар», «Қаздың балапаны», «Нысанаға тигіз» т.б.), мозайка типтес ойындар жатады. Ересек топтағы балалар үшін қағазға басылған стол үстінде ойналатын ойын қызықты келеді. Оларға табиғат құбылыстары, көліктің алуан түрлері (кім не біледі, немен жүреді, немен жүзеді, немен ұшады?) бейнеленген, ертегілердің кейіпкерлері қимыл көрсетеді. Қимыл ойындары балалардың қозғалысын жүгіру, секіру, өрмелеу, лақтыру, қағып алуды жаттықтыруға, дамытуға және жетілдіруге мүмкіндік береді. Қимыл ойындары баланың жүйке психикалық дамуына, жеке басының аса маңызды салаларының қалыптасуына да үлкен әсер етеді. Қимыл ойында ережелер ұйымдастырушы роль атқарады, олар ойынның барысын, жүйелілігін, ойнаушылардың қарым-қатынасын, баланың мінез-құлқын анықтайды. Қимыл ойындары үйдің ішінде және серуен кезінде бірнеше баламен немесе бүкіл топпен өткізіледі. Олар сондай-ақ дене шынықтыру сабақтарының құрамына енеді. Балалар ойынды игерген соң өздігінен ойнай алады. Қимылды ойындарды ұлттық ойындар желісінде ұйымдастыруға болады. Мысалы: «Соқыр теке», «Көкпар», «Асық», «Бәйге», «Тақия тастамақ» т.б. ойындар жатады. Бала өмірінің кезеңі ойын арқылы жетіледі. Сол сияқты ойындар да топта жас ерекшелігіне сай жүргізіледі.

Ойымызды қорыта келе, балабақшадағы тәрбиелеу - оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген

сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс - әрекет кезіндегі тілдік қарым - қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілуі тиіс.

### Әдебиеттер

1. Тіленбаева Н.Б. Дидактикалық ойынның маңызы //Отбасы және балабақша – 2009. №2, 30-31бб
2. Әбішева А. Ойын элементтерін пайдаланудың педагогикалық ерекшеліктері // Бастауыш мектеп.- 2003. №3, 17-18бб
3. Егенисова А.Қ. Мектепалды даярлық топ балаларының ойын арқылы тілін дамыту //Бастауыш мектеп – 2008. №5, 21-22бб
4. Калкенова А. Оқытудағы ойынның рөлі // Қазақстан мектебі- 2007. №3, 56б
5. Туғанбаева Ш. Сабақ үрдісінде ойын түрлерін пайдаланудың оқушылардың білім- білік дағдыларын дамытудағы маңызы// Бастауыш сынып- Начальная школа -2009, №4, 5-7бб.

ӘОЖ 37.01

### Әлеуметтендіру тетіктері педагогикалық ойды дамытудың негіздері ретінде

**Г.Е.Елеусинова**

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе қаласы, Қазақстан*

*В данной статье автор рассматривает агенты и механизмы социализации как основу развития педагогической мысли.*

*In the article the author considers agents and mechanisms of socialization as the basis of pedagogical ideas development.*

Ключевые слова: *язык, религия, гуманизм, опыт, ценность, традиционный механизм, механизм мудрости, индивидуальный механизм, межличностный механизм, оценивание.*

Key words: *language, religion, humanity, experience, value, traditional mechanisms, wisdom mechanism, individuality mechanics, interaction mechanism, evaluation.*

Педагогтың алтын кітабында: «тұлғаның әлеуметтенуі - индивидті әлеуметтік ортаға енгізу үдерісі, теориялық және практикалық әрекеттердің іскерлік, дағдысын меңгеруі арқылы шынайы бар қатынастарды тұлғаның жеке сапасына айналдыра білуі» [1, б.543], - деп анықталған.

Әлеуметтендірудің мазмұны ретінде алдыңғы ұрпақтың жинақтаған әлеуметтік тәжірибені беру және әлеуметтік мұрагерлікке ие болу алынады, оны жүзеге асырудың тәсілдері мен игеру қоғамның даму үдерісінде жүзеге асырылады.

Демек, құлықты қалыптастырудың бірден бір жолы. Тұлғаны әлеуметтендіру институттарына отбасы, мектепке дейінгі ұйымдар, мектеп, еңбек және өзге ұжымдар жатады. Бұлардың барлығы да жеке тұлғаның әлеуметтік сипатының қалыптасу процесіне маңызды ықпал етеді.

Алматылық педагог Бейсембаева К.Д. өзінің «Әлеуметтендіру – рухани құндылықтарды таратушы және қайта жаңғыртушы механизм ретінде» атты мақаласында әлеуметтендіру мәселесінің тарихына шолу жасап, шетелдік және ресей ғалымдарының теориялары мен ой-пікірлерін талдайды. Біз мақаламызда қазақ және шетел ғалымдарының осы мәселеге байланысты еңбектерінің негізінде, күнделікті оқу-тәрбие үдерісіндегі жағдаяттарды ой елегінен өткізу арқылы педагогикалық ойтолғауды жөн көрдік.

Қазақтың ақын-жырауларының шығармаларын оқу бізге әлеуметтендірудің негізгі бес тетігін айқындайды: дәстүрлі, даналық, даралық, тұлғааралық және бағалау [2, б. 928].

1. Әлеуметтендірудің *дәстүрлі тетігі* адамның отбасы мен жақын қоршаған ортасына тән нормаларды, мінез-құлық эталондарын, көзқарастарды еріксіз меңгеруін қамтиды. Қазақтың «ұлың өссе – ұлы жақсымен, қызың өссе – қызы жақсымен көрші бол» деген мақалы осы ойды меңзейді. Өсіп келе жатқан бала нені, кімді көрсе соған еліктейтіні белгілі. Мәселен, қазіргі уақытта бала қандай мультфильм көрсе, соның кейіпкеріне еліктеп шыға келетіні бір жағынан күлкі тудырса, екінші жағынан алаңдатады. Сотқар қыз Машаны көрген қыз соған еліктеп тіл алмай кететіні бар болса, Күлше қызды көрген бала ұқыптылыққа ұмтылып тұратыны көз қуантады. Сондықтан, балаңыз теледидардан қандай хабарды көретіні де сізді бейжай қалдырмауы керек. Отбасыңыз жиі араласатын адамдар да сіздің балаларға өзінің қылықтарын жұқтырып кететіні тағы бар. Оны да естен шығармаған жөн.

2. Әлеуметтендірудің *даналық тетігі* адамның қоғамдық институттармен өзара әрекеті барысында жүзеге асырылады. Құнанбайдың баласы Абайды түрлі жиылыстарға апаруы арқылы даналыққа жетектеуі орынды болса, «Бес анықта» педагог Мұхтар Арынның соңғы кезде балалардың үлкендер отырысына қатыстырылмауы туралы қынжыла айтқан пікірлері осы даналық тетігінің өз деңгейінде іске аспауының мысалы еді. «Екі шалдың арасындағы бала дана, екі баланың арасындағы шал бала», - демекші баланың рухани дамуына қажетті адамдар мен ортаның маңызы өте зор.

3. Әлеуметтендірудің *даралық тетігі* белгілі бір мәдениеттің шеңберінде жүзеге асырылады. Мәселен, белгілі әлеуметтік немесе мәдени қабаттағы адамдарға тән моральды-психологиялық белгілер мен мінез-құлық көріністерінің кешені аталады. Адам әр кезде әр түрлі болады, әр түрлі ойға беріледі, әр түрлі әрекет жасайды. Сөйтіп, оның әр түрлі «Мені» (даралығы) дүниеге келеді. Мәселен, Қаныш – кен іздеуші инженер, Қаныш – аудармашы, Қаныш – әнші (А.В.Затаевичке 25 қазақ әнін жазып берген, келістіре орындай да білген «Қазақтың Қанышы роман-эссесінен»), Қаныш – делегат, Қаныш – жазушы, Қаныш – фольклорист... – мұның бәрі бір кісінің әр қыры (даралығы). Олардың ойы да, ісі де, дүниеге көзқарасы да әр түрлі. Осындай түрлілік болғанда ғана адамдар әлеуметтенуінде ешқандай кедергі болмайды. Түсінік пен түсіністікке алып келетін алтын көпір деп айтуға болады. Сондықтан адам ес білгеннен өнерді үйренуге ұмтылуы қажет. Өнер – мәңгілік, ал өмір – қысқа. Өнерлі адамның қарапайымдылығы оның құндылығын арттыра түседі. Бақыт дегеніміз батыр адамның жан күйі.

4. Әлеуметтендірудің *тұлғааралық тетігі* адамның өзі үшін субъективті маңызды адамдармен қарым-қатынас үдерісінде жүзеге асырылады. Мұндай маңызды адамдар ретінде ата-аналар, сүйікті мұғалім, құрметті ересек адам, әріптестер, достар болуы мүмкін. Жақсы адамдармен кездесуге ынтық болу, олардың кітаптарын оқу, бата тілектерін алуға ұмтылу тұлғааралық тетіктің айқын көрінісі десек болады. Тарихта дана балалардың ақын жырауларды, билерді іздеп барып сұрақ қоюы, бата алуы да үлгі аларлық жағдаят. Жақсы адамдарды іздеп, қарым-қатынасқа түсу адам өмірін жақсартатын керемет құралдардың бірі деп ойлаймыз. Мәселен, педагогикалық ойлаудың төрт түрін (тұрақты ой, қамқор ой, жаңа ой, терең ой) «Абай жолында» тізіп жіктеп түсіндіріп берген Мұхтар Омарханұлы Әуезовті, мектеп жылдарында тек оқытып қана қоймай өзі, көзі, сөзімен тәнті еткен ұстаздарымыз математика пәнінің мұғалімі Қомытбаева Торғай апайды, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Исмаилов Жақсымбек ағайды, қоғамтану пәнінің мұғалімі Тәжібаева Үрімхан апайды, бастауыш сынып мұғалімі Төлегенова Ағираш апайды, университет қабырғасында дәріс берген Алтай Тайжанұлын, Асылзат Бимұратқызын, Мұрат Есенұлы есімді ұстаздарымызды еске түсіру, көргенде қуану сезімдері осы кісілердің біздердің адам болуымызға қосқан зор үлестері барын айғақтайды. Философияны сүйіп оқуға деген қызығушылық ұстазымыз Алтай Тайжанұлынан дарыды десек, Асылзат Бимұратқызынан орыс тілінен сауаттылық, Мұрат Есенұлынан педагогика тарихындағы ғұламалардың шығармашылығына ден қою сапалары берілді. Осындай ұстаздарды тәрбиелеген ата-аналарына Алла разы болсын! Ұстаздан шәкірт озар деп айтқандай, осы тұста жақсы



шәкірттерді де атап өткеніміз жөн: қазақ-түрік лицейінің мұғалімі Төлешова Ақнұр, Бершүгір ауылының мұғалімі Мұқашев Ғарифолла, Шалқар өңірінің түлегі, ішкі істер қызметкері Отаралина Жаңылдық. Үлгілі ұрпақ өсірген ата-аналарға алғысымыз шексіз.

5. Жоғарыда аталған тетіктердің әсері көп жағдайда *бағалау* арқылы негізделеді, яғни адамның қоғамдағы алуан түрлі институттарға тән құндылықтарды қарастыратын, бағалайтын, қабылдайтын немесе теріске шығаратын *ішкі диалог* арқылы негізделеді. Бағалаудың дұрыстығы жақсы мен жаманды айыра білетін адамдарда болады. Адам өзіне баға беруге лайықты адамның ғана бағасын құнды деп санайды екен. Ол турасында дана халқымыз: «жақсы адамның ізінен сөз ереді, жаман адамның ізінен шөп ереді», - деп дөп басып айтқан.

Әрбір адамды әлеуметтендіру жоғарыда аталған тетіктердің көмегі арқылы жүзеге асырылады. Алайда, әртүрлі жас ерекшелік, жыныстық, әлеуметтік-мәдени және кәсіби топтарда, нақты адамдар тобында әлеуметтендіру механизмдерінің рөлдік арақатынасы алуан түрлі және мәнді болып табылады. Әлеуметтендірудің жетекші механизмі ретінде отбасын толыққанды түрде атауға болады. Отбасы жеке тұлғаға нормативті және ақпараттық әсер ету арқылы әлеуметтендіруші ықпал етеді. Отбасында қарым-қатынас әдебіне үйренген баланың өзге ұжымдарға сіңуі тез болады. Отбасы әлеуметтендірудің алғашқы қайнар көзі болып табылады, ең бірінші кезекте, отбасы индивидке әлеуметтік-құзыретті тұлға ретінде қалыптасуға мүмкіндік береді. Осындай тұлға ретінде қалыптасқан Алматылық педагог-ғалым Қоңырбаева Сараш Сахиқызының «Отбасы: бала мен ата-ана» атты еңбегінде қазақ отбасындағы гендерлік әлеуметтендіру, жыныстық тәрбие мәселесі көтеріліп танымдық тұрғыдан қызығушылық тудыратын ғылыми дәлелдер келтірілге: «...ашық киінген қыздар біріншіден, «көз тию» деп аталатын пәлекеттен аман қалу мүмкін емес. Бүгінгі ғылым анықтағандай, әсіресе ер адамдардың тесіле қараған көзі өте зиянды екен. Дертке ұшырағанымен қоса жолы, бағы байланады. Екіншіден, ер адамдар көктен, әйелдер жерден қуат алады. Үшіншіден, ашық-шашық жүрген қыз, әйел көктен өзіне қажет емес қуат алады. Сөйтіп, оларда еркектерге тән тестостерон гармондары пайда болып, түрлі ісік ауруларына жол береді. Ал, баланың бітуі мен дүниеге келуіне қажет экстрогенос гармондарының түзілуіне тар шалбар мен тар киімдер кию кедергі жасайды»[3, б.46]

Отбасында ата мен әжеден, ата-анадан тәлім алған, өмірлік дағдылары қалыптасқан баланың жан-жақты әлеуметтенгендігі мен әлеуметтік рөлдерге бейімделгендігі адамгершілік сипаттарымен көрініс береді. Бұл бір жағынан тәжірибелілік нәтижесі болса, екінші жағынан, тұрақты да ерінбей-жалықпай мейірім арқылы берілген тәрбиенің жемісі. Отбасында балада қандай этномәдени білімдердің негізі қалануы тиіс деген сұрақ туындайды? **Тіл, дін, гуманизм, тәжірибе, құндылықтар** - осы аталған компоненттер әрбір адамға әлеуметтік ортаға кіруге жол ашады. Тек осы тетіктерге негізделіп құрылған жүйе ғана адамға өзін дамытуға, өзгенің дамуына кедергі келтірмей ғұмыр кешуге мүмкіндік береді. Сонда ғана біздің елімізде *намысты, табысты, жүректі, білекті, тіректі, терең ойлы ұрпақтар* өседі. Енді осы компоненттердің әрбіріне герменевтикалық талдау жасап көрелік.

**1. Тіл** - күнделікті қолданылып жүргенімен, ең бір жұмбақ құбылыс. Ол ақпарат және жаңалық деген сөздермен байланыста болады. Ақпарат (информация) ұғымы латын тілінен аударғанда «түр беру» деген мағына береді. Ал тіл сөзінің бастапқы мағынасы «қю» және «шақыру» ұғымдарымен байланысады. Қазақ ұлтының «жақсы сөз - жарым ырыс» мақалының этимологиясы да осы бастапқы ойдан туса керек. Жақсы сөз айту кеңістікте қалып, немесе энергетикалық қабықша түзеді, ал оның орындалуы ұрықтану процесімен ұқсас деп айтсақ болады. Ғаламнан түсетін қуат толқыны сіздің қолданған сөзіңізбен қосылып біртұтас жүйе құрайды. Сондықтан да «Он пәленің тоғызы тілден», - деп ата-бабаларымыз тіл қолданысына өте сақ қараған. Тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар ол атау арқылы болмысты үлгілеу құралы да. Үлгілеу мен

басқаруға тек адам ғана қабілетті. Тілдік номинация ғана адам тілін жануарлар тілі мен мимика, жест тілінен ерекшелейді.

Тіл үш деңгейден құралған: дыбыс, сөз және сөйлем. Сөз арқылы адам бір затты не құбылысты атайды (номинация), ал сөйлем арқылы хабар береді (коммуникация).

«Ойымды жеткіздім» ұғымы мән бойынша дұрыс емес. Өйткені лингвист А.А. Потебня сөз арқылы тыңдаушыға ойды беру, жеткізу мүмкін емес. Оның басында ұқсас ойларды ғана шақыруға болады деген пікір айтқан болатын. [4, б.6-8] Олай болса білім бәріне ортақ беріледі, ал ұғынуы қабылдауға байланысты екені түсінікті. Мәселен, тыңдаушылардың ішінен көп дегенде үшеуі ғана естіген ақпаратынан «іліп алу» (импликация) қабілетіне ие екен. Сондықтан отбасында ата-ананың алғашқы парызы ұрпақ санасына «халық ауыз әдебиетінің үлгілері» деген дәнді егу, сол арқылы ұлтыңның тарихын ұмытпауға да жағдай жасалынады. «Елең ететін» (акад. А.Т.Тайжанов) құймақұлақ бала тәрбиелеуге мүмкіндік бар деген сөз.

Эпостарды оқу халықтың ұжымдық шығармашылық рухани орталығымен біріктіреді деп жазады өз еңбегінде Серікбол Қондыбай. Ондай адамның рухы мықты болады. Осыны білген орыстың кейбір тар пиғылды басшылары кезінде қазақ, қырғыз ұлтының эпостарын жоюға белсене атсалысқан, сөйтіп ұлттың рухын сындырудың келеңсіз әрекетін жасаған. Дегенмен, халқымыздың аяулы перзенттері Мұхтар Омарханұлы Әуезов, Қаныш Имантайұлы Сатпаевтың белсенді харекеттері арқылы эпостар сақталып қалды. Ендігі біздің борышымыз сол саф алтындай маржанымызды өз ойымызға сіңіру арқылы болашаққа тапсыру. Осы бір үдеріс үзілмеуі керек. Бұл да әлеуметтендіру құбылысының жасырын жатқан бір алып қатпарлы қазынасы.

Кім парасатты болғысы келмейді, ал парасат қоймасы ертегіде екені бесенеден белгілі жайт. Олай болса ертегі оқу, оны айтып беру арқылы дүниеге деген тұтас көзқарасты қалыптастыруға болады. Көру, білу, күшінді неге жұмсауға білу нәтижеге алып келетіні тұтас көзқарастың өлшемдері екені даусыз. Адам өзі туралы ойлағанда тек өзімен ғана шектелмей тұтас әлемдік контексте алып қарағаны жөн. Сізді балаңыз тыңдамайды делік, бұл жайтта баланы бірден кінәлау қате, өйткені Сіз өзіңіз тыңдай аласыз ба?, - деген сұрақ туындайды. Ертеректе бір кісі балам тыңдамайды деп бір ғұламаға шағымданады, сонда ғұлама балаңызды қарғайсыз ба?,- деп сұрайды. Әлгі байғұс «иә» деп жауап қайтарған екен.

**2. Дін** – адамдардың ақиқатты тануға бағытталған арнайы әрекеттерінің нәтижесінде иман беріктігіне қол жеткізу жөніндегі білім. Ислам ғалымдары дінге төмендегідей анықтама берген: “Дін – ақыл иелерін өзінің еркін жігерімен ең жақсыға, ең тураға және ең көркемдікке жеткізетін мәңгілік бір заң”. Әлеуметтендіру тетігінің бірі, педагогикалық ойлауды дамытудың негізі ретінде дін рухы биік, ерік-жігері мықты, иман мен сенімді берік ұстанатын ұрпақ тәрбиелеуде маңызы бар білім көзі. Дін интеграциялық, реттеуші-бақылаушылық, экзистенциалдық (осы әлемдегі адамның орнын түсіндіру) қызметтер атқаруымен ерекшеленеді

Философ *Н.Бердяев* дін туралы: «Основа религии есть откровение. Откровение само по себе не сталкивается с познанием. Откровение есть то, что открывается мне, познание есть то, что открываю я».

Біздің ойымызша ғалым уахиды жеке адамдарға ғана берілетін абсолюттік таным жемісі деп түсіндіреді. Дін тілімен айтсақ, таңдаулы адамдарға ашылатын сыр. Ал уахи әлеуметтің ортақ қазынасына айналуы үшін арнайы діни білімі бар орта және уақыт керек. Таным уахимен салыстырғанда кез келген уақытта адамның өз еркімен алатын білім жемісі. Осы жерде ғылым мен діннің арасындағы бірінші айырмашылық көрініс береді, атап айтсақ, діндегі уахи кездейсоқтықпен байланысты болса, ал ғылымдағы таным ғылыммен айналысатын адамның өз еркіне байланысты жүзеге асады. Бірақ осы аталған айырмашылықтың өзі екі құбылыс арасындағы ұқсастықтың бастауы болып табылады. Өйткені, діндегі ізденіс те адамның ерік-жігері арқылы іске аса отырып, белгілі бір

шарықтау шегіне жеткенде ғана сыйлық ретінде уахи (хикмет) түседі. Философиядағы кездейсоқтық қажеттіліктің алғышарты деген қағида іске қосылады деп айтуға болады. *Әл-Фараби* «Философияның дінге қатынасы» атты еңбегінде: «Дін дегеніміз – көзқарастар жүйесі мен іс-әрекеттер тізбегі және Алланың адамзат баласына салып берген қасиетті жолы. Діннің арқасында көкірегі ояу адамдардың баршасы да көздеген мақсаттарына жетуге мүмкіндік алады.»

Дін мен ғылымның мақсаты бір – ақиқатқа жету, адамдарға қызмет ету. Ал ақиқат дегеніміздің өзі, *Әл-Фараби* бойынша, әр адамның білімділігі мен табиғи қасиеттерінің арқасында көз жеткізген өмір шындықтары болып табылады. Мәселен, ғылымның өлшемдері болып табылатын шынайылық, тәуелділік және жүйелілік діннің де басты өлшемдеріне сәйкес келеді: ақиқат, адалдық және сабырлылық. Тура мысал келтірсек, «досың үшін өзінді құрбан етесің бе?» деген сұраққа қалай жауап береміз. Бірқатар адамдар ойланбастан «жоқ» деп жауап береді, ал терең ойлы адам «әрине» деп жауап қайырады, өйткені оның білімі мен табиғи қасиеті үнемі қозғалыста. Сондықтан да ол досына бөлген уақытын адам өмірінің бір бөлшегі деп танып біледі, олай болса бұл құрбандық емей немене? Осы тұста ислам діні қолдамайтын бір құбылыстың сыры ашылды деп қуануға болады. Ол – қол-аяғың, ақыл-есің сау бола тұрып, үй қызметшісін ұстау.

**3. Гуманизм.** Адамгершіліктен бастау алатын бұл құбылыс әлемдегі ең маңызды да басты тұлға адам деп түсіндіреді. Мұнда «таразы» принципін ұстанған жөн. Қандай сөз сөйлесең де, не ойласаң да, не істесең де бәрі бір таразыға тартылып отырады. Таразыны өзің теңестіріп отырмасаң, сенсіз де теңестірілетіні айдан анық. Сондықтан көркем ой ойлап, көркем сөйлеп, көркем істерге бағытталуымыз бәріміз үшін де таптырмайтын қазына. Ол қазынаның үстінде отырып алыстан іздейтініміз тіпті кейде күлкілі жағдаяттарға да алып келетіні бар. Қазақтың «астындағы атын алты ай іздепті» деген мақалының бір қыры осы құбылысты меңзейтіндей ой қалдырады. Бірде айтыс ақыны Мұхамметжан Тазабековтан «балаңызды қалай тәрбиелейсіз», - деп сұрағанда: «мен баламды тәрбиелемеймін, өзімді дұрыс ұстауға ұмтыламын», – деп есті жауап қайырды. Педагогика ғылымында мұны тәрбиедегі ең керемет әдіс үлгі деп жазады. Ата-ананың отбасындағы беделі көп нәрсенің басын ашады. Сондықтан отбасымызда беделді болуға жаттыға білейік.

Ал пайғамбарымыз (с.ғ.у.) бала тәрбиесіне өте зерек қарағаны көптеген діни кітаптардан белгілі.[5, б.384] Гуманизмнің керемет үлгісін көрсеткен ол кісі бірде құрма ұрлаған баланы бақша иесі алдына алып келгенде былай дейді: «Балапаным, құрма ағашына неге тас лақтырдың?» Бала: «Қарным қатты ашты. Құрма жегім келді», - дегеннен басқа сөз айтпады. Өз пайғамбар (с.ғ.у.) балаға: «Жерге түскенін жесең же, бірақ ендігәрі құрмаларға тас лақтырма, жарай ма?»-деді. Сосын баланың басынан сипап, оған былай деп дұға жасады: «Уа, Алла Тағалам! Бұл баланың қарнын тойдыра гөр!» Осы жағдаятқа герменевтикалық талдау жасап, астарындағы педагогикалық тәлім-тәрбиені ұғынуға ұмтылайық. Тәрбие берудің өзегі мейірім мен сүйіспеншілікте. Мұндай гуманизмге негізделген қарым-қатынасқа барша заманда да кішкене балалармен қатар үлкен адамдар да зәру десек болады. Кішкене балалар үшін мейірім мен сүйіспеншіліктің орны ерекше. Жылы сөз айтып, басынан сипаған адам бала үшін қорғаушысына айналып кетеді. Ол адамға деген құрметі күннен күнге арта түседі. Сондықтан ата-аналар балаларға барынша жылы қабақ танытқаны дұрыс. Жалпы өз пайғамбарымыз бала тәрбиесінде төрт тіректі қолданған екен. Олар: балаға мейірімділік таныту мен сүйіспеншілік көрсету, балаға құлақ асу, балама нәрсе көрсету, тілек тілеу не балаға бата беру.

Жалпы гуманист сөзі XV ғасырдың соңында пайда болған, ал гуманизм терминін педагог Ф.Нитхаммер енгізген. Гуманизм Қайта Өрлеу дәуірімен байланысты. Оның негізгі идеясы - ежелгі әдебиеттерді оқу, зерттеу арқылы адам табиғатын жақсарту. Он төртінші ғасырда Флоренцияда пайда болып, он бесінші ғасырда өзге Испания, Франция, Германия, Англияның кейбір қалаларына тарады. Гуманистер Петрарка, Бокаччо, Лоренцо Валла,

Л.Винчи, Монтень, Рабле, Шекспир, Сервантес, Роттердамский өз еңбектерінде адамның қадір-қасиеті туралы қызықты ойларын білдірген. Мысалы, Л.Валла гуманист үшін қажетті бес маңызды жағдай туралы айтады: білімді адамдармен қарым-қатынас, кітаптың молдығы, жайлы орын, бос уақыт, жан тыныштығы, яғни жан дүниенді білім мен даналыққа толтыруға деген даярлықтың болуы. Олар адам баласы таным, даналық арқылы бақытқа жетеді деп түсінеді. Біздің қазақ даласында он төртінші ғасырда өмір сүрген мәмілегер жырау Сыпыраның жырларында да гуманистік сарын басым. Мәселен, «Уа, хан ием, хан ием» деген жырында ханды адамгершілік тұғырға шақырып, әдемі ойларын көркем тілмен береді:

Қанды көрсе қалтырар қырғи құстың баласы.

Таңды көрсе, шарқ ұрар бұлбұл құстың баласы.

Оқ жарасы бітсе де, бітпес сөздің жарасы.

...Қызыға берме ұрысқа, зияны тиер ырысқа.

Себепсіз еш ұрыс болмас, ұрыс болса, тұрыс болмас.

Қырғи болып құтырып, қызыл етті аңсама.

Қаршыға болып құтырып, қасқыр етін аңсама.

Тұйғын болып құтырып, түлкі етін аңсама.[2, б. 10.]

Ал Бұқар жыраудың бас тақырыбы: дүние көркі — адам, адам көркі — оның жасар игілігі, белді қасиеттері; дүние – бай мен жарлы-жақыбайға ортақ, алма-кезек, мұнда мәңгі байлық та, жарлық та, көптік те, жалғыздық та жоқ. Адамның табиғатынан белсенді тұлға екендігіне жырау айрықша мән береді. Адамзаттың баласы

Атадан алтау тумас па,

Атадан алтау туғанмен

Оның ішінде біреуі арыстан болмас па!

Арыстанның барында

Жорғасы болса мінісіп,

Торқасы болса киісіп,

Толғамалы қамшы алып,

Толғай да толғай дәурен сүрмес пе [2, б.44 ], – деген

толғауы осы ойдың айғағындай.

Гуманизм туралы қорытындылай айтсақ, тек ежелгі классикалық әдебиеттерді оқу және соған сай әрекет ету арқылы ғана адам өзін жақсылыққа бағыттай алады.

**4. Тәжірибе** – адамның әлеметтенуі барысында меңгерген білім, іскерлік, дағдысының жиынтығы. Адамның ішкі түйсінуі, сезімі, қабылдауы, қиялынан, іске асыруынан өткен идеялары. Адамның ішкі қазанында қайтап шыққан рухани азық десек болады. Жалпыны ойлау ниетінен туғандықтан жекеден шыққанымен жалпыға ортақ даналық.

«Даналықты білімнен гөрі ақыл-парасатпен өлшеген дұрыс. Білім оқумен келсе, ақыл-парасат тоқумен келеді; білгенінді ой елегінен өткізіп, тәжірибемен ұштастыру арқылы ақыл толысады», - дейді ғалым Тілекжан Рысқалиев[6, б. 26.] Білім қашанда өткінші, уақытша, относителді болып келсе, Даналық болса ешқашан да құнын жоймайды, тозбайды, ескірмейді. Даналардың сөздері қай кезде де жөн, актуальды. Білім жеке нәрселерді қамтыса, даналық жалпыны, жекелердің байланысын тұтас бейнелейді. Көпті көріп байқау, алысқа көз тастау, тереңге бойлау, заттар мен құбылыстардың мәніне үңілу – даналықтан, парасаттан күтеріміз осы. Осы тұста белгілі қоғам қайраткері Д.А.Қонаев туралы естеліктен мысал келтіре кетейік. 1949 жылы Сыр суы тасып, қаланы су басып кету қаупі туады. Қала сыртындағы үлкен бөгет судың тасқынына шыдамай бұзылады. Суды тоқтату үшін көп адамдар, техника жұмыс жасағанымен суды тоқтата алмайды. Бір күні дейді, - Қонаев, қасымызға бетін әжім басқан, еңкіш тартқан шал келді. Ол: -Босқа әуре боласындар. Бүйтіп жырынды суды тоқтата алмайсындар, оны қарабуралау керек, - дейді. Түсінбей аңтарылған адамдарға ол: - Он бес құлаш келетін арқанның төрт бесеуін жерге қатар жаю керек. Аралары шамамен бір метрдей болсын. Үстіне сабан төсеп, оның арасына шым (құм, тас) салу керек. Сосын киіз шиыршықтағандай етіп сабанды арқанмен

орап бойлап, су жырған жерді бітеу керек. Айтқандай тоған жасап, тасқын суды тоқтатады. Даналық деген осындай өмір сабағында.

Атақты неміс философы Иммануил Канттың ілімінде «априори» және «апостериори» деген екі ұғым бар. Біріншісі тәжірибеге дейінгі дегенді, екіншісі тәжірибеден кейінгі дегенді білдіреді. Мысалы, ол үшін ойлау категориялары (кеңістік, уақыт, себептілік, қажеттілік пен кездейсоқтық, мүмкіндік пен шындық және т.б.) адамға априори, яғни тәжірибеге дейін берілген деп саналады. Демек, адам ойы осы алдын-ала берілген арналармен ағылады, ойлаудың формалары, заңдылықтары, принциптері дәл осылар болып табылады. Ал тәжірибе арқылы (апостериори) қол жеткен фактілер осы ой формаларымен қамтылып, қорытылып жатады делінеді. Әрине, Канттың бұл айтқанымен толық келісе қою қиын, өйткені ойдың формалары (категориялар) адамзаттың мыңдаған жылдар бойы жинақтаған тәжірибесінің түйіндері, сол адамзат өмірі тарихының қойнауында қалыптасқан тастүйнектері. Рас, қазіргі уақытта жекелеген адам үшін олардың априори (тәжірибеге дейінгі) берілген болып қабылдануы әбден мүмкін. Дәл сол сияқты, біздің ойымызша, әрбір адам баласы үшін адалдық, әділдік, кісілік, ар-ұят, инабаттылық, обал, сауап сияқты өз ұғымдар жастайынан құлағына құйылып, бұлжымас өмір заңдылықтары ретінде, яғни априори берілген принциптер ретінде, жан дүниесіне терең енуі тиіс. Сонда ол мұндай ұғымдарға ұйып, өмір бойы соларды берік ұстап, көздің қарашығындай сақтап, баптап өтетін болады. Өмірмәнділік мәселелерді соларға орай шешіп, іс-әрекет жасайтын болады. Бұрынғы заманда қазақи тәлім-тәрбие осы қалыптас болатын. Үлкенді сыйлау, біреудің ала жібін аттамау, әділдікке бас ұру, таза, адал болу, әлсізді мүсіркеу, қол үшін беруге әрдайым даяр болу, инабатты өмір салтына ден қою, міне, осындай және осы сыбайлас қасиеттерге баулу қазақи тәрбиенің астарында жататын. Адам, дейді Монтень, оқыған, білгенін ішінде ғана сақтамай басқалармен бөлісуі, пікір алысуы керек. Сонда ғана білім сіңеді, адамның игілігіне айналады. Біздер, дейді Монтень, әдетте өзімізбен өзіміз болып, ойға шомғанды жақсы көреміз, өзімізбен өзіміз томаға тұйық болғанды қалаймыз. Сөйтіп, ой-өрісіміз тым тар болып келеді, көз алдымыздағыдан басқаны көре алмаймыз. Сократтан қайда туғанын сұрапты. Ол: - «Афинаданмын» демепті, «Әлем түлегімін» деп жауап беріпті. Сөйтіп, осы ой-өрісі сондай кең, әрі бай данышпан әлемді өзінің туған қаласындай көріп, оған, бүкіл адамзатқа өзінің бар білімін, махаббатын, қажет болғанда өмірін қиыпты.

Қай сұрақтың болсын мағынасына тереңінен үңілу керек. Қазақта сөз бар: «Түйеші тайы мен тайлағын айтады, шаштараз қайшы мен қайрағын айтады. Ал есік алдында отырған қариялар қайдағы мен жайдағыны айтады» - деген. Осы «қайдағы мен жайдағыда» терең мән бар: өмір туралы, адам туралы, бұрынғы мен бүгінгі туралы, жақсы-жаман туралы әңгіме болады. Мұның тәжірибеге тікелей қатысы бар.

**5. Құндылықтар.** Адамның негізгі құндылықтары қандай, олар немен айқындалады? Адам әділеттілік пен шындықты неге адам өмірінің жоғары құндылығына бағалаған? Өйткені адалдық бар жерде қанағат, бақ-дәулет, парасат та бар. Адалдық сан ғасыр жырлаған ғұламалардың арманы болған. Йассауидің: «Қайда көңілі сынық, ренжулі адам көрсең, оны есірке, қайда жол үстінде зәбірленген, сондай ренжулі адамдарды көрсең, оларға жолдастық көмек көрсет, жәрдемдес», - деген хикметінен адам жүрегін жұмсартатын мейірім деген қасиетке үгіттеуін көреміз. Мейірім - адамдардың тән саулығы, жан саулығы, рух қуаттылығын сақтайтын қобдишаның кілті сықылды. Мейірім бар жерде махаббат та болады. Адал үлкен махаббат қана ең басты құндылық болып келеді. Осы қағиданы таныған адамдар ақиқат жолында болмақ, яғни қандай қызметпен айналысса да ренжімей, қиналмай атқарады (үй тазалаудан бастап... бала оқытуға дейінгі). Дана халқымыз ол туралы: «Ерден ердің несі артық – бір-ақ ауыз сөзі артық, Әйелден әйелдің несі артық – тыныш атқарған ісі артық».

Құндылықтар қоғам және адам үшін ең маңызды әдеттер, нормалар мен мағыналар қызметін өзіне бағындырады, реттейді. Сонымен қатар құндылықтар бағыт беру рөлін атқарады. Адам өзін қоршаған заттық және рухани әлемді құндылықтар арқылы

бағалайды. Құндылықтық сана заттың біз үшін қаншалықты бағалы, оның құндылығы неде екенін зерттейді.

Мәселен, француз ойшылы Мишель Монтеннің өзі туралы жазған «Тәжірибе» еңбегі адамзатқа құнды еңбек. Өйткені онда *ойлау еркіндігі, шындыққа сәйкестік* деген қағидалар негізгі болып келеді. Ал олар негізгі құндылықтар екендігі даусыз. Енді Монтень сөйлесін: «көбімізге, Сократ айтқандай, тек қана өмірде пайдаға асатын нәрселерді білгеніміз жеткілікті.... Ең алдымен жасөспірімге ақылды және жақсы болу үшін не істеу керектігін ұқтыру керек; содан кейін оны логиканың, физиканың, геометрияның және риториканың негіздерімен таныстыру керек. Білім – процесс. Ол білмеуден, таңданудан басталады. Білместік – білімнің басы да соңы да. Осы ойымен ол таным процесінің күрделілігін айтқысы келеді. Мысалы мысықпен ойнап отырған адам мысық оны ермек етіп отыр ма білмейді» [6, б. 138].

Дәстүр мен мәдениет – ұлттың генетикалық коды. Біздің қоғамда әртүрлі мәдени элементтер бір-бірімен біріккен және бірін-бірі толықтырып тұрады, біріне-бірі нәр беріп тұрады. Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді осы әралуандығымен және ұлылығымен қосып қорғауымыз керек. Тұлғаның дамуы мен әлеуметтенуінде әр халықтың және бүкіл адамзаттың рухани және материалдық өмір саласындағы байлығы – этникалық мәдениет сарқылмайтын мүмкіндіктерге ие.

Қорыта айтатын болсақ, әлеуметтендіру – өзгеден ілгенінді өз меншігіне айналдыру негізінде, халық сынынан өту арқылы, өмірде өз орныңды табу деген сөз. Ол үшін адам кең пейілді болуы шарт (Ибраһим Құнанбаев тілінде ол жәуанмәртлік). Кең пейілділік үш асыл қасиеттен құралады, олар: шындық, жомарттық және даналық. Бұлар әр адамның бойында бар. Тек гүлдендіру үшін талап, ізденіс деген құрал қажет.

Егер осы үдерісті қолға алмасақ, әлеуметтенбеген (өтірікші, сараң, ашушан) адамдар санатында боларымыз хақ. Сондықтан Сыпыра жырау айтқандай: Би қасында биік, Ел ішінде иық бола білейік! Және бір айта кететін құнды ой: адам әлеуметтену аясында уақытқа байланысты үш топқа бөлінеді, бірі және бірегейі өз өмірін болашақпен байланыстырған адамдар. Олар уақытты босқа өткізбейді, шығармашылықпен айналысады; екіншілері өз өмірін қазіргі уақытпен байланыстырады, яғни күйбең тірлікпен әуестенетіндер; үшіншілері өмірін өткен шақпен байланыстырып, өкініштен арыла алмай, қор болады. Оқы да ойлан!

#### Әдебиеттер

1. Рапацквич Е.С. Золотая книга педагога. Под общ.ред. А.П.Астахова. -Минск: Современная школа, 2010.-720 с.
2. Жеті ғасыр жырлайды: екі томдық. Құрастырған Е. Дүйсенбайұлы.- Алматы: Жазушы, 2008. 1том.- 400 бет.
3. Қоңырбаева С.С. Отбасы: бала мен ата-ана - Алматы, 2006.- 199 бет.
4. Серия «Эрудит». Язык и фольклор. – М.: ООО «ГД «Издательство Мир книги», 2006.- 192 с.: ил.
5. Жолдыбайұлы Қ. Имани гүл. - Астана: Изд.АСТ Полиграф, 2011.- 384 бет
6. Рысқалиев Т.Х. Даналық пен түсініктің үлгілері (философия тарихына шолу) Алматы: «Ақыл кітабы», 1999.- 240 бет.

## Ашық сабақ мәселелері

С.Е.Қаңтарбай

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе қаласы, Қазақстан*

*В статье рассматриваются особенности открытого урока от обычного урока.  
The article considers peculiarities of a demo lesson as compared to an everyday lesson.*

Ключевые слова: *открытый урок, методическая работа, педагогический опыт.*  
Key words: *a demo lesson, methodical work, pedagogical experience.*

Педагогикалық процесті демократияландыру, ізгілендіру оқу-тәрбие жұмысының қандай да саласын болса да жаңаша құруды талап етеді. Сол жаңа талаптарға бағыттай ашық сабақ және сабақ өткізу әрбір мұғалімнің шығармашылық деңгейіне тәуелді екендігі баршамызға белгілі.

Тәжірибе көрсеткендей кейбір мұғалімдердің ашық сабақ пен сабақ ұғымын айыра алмайтындығы байқалады.

Демек, оларды ашық сабақтың табиғатын жете меңгермегені деп түсінгеніміз жөн.

Осыған орай ашық сабақ пен сабақтың өзіндік ерекшеліктеріне тоқтауды жөн көрдік.

Ашық сабақ - әдістемелік жұмыстың тиімді жолдарының бірі, баршаға тәжірибе мектебі екені де белгілі, әсіресе, жас мұғалімдер үшін.

Тәжірибе көрсеткендей, ғылыми негізде ұйымдастырылған ашық сабақтың берері мол.

Ашық сабақтың мынадай мақсатта өткізілетінін есте сақтағанымыз дұрыс:

- мұғалімдердің іс-тәжірибесін зерттеу, жинақтау, тарату;
- озат іс-тәжірибені шығармашылық тұрғыда іске асырудың жолдарын көрсету;
- шеше алмай жүрген педагогикалық мәселелердің шешу жолдарына кәміл сендіру.

Ашық сабақ әдістемелік жұмыстың бір түрі ретінде жоспарлы түрде жүргізіледі. Ал, сабақ – оқу жұмысын ұйымдастырудың негізгі формасы, оның өзіндік белгілері және құрылымы бар. Ол педагогикалық әдебиеттерде толық қарастырылған. Мысалы, сабақ – оқу процесін ұйымдастырудың ең тиімді формасы [1].

Енді ашық сабақты кім жоспарлайтындығына тоқталайық, оның да өзіндік ерекшеліктері бар. Ашық сабақты белгілі бір мақсат негізінде мектеп басшылары, оқу-әдістемелік бірлестіктің жетекшілері, сондай-ақ мұғалімнің өзі де жоспарлауы мүмкін. Әдетте, мектеп тәжірибесінде үшеуі де орын алған. Бұл – құптарлық іс, себебі жаңалықтың жаршысы болу әр мұғалімнің төл міндеті.

Ашық сабақтың тақырыбын, мақсатын педагогикалық ұжымның мүмкіншілігіне, қажеттілігіне қарай анықтаған дұрыс болады.

Көпшілік жағдайда ашық сабақтың тақырыбын анықтау мұғалімдердің өздеріне тапсырылады. Мұның қандай тиімді жақтары бар? Біріншіден, мұғалім уақыт рухына сай өз мүмкіншілігін, қабілеттілік дәрежесін, шығармашылық ізденістерін ортаға салып, ұжымдық пікірге ие болады. Екіншіден, өзі шеше алмай жүрген педагогикалық мәселелеріне әріптестерінің ой бөлісулеріне ие болып, оңтайлы болашаққа нәр алады. Үшіншіден, мектеп басшылары, оқу-әдістемелік бірлестік жетекшілерінің тілектеріне орай педагогикалық ізденістерінің тиімді жаңалық жақтарының ішкі сырын ашуға жағдай жасалынады.

Мектеп басшылары, оқу-әдістемелік бірлестік жетекшілері бағдарламаның кейбір өте ауыр тақырыптарын өтудің тиімді жолдарын іздестіру мақсатында да, сондай-ақ мұғалімнің тілек-өтінішіне қарай ашық сабақ ұйымдастырылуы мүмкін. Осындай жағдайлардың мектеп тәжірибесінен кең өріс алғаны игілікті іс, жалғасын табады деген сенімдеміз.

Тәжірибе көрсеткендей мұғалімдердің өзара сабаққа қатысуы мен ашық сабақ өткізуде мақсатын анықтап, оларға талдау жасауда да кейбір түсінбеушіліктер кездесіп қалып отырады. Осыған орай, осы ерекшеліктерге тоқталғанымыз жөн болар.

Өзара сабаққа қатысуда да, ашық сабақ өткізуде де мұғалім, оқу-әдістемелік бірлестіктің жетекшілері, мектеп басшылары да нақтылы мақсатты анықтап алулары керек. Себебі, сабақ барысында ашық сабақтың негізгі бағдар белгіленіп, алған мақсат төңірегінде болуы тиіс. Демек, сабақты талқылағанда, талдағанда, қорытындыға ой тұжырымын тізгенде, ұсыныс-тілектер білдіруде мақсат негізгі ойға тиек болуы тиіс. Осыған орай сабақтың сан алуан сырларына зейін аударылмауы керек деген пікір тұмауы тиіс. Олар да бағдарда болады, бірақ зейін ашық сабақтың мақсатына бағытталуы керек.

Жай өзара сабаққа қатысу мен ашық сабақ мақсатының өзіндік ерекшеліктері бар. Ашық сабақтың қандай мақсатта өтетіндігін жалпылама бағытта жоғарыда тоқталған едік. Енді нақтылы түрде бірнеше мысал келтіргеніміз орынды болар. Олар:

- оқушының танымдық белсенділігін, оқуға деген ынтасын оятудың тиімді әдістері мен тәсілдерін тәжірибеде көрсету;
- ғылыми деректерді орынды пайдалана білу жолдарын негіздеу;
- көрнекі және техникалық құралдарды пайдалана білудің ұтымды жолдарын ұсыну;
- озат іс-тәжірибені шығармашылық жолмен іске асырудың жолдарын белгілеу;
- сабақты ұлттық ойындар негізінде өткізудің жолдарын көрсету;
- қабілетті оқушылармен жұмыс ұйымдастырудың тиімді жолдарын анықтау;
- дарынды оқушылармен жүргізілетін жұмыстардың түрлерін тәжірибеде негіздеу;
- ғылым жаңалықтары мен озат тәжірибені қолдана білудің тиімді жолдарын анықтау;
- оқу қызметін толық қалыптастыру арқылы оқушының оқуға ынтасын ояту, қызығушылығын да дамытудың жолдарын дәлелдеу;
- дамыта оқытудың әдіс-тәсілдері;
- адамгершілік қазыналарды игерудің ұтымды әдістерін көрсету;
- оқушылардың өз білімін өзі бағалаудың тәсілдерін қарастыру, т.б.

Демек, ашық сабақ барысында сан алуан міндеттерді шешуге болады. Демек, ашық сабақтың мақсатын әр түрлі қырынан анықтауға болады.

Ашық сабақтың ерекшеліктерін айта келіп, мынандай қорытындыны ұсынуға болады:

- ашық сабақ – әдістемелік жұмыстың түрі;
- ашық сабақтың мақсатының шынайы сабақ барысында жүзеге асуы;
- сабақ-оқыту жұмысын ұйымдастырудың формасы;
- ашық сабақ мектеп басшыларының өтініші бойынша жоспарлануы;
- ашық сабақтың мұғалімнің өз өтініші бойынша жоспарлануы;
- ашық сабақтың оқу бағдарламасының қиын тақырыбы бойынша жоспарлануы.

### Әдебиеттер

1. Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика: оқулық.-Алматы, 2005.-228 бет.
2. Қаңтарбай С.Е.. Бастауыш сыныптарда сабаққа талдау жасау әдістемесі.-Ақтөбе, 1994. -21 бет.



УДК-371.315.7

## **АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯНЫ БІЛІМ КЕҢІСТІГІНДЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Ж.Ж.Сарқұлова**

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті  
Ақтөбе қаласы, Қазақстан*

*В данной статье исследуются эффективность и особенности использования информационной коммуникативной технологии в образовательном пространстве. The article studies efficiency and peculiarities of using information communication technologies in educational environment.*

*Ключевые слова: компьютер, интерактивная доска, дистанционное обучение, информационные коммуникативные технологии.*  
*Key words: computer, interactive blackboard, e-learning, information communication technologies.*

Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Келешек қоғамымыздың мүшелері – жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру қоғамның алдында тұрған ең басты міндет.

Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталды. Қазақстан Республикасы да ғылыми-техникалық прогрестің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді. Қоғамды ақпараттандыру – экономиканың, ғылымның, мәдениеттің дамуының негізгі шарттарының бірі. Осы мәселені шешудегі басты рөл мектепке жүктеледі.

Білім берудің маңызды шарты жергілікті мектептердегі педагогикалық психологиялық қызметінің ақпараттық мәдениетін, оқу процесінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыра отырып, өздігінен білім алу құштарлығын дамыту болып табылады. Жаңа ғасырдағы жергілікті мектеп алдындағы міндет – егеменді еліміздің жас ұрпағын жан-жақты дамыта отырып тәрбиелеу. «Елімізді 2050 жылы барысқа айналдыратын күш – мектеп партасында отырған оқушылар мен 15-20 жас аралығындағы жастар» деп Елбасымыз бекер айтқан жоқ [1]. Өйткені Қазақстанның бүгіні мен ертеңі жас ұрпақтың еншісінде. Ал жас ұрпақты жан-жақты, терең білімді, интеллекулдық деңгейін жоғары етіп қалыптастырудың бірден бір жолы – оқушыға білімді терең игертудің тиімді әдіс – тәсілдерін іздестіру, шығармашылыққа жетелеу. Бұл ретте мұғалімнің терең біліктілігі қажет. Біліктілік – бұл білімдегі, тәжірибедегі, берілген білімді меңгертудегі бейімділік, құндылықты бейнелейтін жалпы қабілеттілік. Қоғамның қарқынды дамуы, көбіне оның білімімен және мәдениетімен анықталады. Сондықтан, білім жүйесін құру, қоғамды мына күнде дамып отырған компьютерлендірілген әлемге дайындау – бүгінгі күннің ең негізгі және өзекті мәселесі. Сол сияқты жергілікті мектептердегі педагогикалық психологиялық қызметінің ақпараттық мәдениетін дамыту оқушылардың қабілетіне де ерекше әсер етеді.

Білім беру жүйесінің басты мақсаты – білім алушының оқу материалдарын толық меңгеруі үшін оқу материалдарының практикалық жағынан тиімді ұсынылуына мүмкіндік беру. Бұл мақсаттарға жету жолында педагогикалық психологиялық қызметінің ақпараттық мәдениетінің дамуы арқылы оқытуды пайдалануға болады, сонда педагог өзі білетін, өзі жақсы меңгерген, бейімделген техникалық құралдарды сабақта тиімді қолданады[2]. Сондай-ақ, оқушы өзіне қажетті оқу материалдарын ақпараттық-коммуникациялық технологиялары арқылы іздеп таба отырып, толықтыра алады.

Қазіргі кезде жергілікті мектептерде педагогикалық психологиялық қызметінің ақпараттық мәдениетін дамуының жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникативтік технологиялар педагогтар қызметінің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. Білім берудегі ақпараттық коммуникативтік технологиялар ұғымы оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары, қазіргі ақпараттық оқыту технологиялары компьютерлік оқыту технологиялары және т.б., тіркестермен тығыз байланысты. «Баланың ынтасын арттыру үшін оқытылатын нәрседе бір жаңалық болуы керек» деп Ж. Аймауытов айтқандай әр сабақты жаңаша түрде өтуге ұмтылу қажеттігі туындайды. Ақпараттық коммуникативті технологияны әр мұғалім өз сабақтарына пайдалана отырып, оқушылардың білім, білік дағдыларын қалыптастыруға қызығушылығын арттырып, логикалық ойлау қабілетін дамытуға болады. Мұғалім мен оқушылардың шығармашылық ізденісіне мол мүмкіндік ашып, алған білімдерін өмірде қолдана білуге тәрбиелеу біздің басты міндетіміз. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникативтік байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Ақпараттық – коммуникативтік технологиялардың келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық қызметін жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол. Жедел дамып отырған ғылыми –техникалық прогресс қоғам өмірінің барлық салаларын ақпараттандырудың ғаламдық процесінің негізіне айналды[3].

Ақпараттық технологиялық дамуға және оның қарқынына экономиканың жағдайы, адамдардың тұрмыс деңгейі, ұлттық қауіпсіздік, бүкіл дүниежүзілік қауымдастықтағы мемлекеттің рөлі тәуелді болады. Тұтас дүние қалыптастыру мен қоғамдастықтар, жеке адам мен бүкіл дүниежүзілік қоғамдастықтың өмір сүруі үшін жаңа жағдайларды қамтамасыз етуде ақпараттық – коммуникативтік технологиялар маңызды роль атқарады. Заман ағымына қарай ақпараттық технологияларды қолдану айтарлықтай нәтижелер беруде. Кез келген сабақта электрондық оқулықты пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Осы орайда келешек қоғамымыздың мүшелері — жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру қоғамның алдында тұрған ең басты міндет. Ақпараттық коммуникативтік технологияны пайдаланып, оқыту құралдарында жаңа иллюстрация түрлерінің пайда болуы, қағаз тасымалдауыштарда бастырылып шығарылған, дәстүрлі оқулықтарда қолданылған алдыңғы тәсілдерден мүлдем бас тартуды білдірмейді. Дәстүрлі оқу кітаптарын иллюстрациялау және полиграфиялық безендендіру аймақтарында едәуір тәжірибе жинақталған. Осыған байланысты иллюстрацияның өзі, басылымның элементтерін кеңістікте топтастыру ерекшеліктері, жеке элементтердің басым көрсетілуі (көзбен қарағанда), қабылдаудың физиологиялық жақтары (баспаның айқындығы, қаріп ерекшеліктері т.б.) ерекшеленеді. Ақпараттық – коммуникативтік технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр.

Ақпараттық-коммуникативтік технология арқылы жалпы оқыту үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану арқылы мұғалім оқушының интеллектуалдық, рухани азаматтық және басқа да адами келбетінің қалыптастыруына игі әсерін тигізеді.

Ақпараттық технология – ізденімпаздыққа үйретеді. Сондықтан, бүгінгі компьютерлендірілген ғасырда ақпараттық-коммуникативтік технологиялар құзыреттілігін арттырып, пайдалану арқылы ғылымның кез-келген саласын жылдам дамытып, одан нақты тиімді нәтиже алуымызға болады. Дәстүрлі білім берумен қатар, қазіргі білім беру және ақпараттық технолгияларды негізделген дәстүрлі емес оқыту амал-

тәсілдері кеңінен қолданыла бастады. Бұл интернет- технологиялар немесе электронды білім беруге негізделген ашық және қашықтан оқыту жүйелері[4].

Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану – педагогикалық іс-әрекеттердің мазмұны мен формасын толықтыру негізінде оқыту үрдісін жетілдірудің бірден бір жолы. Сондықтан компьютерлік желілерді, интернет жүйесін, электрондық оқулықтарды, мультимедиалық технологияларды, қашықтан оқыту технологиясын пайдалану оқу орындарында ақпаратты-коммуникациялық технологиялар кеңістігін құруға жағдай жасайды.

Қашықтықтан оқытудың тиімділігі мектептегі мүмкіндігі шектеулі балалар үшін маңызы өте зор. Біздің мектептің үйден оқитын оқушылары толығымен компьютерленіп, жоғары жолақты интернет желісіне қосылған. Сол оқушылардың сынып оқушыларымен еркін сөйлесуіне жағдай жасалып, веб камерасы арқылы сабақты түсіндіріп, сынып оқушыларының түсіндірген сабақтарына бірге атсалысып отырады. Сонымен бірге электронды пошта арқылы берілген тапсырмаларды орындап, мұғалімге жібереді. Оқушының жұмысы тексеріліп, қосымша тапсырмалар алуына еркін жол ашылды. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Мультимедиялық оқулықтар біріншіден оқушылардың қызығушылығын арттырады, екіншіден зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге, тыңдауға және алған мағлұматты нақтылауға мүмкіндік береді, сонымен қатар оқушының білім алу кезеңінде оқу іс-әрекетіне белсенділігін арттыра түседі.

Ақпараттық коммуникативтік технологияны пайдалану жөніндегі қызметтің мақсаты үйренушінің шығармашылық әлеуметін дамыту; коммуникативтік әрекеттерге қабілетті болуды дамыту; сараптамалық – зерттеу қызметі дағдыларын дамыту; оқу қызметі мәдениетін дамыту; оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерін қарқындыландыру, оның тиімділігі мен сапасын арттыру; қазіргі қоғамның ақпараттануымен байланысты пайда болатын әлеуметтік тапсырысты өткізу. Ақпараттық коммуникативтік технологияны пайдаланудың мәні компьютерлік техниканың мүмкіндіктерін баланың жеке тұлғасын дамыту проблемасының маңына топтасқан дидактикалық әдістемелік проблемалық міндеттерді шешуге бағындыру болып табылатындай.

Қорыта келгенде, қазіргі кездегі жалпы білім беретін мектептердегі оқу-тәрбие үрдісінде әлеуметтік сұраныс технология деңгейінің жетістігін талап етеді, яғни оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнын модернизациялау деңгейінен (бағдарлама, оқулық, оқу курстары) өтіп, екінші саты-ақпараттық технология деңгейіне көтерілу. Ақпараттық технологияны қолданудың тиімді жақтарын зерттей отырып, үздіксіз жүйелі жұмыс жасау – білім субъектілерін дамытуда үлкен нәтижелерге жеткізеді, сонымен қатар білім сапасын да арттырады.

### **Әдебиеттер**

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» стратегиясы.
2. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Астана, 2010 жыл.
3. Қазақстан мектебі. №6, 2006 жыл.
4. Ержанова А. Білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану. –Алматы. 2005.

## ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ФОРМИРОВАНИЯ РЕЧЕВОЙ КУЛЬТУРЫ УЧАЩИХСЯ

Г.Б.Жукенова, Г. Ж.Суйналина

*Актюбинский региональный университет им. К.Жубанова*

*Хобдинская средняя школа*

*г. Актобе, Казахстан*

*Мақалада «сөз мәдениеті» және «сөйлеу мәдениеті» түсініктерінің мән-мағынасына терең талдау жасалған. Мұғалімнің сөйлеу мәдениеті оның коммуникативтік қызметі барысында байқалады. Сондықтан оған ана тілін жетік меңгеруімен қатар сөйлеу мәдениетін көтеру барысында психологиялық-педагогикалық жағдайларды ескере отырып өзін-өзі өрлетуі маңызды.*

*The article interprets the essence of the concept "standard of speech", "speech culture". The speech culture of the teacher is revealed in his communicative activity: i.e. in the course of pedagogical communication. Pedagogical culture is an essential feature of the teacher's personality and involves scaled constructs. The way to the establishment of the relations of cooperation between the pupil and the teacher is through the formation of the culture the teacher's speech, perfection of abilities to be fluent in the mother tongue in various situations of communication. Certain psychological and pedagogical conditions play a great role in the formation of speech culture.*

Кілт сөздер: сөз, сөз мәдениеті, сөйлеу мәдениеті.

Key words: *standard of speech, speech, speech culture*

Проблемы снижения культуры речи в нашей стране, тенденция к распространению жаргона и просторечия является актуальной, ей уделяется особое внимание, так как культура речи приобретает социальную значимость.

Повышение речевой культуры учащихся - одна из актуальных задач, стоящих перед современной системой образования. Известно, что одним из показателей уровня культуры человека, мышления, интеллекта является его речь, которая должна соответствовать языковым нормам.

Признание приоритета развития образования для цивилизации, отдельного государства, общества, каждого человека на сегодняшний день можно считать общепринятым фактом, подтверждение которому находится в основных законодательных актах и программных документах в области образования (Закон РК «Об образовании»), а также в научных публикациях (Б.С. Гершунский, Ю.В. Сенько, В.А. Ситаров, В.А. Слостенин, Е.Н. Шиянов и других ученых).

В послании президента Республики Казахстан Нурсултана Абишевича Назарбаева сказано «...мы обязаны сформировать передовую казахскую культуру новой эпохи, органичную и созвучную ценностям мировой культуры...» [1]. Следовательно, мы должны формировать мировоззрение и ориентированность на мировую культуру посредством воспитания через культуру народа, прививая патриотизм и принадлежность к своей стране подрастающему поколению.

В обществе формируется устойчивый и долговременный запрос на личность яркую и свободную, инициативную и высокопрофессиональную. Поэтому образование как социокультурный феномен должно быть нацелено не на формирование личности с заранее заданными свойствами и качествами, а на создание условий для полноценного развития потенциала человека, реализации его потребностей в самоизменении и самоопределении.

Проблема формирования речевой культуры речи имеет неодинаковое выражение в разных возрастных группах и распространяется в основном на школьников подросткового возраста. Следовательно, исключительной задачей всех образовательных учреждений и педагогов, работающих в них, является создание благоприятных условий для формирования и повышения речевой культуры.

Известно, что человек, будучи по своей природе существом социальным, не может жить вне связи с другими людьми: он должен советоваться, делиться мыслями, чувствами, а началом связи служит общение. Основным способом удовлетворения потребности ребенка в общении является речь. Для этого необходимо мотивировать желание детей быть образованными, а так же готовность осознанно прилагать к этому усилия.

Важным для этого коренного улучшения культуры речи будущего поколения является педагогический уровень мастерства и культуры речи учителя. В силу этого крайне важно, чтобы речь учителя была на высоком педагогическом уровне.

Формирование потребности быть культурным, мотивирование их учения, положительный, достойный пример преподавателя - это самый близкий путь к образованности нации, от которого во многом зависит благополучие нашей страны в частности, в будущем.

Развитие речевой культуры ориентирует учащегося не только на приобретение знаний, умений и навыков, но и на контроль за собственным развитием в контексте культурологической концепции. Основой речевой культуры, эталоном явлений, осознаваемых в качестве нормативных, признается литературный язык, где закрепились и накапливаются культурные традиции народа.

Проблема речевой культуры занимает значительное место не только в лингвистической науке, но также затрагивает вопросы психологии и педагогики и приобретает значимость для общества. Практически все стороны процессов воспитания и обучения опосредованы речевой культурой. Исходя из этого, педагогам необходимо создавать положительный фон для повышения культуры речи учащихся.

